

«НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРІ»
ДЕРБЕС БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ
ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ 2014 ЖЫЛ





«Біздің болашаққа барар жолымыз қазақстандықтардың әлеуетін ашатын жаңа мүмкіндіктер жасауға байланысты. XXI ғасырдағы дамыған ел дегеніміз – белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар. Бұл үшін біз не істеуіміз керек?

Біріншіден, барлық дамыған елдердің сапалы бірегей білім беру жүйесі бар. Ұлттық білім берудің барлық буынының сапасын жақсартуда бізді ауқымды жұмыс күтіп тұр.

Орта білім жүйесінде жалпы білім беретін мектептерді Назарбаев зияткерлік мектептеріндегі оқыту деңгейіне жеткізу керек.

Мектеп түлектері қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білуге тиіс. Оларды оқыту нәтижесі оқушылардың сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машығын игеру болуға тиіс.»

*Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың
Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жылғы 17 қаңтар
«Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ»*

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	4
2014 ЖЫЛДЫҢ ОҚИҒАЛАРЫ МЕН ФАКТІЛЕРІ	5
1. БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІ	6
1.1 Білім мазмұны	7
1.1.1 Интеграцияланған білім беру бағдарламасы	7
1.1.2 Халықаралық бакалавриат бағдарламасы	11
1.1.3 Үш тілде білім беру	14
1.1.4 Оқу-әдістемелік кешендер және цифрлық білім беру ресурстары	16
1.2 Оқушылар контингенті	20
1.2.1 Оқушыларды конкурстық іріктеу	21
1.2.2 Виртуалдық және каникулярлық мектептер	25
1.3 Педагог кадрлары	27
1.3.1 Мұғалімдерді конкурстық іріктеу	27
1.3.2 Шетелдік педагогтарды жалдау	27
1.3.3 Педагог қызметкерлерінің кәсіби дамуы	29
1.3.4 Педагогтарды аттестациялау	34
1.3.5 Педагог кадрларының сапалық құрамы	35
1.4 Тәрбие жұмысы	38
1.5 Элективті курстар және жазғы мектептер	43
1.6 Оқу ресурстары	46
1.7 Зияткерлік мектептерді аккредиттеу	48
1.8 Білім беру сапасын бағалау	49
1.8.1 Оқушылардың оқу жетістіктерін мониторингтеу	49
1.8.2 Критериалды бағалау жүйесі	55
1.8.3 Қорытынды аттестаттау	57
1.9 Оқушылардың оқу жетістіктерінің нәтижелері	63
1.9.1 Оқушылардың үлгерімі мен білім сапасы	63
1.9.2 Оқушылардың халықаралық және республикалық олимпиадаларға, ғылыми байқауларға, конференцияларға қатысу нәтижелері	64
1.9.3 Халықаралық емтихандар нәтижелері	65
1.9.4 Жоғары оқу орындарына түсу	67
2. ТӘЖІРИБЕ ТАРАТУ	69
2.1 Біліктілікті арттыру	69
2.2 Озық педагогикалық тәжірибемен алмасу	79
2.3 Орта білім мазмұнын жаңарту	85
3. БАСҚАРУ ЖӘНЕ МЕНЕДЖМЕНТ	88
4. «НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРІ» ДББҰ-НЫҢ ИМИДЖІН НЫҒАЙТУ	89
5. ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ ДАМУ	94
6. НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ	95

КІРІСПЕ

Жоғарғы Қамқоршылық кеңесінің 2013 жылғы 18 сәуірдегі шешімімен бекітілген, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының 2020 жылға дейінгі Даму стратегиясына (бұдан әрі – ДББҰ Даму стратегиясы) сәйкес **ДББҰ миссиясы** өзінде қазақтың озық салт-дәстүрін, халықаралық тәжірибе мен практиканы үйлестіретін, жаратылыстану-математикалық бағыттағы мектеп білімі жүйесінің инновациялық, көптілділік үлгісін әзірлеу және енгізу арқылы Қазақстанның зияткерлік әлеуетін арттыруға жағдай жасау.

ДББҰ Даму стратегиясында қарастырылған **Мақсат**:
Үздік қазақстандық және халықаралық тәжірибе мен дағдыны кіріктіретін, инновациялық білім беру моделін құрастыру және енгізу.

<http://www.nis.edu.kz/kz/about/str-doc/>

Мақсатқа қол жеткізу үшін **7 бағыт бойынша 9 міндет** белгіленді:

- | | |
|--------------------------------|---|
| 1) Басқару және менеджмент; | 5) Оқушылардың құрамын қалыптастыру; |
| 2) Оқыту және оқу; | 6) Зияткерлік мектептер желісін құру және дамыту; |
| 3) Білім беру сапасын бағалау; | 7) Тәжірибені тарату. |
| 4) Кәсіби даму; | |

Міндеттерді орындау 2014 жылға **55 көрсеткішке** қол жеткізумен анықталады.

Белгіленген көрсеткіштер мен міндеттерге қол жеткізуең бірінші Назарбаев зияткерлік мектептері оқушыларының білім сапасын арттыруға және жоғары оқу жетістіктеріне жетуіне бағытталған.

55 көрсеткіштен 47 (85,5%) көрсеткішке қол жеткізілді, объективті себептер бойынша алмасумен қол жеткізілген - 2 (3,6%), 50% және одан аса қол жеткізілген - 5 (9,1%), білім беру мазмұның жаңарту мерзімі өзгеруіне байланысты қол жеткізілмеген – 1 (1,8%) .

50% және одан аса қол жеткізілген және қол жеткізілмеген көрсеткіштер бойынша жұмыс жалғасатын болады және толық орындалғанға дейін жүргізіледі.

2014 жылы қол жеткізілген көрсеткіштердің мәніне қарамай, барлық бағыттар бойынша жұмыс 2015 жылы жалғасын табады.

Осы 2014 жылғы есепте жыл бойы жасалған жұмыс қарастырылады: алдағы өткен есептік кезеңмен нәтижелерді салыстыру; ДББҰ Даму стратегиясының проблемалық көрсеткіштері белгіленген; пайда болған проблемалық жағдайлар мен оларды шешу жолдары көрсетілген; 2015 жылға арналған жетістіктер мен жоспарлар¹.

Назарбаев Зияткерлік мектептері дербес ұйым ретінде қызмет еткен уақыт ішінде өзінің қалыптасуы мен дамуының қарапайым болмаса да, айтарлықтай табысты жолынан өтті.

2014 жыл мен жалпы бес жылдықтың қорытындылары Назарбаев зияткерлік мектептерінде білім беру жүйесін дамыту қызмет етудің барша бағыттары бойынша серпінді қарқынмен өсіп жатқанын куәландырады.

¹ Есептің электронды нұсқасы «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ сайтында орналасқан <http://www.nis.edu.kz/kz/about/reports/> Есеп алғаш рет бейне сюжеттерге, бейне материалдар мен куәландырылатын материалдарға сілтеме жасалып орындалған.

2014 ЖЫЛДЫҢ ОҚИҒАЛАРЫ МЕН ФАКТІЛЕРІ

- Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың Атырау қаласындағы Зияткерлік мектепке баруы;

<https://www.youtube.com/watch?v=k30sOUYsH5Y>

- Алматы қаласында физика-математика бағытында және Қостанай қаласында химия-биология бағытындағы жаңа Зияткерлік мектептердің ашылуы.

<http://khabar.kz/kz/zha-alytar-50/o-am/item/5836-ostanaj-alasynda-nazarbaev-ziyatkerlik-mektebi-ashyldy>


<http://www.31.kz/video/show/id/2935>

- Зияткерлік мектеп оқушыларының Робот техникасы бойынша Халықаралық олимпиадаға алғашқы рет қатысуы және 3 жүлделі орынды иеленуі.

<https://www.youtube.com/watch?v=wFEAvyKEHsw>

- «Бөбек» ұлттық ғылыми-практикалық, білім беру және сауықтыру орталығы, О.А. Жәутіков атындағы Республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған физика-математика орта мектеп-интернаты және Microsoft corporation компаниясымен Меморандумдар жасасуы.
- Зияткерлік мектептерде 2 367 адам қызмет атқарады (1 959 қазақстандық мұғалімдер, 351 шетел мұғалімдері, 57 – қосымша істеушілер).
- 11 446 оқушы оқиды.
- Семей қаласының физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектеп оқушыларының SAT 2 халықаралық емтиханында жоғары нәтиже көрсетіп, 800 ықтимал балдан – 800, 760 және 710 балдарын және үздік жас математик атағын алуы.
- Педагогикалық өлшеулер орталығы және Кембридж Халықаралық Емтихан Кеңесі сарапшыларымен бірлесіп өткізілген, Зияткерлік мектептердің 11 және 12- сынып оқушыларын сыртқы жиынтық бағалауын енгізу.
- үміткерлердің **90% «Алтын белгі» белгісін** дәлелдеуі.
- үміткерлердің **100% үздік аттестатты** дәлелдеуі.
- түлектердің **94%** грантқа түсуі.
- түлектердің **100%** жоғары оқу орындарына түсуі.

1. БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІ



1.1 Білім мазмұны

Зияткерлік мектептерде заманауи жағдайлар мен болашақта мүмкін болатын өзгерістерге жауап ретінде білім берудің инновациялық моделі қалыптасып келеді. Оқушының бойында құндылықтар мен жүйелі білім қалыптастыруға және оқу, тәжірибелік-өмірлік дағдыларды дамытуға бағытталған білім мазмұны аталған модельдің негізгі аспектісі болып табылады.

Дербес білім беру ұйымының Даму стратегиясы негізінде екі білім беру моделі жүзеге асырылуда:

- Кіріктірілген білім беру бағдарламасы;
- Халықаралық Бакалавриат Бағдарламасы.

1.1.1 Интеграцияланған білім беру бағдарламасы

2014 жылы Дербес білім беру ұйымының мамандары стратегиялық әріптес саналатын Кембридж университеті және Зияткерлік мектептердің мұғалімдерімен:

- Оқу бағдарламалары мен жоспарларды әзірлеу және өңдеу;
- Кіріктірілген білім беру бағдарламасын (бұдан әрі – Білім беру бағдарламасы) енгізуге дайындау және енгізу;
- Білім беру бағдарламасын енгізу мониторингін жүзеге асырды.

Оқу бағдарламалары мен жоспарларын әзірлеу және енгізу

Оқу бағдарламалары мен жоспарларды жетілдіру мақсатында оқу жылында Зияткерлік мектептердің мұғалімдері, оқушылары және әкімшілігімен кері байланыс ұйымдастырылды. Оған Білім беру бағдарламалары орталығының мамандары тарапынан сапалы сараптама жасалды. Оқу бағдарламалары мен жоспарларды талдап, оларға өзгерістер енгізу үшін аталған бағдарламаларды әзірлеуші Зияткерлік мектептер мұғалімдерінің қатысуымен 20 семинар-практикум ұйымдастырылды. Нәтижесінде оқу бағдарламаларының мазмұн көлемі, оқу мақсаттары мен логикалық жүйелілігіне қатысты шешімдер қабылданды. Қабылданған барлық шешімдер Кембридж Халықаралық Емтихан Кеңесінің сыртқы сараптамасынан өтті.



Жүргізілген жұмыс нәтижесінде:

- Бастауыш, негізгі және жоғары мектептердің барлық пәндері үшін 40 оқу бағдарлама қайта қаралып, өңделді;
- Бастауыш, негізгі және жоғары мектептердің 117 оқу жоспары қайта қаралып, өңделді;

- 4 оқу бағдарламасы әзірленді (негізгі мектептегі «Құқық негіздері» пәнінен – 1, бастауыш, негізгі және жоғары мектептегі «Дене тәрбиесі» пәнінен - 3);
- 8 оқу жоспары әзірленді (9 сыныпқа арналған «Құқық негіздері» пәнінен – 1, 1, 2, 7, 8, 9, 11 және 12 сыныптарға арналған «Дене тәрбиесі» пәнінен - 7).

«Дене тәрбиесі» пәнін қоспағанда 1 сыныптан 12 сыныпқа дейін барлық пәндерден оқу бағдарламалары әзірленді. Білім беру бағдарламасы, оқу бағдарламалары мен жоспарларды әзірлеу бойынша Дербес білім беру ұйымының Даму стратегиясындағы көрсеткішке қол жеткізілді. Бүгінгі таңда аталған көрсеткіш бойынша 210 құжат әзірленді.

Әзірленген Білім беру бағдарламасы күнделікті өмірмен байланысты жүзеге асырады және қоршаған ортаны біртұтас танып, қабылдауға бағытталған тәжірибелік, зертханалық зерттеу жұмысын, пәнаралық байланысты қамтамасыз етеді.

Аталған Білім беру бағдарламасы еліміздің жалпы білім беретін мектептеріне арналған бастауыш білім мемлекеттік стандартын және оқу бағдарламаларының жаңа жобасын әзірлеуге негіз болды.

Білім беру бағдарламасын енгізу

Білім беру бағдарламасы Зияткерлік мектептердің оқушылармен қатар, мұғалімдерінің де дайындық деңгейіне жоғары талаптар қоюына байланысты, аталған бағдарламаның енгізілуі бекітілген кестеге сәйкес кезеңімен жүргізіледі.

Білім беру бағдарламасын 2012 жылы 7 және 11 сыныптарда, ал 2013 жылы 1, 8 және 12 сыныптарда енгізу басталды. Сондай-ақ, 2014-2015 оқу жылында 2, 9 сыныптарда, «Дене тәрбиесі» пәнінен 1, 7 сыныптарда Білім беру бағдарламасын енгізу жалғасын тапты.

Егер 2013 жылы 14 Зияткерлік мектепте Білім беру бағдарламасын енгізу 58 % оқушыны (5 300-ден астам адам) қамтыса, ал 2014 жылы 15 Зияткерлік мектепте аталған көрсеткіш 87 % оқушыны (9 300-ден астам адам) құрады.

Үш тілде білім беруді жүзеге асыру, мұғалімдердің оқытуда қазіргі замандағы педагогикалық әдіс-тәсілдерді қолдануы (белсенді оқыту, командалық оқыту – team-teaching, пән мен тілді кіріктіріп оқыту тәсілдері), сабақтардың тәжірибелік бағдары, жаңа, оның ішінде кіріктірілген пәндерді оқыту Білім беру бағдарламасын енгізудің ерекшеліктері болып табылады.

Білім беру бағдарламасын енгізуде Зияткерлік мектептерге қолдау көрсету үшін педагогтар жыл сайын оқытылады. Жазғы каникул уақытында ҚХЕК халықаралық кеңесшілерімен **32 тренинг** өткізілді, аталған тренингтерде:

- бүкіл пәндерден 2-9 сыныптар үшін;
- «Жаһандық перспективалар мен жобалау жұмысы» пәнінен 11-12 сыныптар үшін;
- «Дене тәрбиесі» пәнінен 1-7 сыныптар үшін Зияткерлік мектептердің **688 мұғалімі** оқытылды.



Білім беру бағдарламалары орталығының пән мамандары оқу бағдарламаларын енгізуде әдістемелік қолдау көрсету, әдістемелік құралдарды әзірлеу және педагогтарды оқытуда кәсіби деңгейге ие. Есеп беру кезеңде Білім беру бағдарламалары орталығы Зияткерлік мектептерден 7, 8, 11 және 12-сыныптардың 710 мұғалімі оқытылған 36 тренинг өткізді.

Тамыз айында жаңа ашылған Алматы қаласы физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектептің әкімшілігі мен мұғалімдеріне арналған Білім беру бағдарламасын енгізудің ерекшеліктерін түсіндіру семинары өткізілді.

Білім беру бағдарламаларын табысты енгізу мақсатында есеп беру кезеңінде:

- Зияткерлік мектептердің 1398 мұғаліміне 68 пән тренингтері өткізілді;
- Зияткерлік мектептердің мұғалімдері пәндер бойынша 15 әдістемелік және дидактикалық құралдармен қамтамасыз етілді.



<http://cep-forum.nis.edu.kz>

Тілдер бойынша Білім беру бағдарламасын, оқу бағдарламалары мен жоспарларының (216 құжат) апробациясы жүргізілді. Бұл тұрғыда дербес білім беру ұйымының Даму стратегиясындағы көрсеткішке қол жеткізілді.


Білім беру бағдарламасын енгізу мониторингі

Кэмбридж халықаралық емтихан кеңесінің қолдауымен Білім беру бағдарламасын, оқу бағдарламалары мен жоспарларын енгізудің мониторингін жүзеге асыру қорытындысы негізінде Білім беру бағдарламасын өңдеу жұмыстары жүзеге асырылады.

2013-2014 оқу жылының соңында 1, 8 және 12-сыныптарға арналған Білім беру бағдарламасын, оқу бағдарламалары мен жоспарларын енгізу мониторингі аяқталып, 2014-2015 оқу жылында 2 және 9-сыныптарда Білім беру бағдарламасын, оқу бағдарламалары мен жоспарларын енгізу мониторингі басталды.

Білім беру бағдарламасын енгізу мониторингі процесі мектеп әкімшілігі, әдістемелік бірлестіктердің жетекшілері, пәндердің үйлестірушілері, жергілікті және шетелдік мұғалімдер, мектеп психологтары, кураторлар, оқушылар, сонымен қатар оқушылардың ата-аналарынан:

- мектептерге бару,
- мұғалімдер, оқушылар, мектеп әкімшілігі және ата-аналармен сұхбат жүргізу,
- сабақтарға қатысу,



- онлайн сауалдар өткізу,
- мұғалімдерді қолдау үшін онлайн форумдар арқылы ақпараттарды жинау негізінде жүзеге асырылады.

Сабақтарды бақылау, сауалнама мен сұхбат қорытындылары бойынша белсенді оқыту әдістері және сабақ берудің жаңа әдістерін пайдалану:

- оқушылардың ынтасын арттыратынын;
- оқушылардың коммуникация және еріптестік дағдыларын дамытатынын;
- сабақтың қызықты әрі сапалы өтуіне мүмкіндік беретінін көрсетіп отыр.



Сұхбат барысында оқушылардың басым көпшілігі екінші және үшінші тілді меңгеруде прогрестің бар екендігін атап отыр. Олардың пікірінше, тілдік пәндердің сабақтарында, екінші және үшінші тілде оқытылатын пәндерде мұғалімдердің педагогикалық тәсілдерді ұтымды пайдалануы аталған жетістікке қол жеткізуге мүмкіндік берді (мысалы, «Қазақстан тарихы» және «География» пәндері қазақ тілінде, «Дүниежүзі тарихы» орыс тілінде, жоғарғы сыныпта бейінді пәндер ағылшын тілінде оқытылады).

Онлайн сауалнама қорытындысы бойынша оқушылардың 94% екінші және үшінші тілде сабақ беретін мұғалімдердің қажетті тілдік қолдау көрсеткендігін атап өткен.

Сабақтарға бақылау жүргізу нәтижесі мұғалімдердің басым бөлігі 2013 жылы біліктілікті арттыру курстарында оқыған пән мен тілді кіріктіріп оқыту (CLIL) тәсілін тиімді пайдаланатынын растады.

Мұғалімдердің белсенді оқыту әдістерін тиімді қолданатынын атап өткен жөн. Сол себепті оқушылар сабақта белсенділік танытады, мұғалімге және бір-біріне сұрақтар қояды, сұрақтарға жауапты іздейді, ойланады, өздігінен қорытындылар жасап, жаңалықтар ашады.

Алайда, Білім беру бағдарламасын жүзеге асыруда қиындықтар да кездеседі.

Біріншіден, оқушылар мен мұғалімдердің тілдерді жеткілікті деңгейде меңгермеуіне байланысты.

Екіншіден, оқыту тәсілдерінің өзгеруі мұғалімнен пәндік, психология-педагогикалық білім мен педагогикалық шеберлікті талап етеді. Мұғалімдердің басым көпшілігінің кәсіби дамуы сабақты тиімді жоспарлау, оқу мақсаты мен сабақ мақсатына жету үшін оқытуда тұлғаға бағдарланған және дифференциция тәсілдерін қолдану, алдыңғы білімдерін белсендендіру, оқыту үшін бағалауды пайдалану, рефлексия жүргізу және кері байланысты ұсыну және т.б. сияқты бағыттарда әлі де жетілдіруді қажет етеді.

Мониторинг қорытындысы бойынша Зияткерлік мектептер мұғалімдерінің біліктілікті арттыру қажеттіліктеріне талдау жүргізіледі.

2015 жылға арналған жоспар:

- 3, 4, 5, 6 және 10-сыныптарға арналған «Дене тәрбиесі» пәні бойынша оқу жоспарларын әзірлеу.
- Зияткерлік мектептерде Білім беру бағдарламасын енгізу мониторингін жүзеге асыру.
- Бастауыш, негізгі және жоғарғы мектептерге арналған оқу бағдарламаларын, 2 және 9-сыныптарға арналған барлық пәндер бойынша оқу жоспарларын, сондай-ақ 11 және 12-сыныптарға арналған «Жаһандық перспективалар мен жобалау жұмысы», 1 және 7-сыныптарға арналған «Дене тәрбиесі» және 9-сыныпқа арналған «Құқық негіздері» пәндері бойынша оқу жоспарларын қайта қарау және толықтыру.
- 3 және 10-сыныптың барлық пәндері бойынша және 2, 3, 8-12-сыныптарға «Дене тәрбиесі» пәні бойынша Білім беру бағдарламасын енгізуге дайындау (КХЕК кеңесшілері мен БББО мамандарының қатысуымен).

1.1.2 Халықаралық бакалавриат бағдарламасы

ДББҰ Даму стратегиясына сәйкес Астана қаласының Зияткерлік мектебінде Халықаралық Бакалавриат бағдарламасы (бұдан әрі - ХБ) жүзеге асырылуда.

2013-2014 оқу жылында 11-сыныптарда **Дипломдық бағдарлама (DP)** бойынша оқыту басталды. Аталған бағдарламаның негізі алты пәндік топтан тұрады:

- 1-топ – Ана тілі (Қазақ, Орыс тілдері);
- 2-топ – Меңгерілетін тіл (Қазақ, Орыс, Ағылшын тілдері);
- 3-топ – Адам және қоғам (Дүниежүзі тарихы, Жаһандық қауымдастықтағы ақпараттық технологиялар);
- 4-топ – Ғылымдар (Биология, Химия, Физика);
- 5-топ – Математика;
- 6-топ – Өнер.



Сонымен қатар, бағдарлама үш негізгі компонентті қамтиды («Шығармашылық, әрекет және қоғамға қызмет ету», «Кеңейтілген эссе» және «Таным теориясы»), олар оқушылардың зерттеу дағдыларын, сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дамытады, қоршаған ортаға қамқор болуға баулиды. Бағдарламаның ерекшелігі жоғары сынып оқушыларын университетте оқуға дайындау дайындау болып табылады.

Мектепте **МҮР негізгі мектеп бағдарламасын авторизациялауға дайындау** бойынша жұмыс жүргізілді. Негізгі мектеп бағдарламасының мақсаты

- Жан-жақты тәрбие;
- Мәдениетаралық коммуникация;
- Ақпараттық білім болып табылады.

Аталған бағдарлама аясында мектеп келесі пәндерді ұсынады:

- Ана тілі (Қазақ, Орыс және Ағылшын тілдері);
- Меңгерілетін тіл (Қазақ, Орыс және Ағылшын тілдері);
- Математика;

- Гуманитарлық ғылымдар (Қазақстан тарихы, География, Дүниежүзі тарихы, Әлеуметтік ғылымдар, Экономика);
- Ғылымдар (Кіріктірілген ғылымдар, Биология, Физика және Химия);
- Дизайн (Дизайн, Компьютерлік ғылым және Технология);
- Өнер (Өнер және Драма);
- Дене тәрбиесі.



Бағдарламаның негізгі талаптарының бірі – толық түсінуге және білім алуға көмектесетін пәндер арасындағы байланысты қамтамасыз ету.

ХБ Дипломдық Бағдарламасын жүзеге асыру тәжірибесі көрсетіп отырғандай, оқушылардың зерттеу және пәнаралық байланысты таба білу дағдыларын дамыту мақсатында негізгі мектепте іске асырылатын оқыту тәсілдерін қайта қарау қажеттігі туындап отыр. Сонымен қатар, өздік жұмыс пен уақытты тиімді пайдалану дағдысына баса назар аударылуда, себебі бұл Дипломдық Бағдарламада оқу жетістігіне ықпал ететін негізгі факторлардың бірі.

Бұл ретте, Дипломдық Бағдарлама бойынша оқушылардың IELTS емтиханының нәтижелері өткен жылдардағы түлектердің нәтижелерінен анағұрлым жоғары екенін атап өту қажет, бұл тілдік дағдылардың жақсы дамығандығын білдіреді.

Сонымен қатар, мұғалімдердің біліктілігін арттыру жұмыстары жүргізілді. Мектеп мұғалімдерінің 80% астамы ХБ Бағдарламасы бойынша оқытудың 1, 2 және 3-деңгейдегі сертификаттарына ие болды.



Сондай-ақ ХБ Бағдарламасы, 2013 жылдың қыркүйек айында ашылған, Астана қаласының Халықаралық мектебінің бастауыш сыныптарында да енгізіледі.

Есептік кезең барысында РҮР ХБ бастауыш мектептің бағдарламасын авторизациялауға дайындау бойынша жұмыстар жүргізілді.

2014 жылдың қыркүйек айында Астана қаласының халықаралық мектебі РҮР ХБ бастауыш мектептің бағдарламасын авторизациялауға «үміткер-мектеп» мәртебесін алды.

Халықаралық Бакалавриат бағдарламасын таңдау РҮР бастауыш мектебі үшін:

- 1) оқушыларға зор академиялық мүмкіндіктерді ұсынады;
- 2) ең қатал академиялық стандарттарға жауап береді;

- 3) мазмұнын кез келген елдің ұлттық стандартына интеграциялауға мүмкіндік береді;
- 4) балаларды зерттеушілік қызмет пен тәжірибеге бағдарлап оқытуға негізделеді;
- 5) баланың ақыл, дене, рухани және эстетикалық қабілеттерінің үйлесімді дамуына бағыттайды.

РҮР шеңберінде оқыту алты пәндік сала бойынша жүргізіледі:

- математика;
- тілдер;
- қоғамтану;
- өнер;
- жаратылыстану;
- тұлғалық, әлеуметтік және дене шынықтыру білімі.

Тиімді оқыту және тұтастай түсінуді қалыптастыру мақсатына 6 транспәндік тақырыптар арқылы пәнаралық байланыс құрылады: «біз кіміз», «уақыт пен кеңістікте біз қайдамыз», «біз өзімізді қалай көрсетеміз», «әлем қалай жаратылған», «өз-өзімізді қалай ұйымдастырамыз», «ғаламшар – біздің ортақ үйіміз».

РҮР бағдарламасы баланың білім үдерісін ұнатуына, жаңа ақпарат пен идеяларға қызығушылық танытуына, өзінің табиғи білімге деген ынтасын ұдайы дамытып отыруына бағытталған. Бұл еркін ойлау, айқын әрі тез ойлау, жүйелі әрі нақты жеткізе білу қабілетін дамытуға мүмкіндік береді.



ХБ философиясы және стандарттарымен таныстыру мақсатында мектеп әкімшілігі мен мұғалімдері ХБ ресми семинарларына қатысты. Сонымен қатар, мектеп базасында РҮР бойынша халықаралық тренердің шақырылуымен семинар ұйымдастырылды.

Бастауыш мектеп мұғалімдері зерттеу бағдарламасы мен пәндер бойынша оқу бағдарламаларын құрастырды, ал оларды апробациялау үдерісі 2014 жылдың қыркүйек айынан басталды. Апробация нәтижесі бойынша толықтырулар мен өзгерістерді енгізу жоспарлануда.

2015 жылға арналған жоспар:

- Бастауыш және негізгі мектептер үшін ХБ бағдарламаларын авторизациялауға дайындау;
- Бастауыш мектепте оқу бағдарламаларына апробация жасау нәтижесі бойынша өзгерістер мен толықтыруларды енгізу;
- Мұғалімдердің біліктілігін арттыру мақсатында семинарларға, конференцияларға қатысу, ХБ мектептеріне бару.
- Халықаралық сарапшылар мен ХБ мектептерімен әріптестік жұмыстарын жалғастыру.

1.1.3 Үш тілде білім беру

Зияткерлік мектептерде көп мәдени тұлғаны қалыптастыру мақсатында үш тілде білім беруді енгізу ДББҰ қызметінде басым бағыттардың бірі болып табылады.

Үш тілде білім беру оны жүзеге асыру нұсқаулығына және Үш тілде білім беру саясатына, сонымен қатар командалық оқыту мен пәндік-интеграцияланған оқытуды (CLIL) қолдану нұсқаулығына сай іске асырылады.

Қазақ, орыс және ағылшын тілдері жеке пәндер сияқты оқытылып қана қоймай, басқа пәндерді оқу үшін қолданылады.

2014-2015 оқу жылында негізгі және жоғарғы мектептің пәндері үш тілде оқытылады:

- 4 пән қазақ тілінде оқытылады: «География», «Қазақстан тарихы», «Қазіргі әлемдегі Қазақстан» және «Құқық негіздері»;
- 2 пән орыс тілінде оқытылады: «Дүниежүзі тарихы» және «Информатика»;
- 7 пән ағылшын тілінде оқытылады: «Математика», «Химия», «Физика», «Биология», «Информатика», «Экономика», «Жаһандық перспективалар мен жобалау жұмысы».

Сонымен қатар, үштілділік сыныптан тыс шаралардың ажырамас бөлігі болып табылады, яғни драма үйірмелері, дебаттық клубтар, телестудиялар, жобаларды қорғау және т.б. шаралар үш тілде жүргізіледі. «Назарбаев Зияткерлік мектептері оқушыларына оқу үшін ұсынылған 100 кітап», «Wikipedia» және «TEDxNIS», «Discover Kazakhstan», «Туған елге тағзым» клубтары және т.б. сияқты сабақтан тыс жобалардың бірқатары тілдік дағдыларды қолдану мен дамытуға мүмкіндік береді.



Үш тілде білім беруді тиімді іске асыру мақсатында оқытудың әдістері мен технологиялары бойынша жыл сайын мұғалімдерге арналған біліктілікті арттыру курстары өткізіледі. Мұғалімдерді үш тілде білім беруге дайындау мақсатында Халықаралық кеңесшінің қатысуымен Қызылорда, Атырау, Шымкент, Алматы қалаларындағы Назарбаев Зияткерлік мектептерінің 210 мұғаліміне 4 семинар ұйымдастырылды.

Билингвальді білім беру саласындағы халықаралық сарапшылармен кездесу өткізілді, олар Зияткерлік мектептерде үш тілде білім беруді жүзеге асыру жөнінде шолу дайындады. Шолуға сәйкес қазіргі таңда жүзеге асып жатырған жүйелі жұмыс өз жалғасын тапқан кезде үш тілде білім беру моделі үш тілді жоғары деңгейде меңгеруге әкеледі.

Қазақ тіліне ерте жастан тілдік ортаға енгізу әдістерін енгізу

Тілдік ортаға енгізу әдістемесін жүзеге асыру 2012-2013 оқу жылы Талдықорған қаласындағы балабақша базасында, 2013-2014 оқу жылында Талдықорған және Көкшетау қалаларындағы Зияткерлік мектептерінің 1-сыныптарында басталды.

Балабақшада бақылауға анализ жасау барысында балалардың эмоциялық жай-күйінің жағымды динамикасын көрсетті. Тілдік ортаға біртіндеп енгізу бойынша кіші топ балалары қазақ тілін меңгерудің қанағаттанарлық деңгейін көрсетті, біртіндеп енгізудің орта тобы және толық енгізудің ересек тобы базалық біліммен қатар қазақ

тілін меңгерудің жақсы деңгейін көрсетті. Қазақ тілінің төл дыбыстарын айтуында, тіл қорының баюында оң қарқын байқалды. Балалар қызығушылықпен тақпақ айтады, ән шырқайды, әңгімеге араласуға тырысады.

Тілдік ортаға енгізу бойынша 1-сынып оқушылары қазақ тілін меңгерудің жақсы деңгейін көрсетті: олар қазақ тілін түсінеді, дұрыс әрекет етіп, жай сөйлемдермен жауап береді, қазақ тілінің төл дыбыстарын дұрыс айтады, өткен тақырыптар бойынша сөздік қорын қолданады, сөйлемді грамматикалық тұрғыдан дұрыс құрастыра алады.

Қазақ тіліне ерте жастан тілдік ортаға енгізу әдістемесін сәтті іске асыру мақсатында келесі іс-шаралар өткізілді:

- тілдік ортаға енгізу талаптарына негізделген 2-сыныпқа арналған кіріктірілген оқулықты әзірлеу және 1-сыныпқа арналған оқулықты толықтыру бойынша семинар;
- тілдік ортаға енгізу бағдарламасын іске асыру тәжірибесімен танысу мақсатында Эстонияға оқу іссапары;
- тілдік ортаға енгізу тренерлерін дайындау мақсатында халықаралық кеңесшілерінің қатысуымен семинар;
- мұғалімдерге әдістемелік және кәсіби қолдау көрсету мақсатында тілдік ортаға енгізу бағдарламасын іске асыруды талдау бойынша семинар-мониторинг.



Жұмыс қорытындысы бойынша:

- 2-сыныпқа жұмыс дәптерімен бірге «Менің ортам» атты кіріктірілген оқулық әзірленді;
- ұсыныстарды есепке алып, 1-сыныпқа жұмыс дәптерімен бірге «Менің ортам» атты кіріктірілген оқулық толықтырылды;
- тілдік ортаға енгізу әдістемесін іске асыруда мұғалімдерге қолдау жасау мақсатында оқу-әдістемелік құралдар мен хрестоматиялар дайындалды.

2015 жылға арналған жоспар:

- Республикамыздағы үш тілде білім берудің стратегиялық даму жоспары бойынша жұмысты жалғастыру;
- Зияткерлік мектептерде үш тілде білім беру саясатын жүзеге асыру мониторингі;
- Үш тілде білім беру жөніндегі құжаттарды қайта қарау;
- Талдықорған және Көкшетау қалаларындағы Зияткерлік мектептерінде 3-сыныпта қазақ тіліне ерте жастан тілдік ортаға енгізу бағдарламасы бойынша экспериментті жалғастыру;
- Үш тілде білім беруді іске асыруда қажетті әдістерді пайдалану үшін тілдік және тілдік емес пән мұғалімдерін оқыту;
- Тілдік ортаға енгізу бағдарламасы бойынша семинарлар ұйымдастыру;
- «Менің ортам» атты кіріктірілген оқулықты толықтыру.

1.1.4 Оқу-әдістемелік кешендер және цифрлық білім беру ресурстары

Білім беру бағдарламасын жүзеге асыруда оқу-әдістемелік кешендер мен цифрлық білім беру ресурстарын дайындау қоса жүргізіледі.

Оқу-әдістемелік кешендерді әзірлеу

Оқу-әдістемелік кешендерді дайындау стратегиялық серіктестер – Кембридж университетінің Баспасымен және Лондон Білім беру институтымен бірлесіп жүргізіледі.

2014 жыл ішінде оқу-әдістемелік кешеннің екі компоненті әзірленді: оқулық және мұғалімге арналған нұсқаулық.

<http://erc-nis.kz/kk/>

Ол үшін конкурстық іріктеу жүргізілді, 7-сынып үшін практик-мұғалімдер, филологтар, ғалымдардың ішінен келесі пәндер бойынша алты адамнан құралған құрастырушы-авторлар тобы жасақталды: «Математика», «Химия», «Физика», «Биология», «Информатика», «Өнер», «Дүниежүзі тарихы», «Қазақстан тарихы», «География».

Кадр әлеуетін арттыру

Жыл бойы құрастырушы-авторлар үшін оқыту семинарлары өткізілді. Тренингтерде авторлар мен редакторларды оқытумен қатар бастауыш және негізгі мектеп пәндері бойынша ОӘК әзірлеу, талқылау, толықтыру, ішкі сараптама жүргізу бойынша жұмыс жүргізілді.



Зияткерлік және жалпы орта білім беретін мектептер, колледж мұғалімдері арасынан бастауыш және негізгі мектеп пәндері бойынша 106 ОӘК құрастырушы-авторлар оқытылды.

Білім беру ресурстары орталығында (бұдан әрі - ББРО) аударма сапасын қолдау мақсатында құрамы 6 аудармашы және 6 редактордан тұратын аударма-редакциялық бөлімі қызмет етеді.

Есептік кезең барысында 12 713 беттен тұратын мәтін аударылды: қазақ тілінен орыс тіліне 2 356 бет, қазақ тілінен ағылшын тіліне 5 674 бет және ағылшын тілінен орыс тіліне 8 030 бет. ДББҰ стратегиясының даму көрсеткіші орындалды.



Жазбаша аудармадан басқа семинарларда және оқыту дәрістерінде ауызша ілеспелі аударма жасалды. Есептік кезең барысында аудармашылар 13 семинарға қатысты.

ДББҰ мен барлық орталықтар үшін бірыңғай үш тілді глоссарийді әзірлеу жұмысы басталды, яғни қолданыстағы терминдер мен анықтамалардың мағынасын бірдей түсіну үшін және материалдарды

дұрыс аудару үшін қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде ұсынылатын болады. Глоссарийдің бастапқы нұсқасын пайдалану ашық түрде электронды платформада орналастырылады.

Сонымен қатар, қазақ және орыс тілдерінде авторлар, редакторлар, корректорлардың қатысуымен 3 464 беттен тұратын оқу материалдары толық қаралды. Бірінші сыныпқа 5 пән бойынша ОӘК дизайны дайындалды және екінші сыныпқа арналған ОӘК екінші нұсқасын қайта оқу жүзеге асырылды.

Нормативтік және жұмыс процесіне қажетті өзге де құжаттар әзірленді: ОӘК және ЦББР құру жөнінде нұсқаулар, нұсқамалар, практикалық ұсыныстар және т.б.

Есептік кезең ішіндегі қызмет нәтижесінде:

Әзірленді:

- Оқу бағдарламалары негізінде 1-сыныптың 5 пәніне арналған ОӘК сынама нұсқасының қазақ және орыс тілдеріндегі 30 макеті;
- Оқу бағдарламалары негізінде 2-сыныптың 5 пәніне арналған қазақ және орыс тілдеріндегі ОӘК соңғы 30 авторлық нұсқасы (орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде);
- 7-сынып бойынша 8 пәнге арналған ОӘК сынама нұсқалары: «Математика», «Химия», «Физика», «Биология», «Информатика», «Өнер», «Дүниежүзі тарихы», «Қазақстан тарихы», «География»;
- 3-сыныпқа арналған 5 пән және тілдік пәндері бойынша 1-сыныпқа арналған «Қазақ тілі және әдебиеті» (бірінші тіл ретінде), «Орыс тілі және әдебиеті» (бірінші тіл ретінде), «Қазақ тілі» (екінші тіл ретінде), «Орыс тілі» (екінші тіл ретінде) ОӘК әзірлеу жұмыстары жалғасуда;
- Көкшетау және Талдықорған қалаларының Зияткерлік мектептеріне 1-сыныпқа арналған «Дүниетану», «Ғылымға кіріспе», «АКТ», Математика», «Өнер» пәндері бойынша ОӘК сынама нұсқасы апробациядан өткізуге берілді.

2015 жылға арналған жоспар:

- 2-сыныптың «Дүниетану», «Ғылымға кіріспе», «АКТ», «Математика», «Өнер» пәндері бойынша ОӘК сынама нұсқасын толықтыру, дизайн жасау және баспаға дайындау;
- 1-сыныптың «Қазақ тілі» (бірінші тіл), «Қазақ тілі» (екінші тіл), «Орыс тілі» (бірінші тіл), «Орыс тілі» (екінші тіл), «Ағылшын тілі» пәндері бойынша ОӘК сынама нұсқасын толықтыру, дизайн жасау және баспаға дайындау;
- 5 пән бойынша 1-2-сыныпқа арналған ОӘК апробациялау;
- Бастауыш мектеп пәндері бойынша 3-сыныпқа арналған ОӘК сараптама жасау;
- 4-сыныпқа арналған 5 пән бойынша ОӘК әзірлеу («Математика», «Ғылымға кіріспе», «Дүниетану», «АКТ» және «Өнер»);
- 7-сыныпқа арнап қазақ және орыс тілдерінде 9 пән бойынша ОӘК алғашқы жоба нұсқаларын толықтыру («Математика», «Химия», «Физика», «Биология», «Информатика», «Өнер», «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы», «География»);
- Авторлар мен редакторларға арналған оқыту семинарлары


Цифрлық білім беру ресурстарын (ЦББР) әзірлеу

ЦББР әзірлеуде негізгі күш кешенді оқыту және дамытатын ойындар, интерактивті оқу симуляторлары және виртуалды зертханаларға дайындауға бағытталып отыр.

Жұмыс барысында интерактивті виртуалды турлар, толықтырылған және виртуалды шындық қосымшалары, 3D технологиялар және анимациялық роликтер сияқты ЦББР белгілі бір түрлеріне қойылатын талаптар қайта қарастырылды.

Кіріктірілген білім беру бағдарламасына сәйкес бастауыш және негізгі мектептер үшін 196 ЦББР үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын) әзірлеу жұмыстары жүргізілуде.

<http://erc-nis.kz/kk/>



ЦББР оқыту және оқу процесінде пайдалану келесі мәселелерді шешуге мүмкіндік береді:

- ұсынылған тақырып бойынша білімді қолдану және тереңдету үшін қосымша және анықтамалық ақпараттың кең спектрін ұсыну;
- оқушыларға кері байланысты ұсыну және алу;
- оқушыларға алған білімдерін бағалау үшін көмек көрсету;
- мұғалімдерді заманауи ақпараттық технологияларды қолдануға тарту, АКТ меңгеру қажеттілігі және олармен тұрақты жұмыс жасай білуді қалыптастыру;
- материалды ұсынудың жаңа формасы арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру;
- оқушыларға ыңғайлы темп және материалды меңгеру деңгейін ескере отырып, тақырып бойынша білім алуға мүмкіндік жасау;
- оқушыға өзіне ыңғайлы уақытта заманауи технологиялар арқылы білімге қол жеткізуді арттыру;
- оқушының шығармашылық әлеуетін дамыту.

Цифрлық ресурстар HTML5/Javascript қолдануымен заманауи кроссплатформалық технологияларға бағытталып құрылады, яғни аппараттық платформада және/немесе операциялық жүйеде жұмыс істеу мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жүйеге қосылу жағдайы болмаған кезде, планшеттік құрылғыларда қосымшаларды қолайлы пайдалану мақсатында, сондай-ақ планшеттік құрылғылардың ерекше қасиеттерін пайдалану, iOS, Android, Windows сияқты операциялық жүйелер үшін «нативті» қосымшалар түрінде (белгілі бір платформа үшін арнайы әзірленетін) ЦББР нұсқалары шығарылады.

Әзірленіп жатқан цифрлық білім беру ресурстарына қойылатын негізгі талаптардың бірі - Experience API (Tin Can API) сияқты электронды оқыту саласында заманауи спецификация талаптарына сәйкес келу. Бұл оқушылардың үлгерімі туралы сапалы да терең талдау жүргізуге мүмкіндік береді.

ЦББР тарату үшін платформа әзірлеуін аяқтаған соң, яғни Learning Record Store бір бөлігі болып қалады, әзірленген барлық ресурстар ортақ жүйеге кіріктірілетін болады. Ал мұғалімдер мен оқушылар үшін білім беру ресурстары кез келген жерде, кез келген уақытта қол жетімді болады.

Аталған шаралармен қатар авторлық құқық нысандарын мемлекеттік тіркеуден өткізу жұмыстары да жүргізілуде.

Сондай-ақ, Педагогикалық білім базасы әзірленді, бұл жерде мұғалімге сабаққа дайындалуға қажетті барлық материалдар салынған.

<http://sk.nis.edu.kz/>

2015 жылға арналған жоспар:

- Бастауыш және негізгі мектепке арналған локализациямен 200 цифрлық білім беру ресурстарын әзірлеу;
- Локализациясыз бастауыш мектепке арналған 50 ЦББР дайындау;
- Виртуалдық шындық жүйесін және 3D анимациялық роликтерді әзірлеу;
- Бейінді пәндер бойынша негізгі мектепке арналған виртуалдық зертханаларды әзірлеу.

1.2 Оқушылар контингенті

2014 жылдың соңында 17 Зияткерлік мектепте 11 451 оқушы оқыды.

Кесте. Зияткерлік мектептерде сыныптар бөлінісіндегі оқушылардың саны
(2015 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша)

Мектептер	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып	11-сынып	12-сынып	Барлығы
Астана ФМБ					151	113	141	210	174		128	91	1 008
Астана ХБ							161	135	124	107		41	568
Ақтобе							97	93	197		186	136	709
Алматы ФМБ							96	265	234		167		762
Атырау							79	78	183		186	180	706
Қарағанды							80	93	201		175	166	715
Көкшетау	60	57			71	74	80	109	112		118	95	776
Қостанай									123		33		156
Қызылорда							119	177	151		151	101	699
Павлодар							133	132	153		79	163	660
Семей					66	49	80	137	164		111	83	690
Талдықорған	68	38	41	36	58	44	80	89	80		90	97	721
Тараз							139	119	183		153	104	698
Орал							80	94	97		175	133	579
Өскемен					80	59	138	103	88		107	67	642
Шымкент ФМБ							139	95	188		135	128	685
Шымкент ХББ							104	195	114		129	130	672
Барлығы	128	95	41	36	426	339	1 746	2 124	2 566	107	2 123	1 715	11 446

Зияткерлік мектептердегі оқушылар отбасыларының әлеуметтік-экономикалық мәртебесі келесі кестеде көрсетілген.

Кесте. Оқушылар отбасыларының әлеуметтік-экономикалық мәртебесі

Көрсеткіштер	Оқушылардың саны
Толық емес отбасылардың балалары	1 510
Көп балалы отбасылар балалары	2 106
Ата-анасы зейнеткер	335
Ата-анасының екеуі де жұмыссыз	222
Ата-аналары мүгедек	152
Қамқорлықтағы балалар	26
Мүгедек-балалар	19

Зияткерлік мектептер оқушыларының контингентін қалыптастыру үшін конкурстық іріктеу жүргізіледі.

1.2.1 Оқушыларды конкурстық іріктеу

2014 жылы 1-10 (11)-сыныптарда оқуға үміт білдірген 19 438 оқушы конкурстық іріктеуге қатысты. Олардың ішінен Зияткерлік мектептерге 4 549 адам түсті.

Бір орынға деген конкурс орташа алғанда 4 адамды құрады, бұл 2013 жылғы көрсеткішке тең.

Зияткерлік мектептердің 7-сыныптарына жаратылыстану-математикалық ғылымдарды оқуға қабілетті оқушыларды қабылдау мақсатында, Cito (Педагогикалық өлшеулер институты, Голландия) және СТУ (Джонс Хопкинс Университетінің дарынды жастар орталығы, АҚШ) Стратегиялық әріптестермен бірлесе әзірленген, конкурстық іріктеудің жүйесі қолданылады.

Оқушылардың жаратылыстану-математикалық ғылымдарды оқуға деген қабілеті:

- Зияткерлік мектептердің оқу бағдарламасының мазмұнын тиімді меңгеруге, кең спектрлі дағдыларды дамытуға және мектепте білім алған кезеңінде табысты болуға;
- Академиялық білім берудің көптеген салаларында және Математика, Физика, Химия, Биология, Медицина, Инженерия, Сәулет, Компьютерлік графика және т.б. кәсіби салаларда күнделікті міндеттерді шешуге мүмкіндік береді.

7-сыныпқа іріктеу жүйесі екі тестілеуден тұрады:

1. математика, қазақ, орыс және ағылшын тілдері бойынша пәндік тест. Тест тапсырмалары білімді бағалауға, оларды қолдана білу біліктеріне, оқушылардың функционалды сауаттылығына, математикалық ойлауға, оқу сауаттылығына бағытталған. Тапсырмалар мәтінінде әр түрлі өмірлік жағдайлар, диаграммалар, графиктер, суреттер қолданылған.
2. жаратылыстану-математикалық ғылымдарды оқу бойынша Қабілеттілік тесті оқушылардың келесі қабілеттерін бағалауға бағытталған:
 - логикалық және математикалық ойлау негізінде цифрларға сүйену;
 - объектілер арасындағы кеңістіктік байланысты түсіну және есте сақтау;
 - кеңістікте үш өлшемді объектілерді ойша айналдыру;
 - үш өлшемді фигураларды ойша қосу.

Нәтижелерді статистикалық өңдеу мақсатында халықаралық тәсілдерге сәйкес бағдарламалық қамтамасыз ету қолданылады. Бұл әрбір сұрақтың күрделілігін есептеп, қорытынды балдарды есептеуге, сапасыз сұрақтарды алып тастауға мүмкіндік береді және нәтижелерді апелляциясыз объективті бағалауды қамтамасыз етеді. Нәтижелерді осы сияқты стандартқа салып өңдеу, тестегі ең күрделі тапсырмаларды орындаған оқушыларға көп балл алуына мүмкіндік береді.

Жұмыстарды тексеру автоматтандырылған түрде жүзеге асырылады. Тексергеннен кейін жұмыстар штрих-код бойынша сәйкестендіріледі, ол іріктеуге қатысатын үміткер тіркелген кезде белгіленіп, әрбір үміткердің ЖН сәйкес келеді.

2014-2015 оқу жылына 7-сынып оқушыларын конкурстық іріктеудің қорытындылары

17 Назарбаев Зияткерлік мектептің 7-сыныптарына Қазақстан Республикасы Президентінің Грантына жарияланған конкурсқа еліміздің жалпы білім беретін мектептердің 14 458 алтыншы сынып оқушылары қатысты.

Зияткерлік мектептерге түсуге тілек білдіргендердің саны жыл сайын өсіп келеді. Егер 2011 жылы бір орынға жүргізілген конкурс 2,1 адамды құраса, 2014 жылы – 5,8 адамды құрады.

Кесте. Жылдар бойынша динамикада көрсетілген, Назарбаев Зияткерлік мектептерінің 7-сыныбына іріктеу үшін үміткерлердің саны

Конкурстік іріктеу	Үміткерлердің саны	Бос орындар саны	1 орынға деген конкурс
2011	1 496	720	2,1
2012	5 022	1 495	3,4
2013	12 436	2 464	5,0
2014	14 458	2 476	5,8

Пәндік тест қорытындылары:

Пәндік тест бойынша **орташа балл** максималды 1000 балдан 521,4 балды құрады.

Пәндік тест бойынша **ең жоғарғы орташа балл** Астана қаласы мектептері үміткерлерінің қоржынында (613,9). Пәндік тест бойынша **ең төмен орташа балл** Қызылорда қаласы мектептерінің үміткерлерінде (453,5). Бұл ретте **ең жоғары балл** Алматы қаласының (ФМБ) үміткерінде (973).

Қазақ тілінде білім алатын оқушылардың барлық пәндер бойынша нәтижелері, қазақ тілі пәнін қоспағанда, орыс тілінде білім алатын оқушылардың нәтижелерімен салыстырғанда төмен. Солай, қазақ тілінде білім алатын оқушылардың математика пәні бойынша орташа балы 152,6 құрады, ал орыс тілінде білім алатындарда – 174,7, ағылшын тілі бойынша 82,0 және тиісінше 103,6 балл.


Қабілеттілік тесті бойынша нәтижелер:

Қабілеттілік тесті бойынша **орташа балл** 64,3 құрады, бұл жерде максималды 134 балл.

Ең жоғарғы орташа балл Алматы (77,6) және Астана қаласының (77,6) үміткерлерінің қоржынында. **Ең төмен орташа балл** Қызылорда қаласы мектептерінің үміткерлерінде (53,1). Ең жоғары балды Алматы қаласының үміткері алды (129).

2014 жылы пәндік тест бойынша және қабілеттілік тесті бойынша оқушылардың нәтижесі 2013 жылдың нәтижесінен жоғары.

Диаграмма. 2013, 2014 жылдар ішінде пәндік тест пен қабілеттілік тестінің нәтижелері



Конкурсқа қатысу:

Грантқа жарияланған конкурсқа төмендегі балдарды жинаған оқушылар жіберіледі:

- математикадан максималды мүмкін балдың 35% (400 балдың 140 балы);
- цифрларға сүйену білігін бағалау бойынша қабілеттілік тесті тарауының максималды мүмкін балдың 40% (60 балдан 24 балл).

Екі тестілеудің қорытындысы бойынша үміткерлердің 50% (5 161 адам) **Грантқа жарияланған конкурсқа** қатысу үшін минималды балл шамасын алды, 73% Алматы қаласында және де не бары 33% Қызылорда қаласында.

Қабілеттері бойынша оқушылар тобы

Қабілеттілік тестісінің қорытындысы оқуға түскен оқушылардың жаратылыстану-математикалық ғылымдарды оқу қабілеттерінің деңгейі әр түрлі екенін көрсетті және сондықтан СТУ талаптарына сәйкес оларды 4 топқа бөлуге болады; ең жоғары, жоғары, орташа және жеткілікті.

Кесте. Оқушылардың қабілеттілігін сипаттау

Жаратылыстану-математикалық ғылымдарды оқуға қабілеттіліктің деңгейі	Сипаттама
Ең жоғары	Оқушылардың қабілеттерін жалпы білім беретін мектептердің 9-сыныбының 1% ең үздік оқушыларының жас шамасымен салыстыруға болады. Өз құрбыларына қарағанда шапшаң түрде жоғарғы оқу орындары бағдарламасы күрделілігінің жоғары деңгейдегі ақпарат пен оқу материалын қабылдау қабілетіне ие.
Жоғары	Оқушылардың қабілеттерін жалпы білім беретін мектептердің 9-сыныбының 25% ең үздік оқушыларының жас шамасымен салыстыруға болады. Өз құрбыларына қарағанда анағұрлым шапшаң жоғарғы мектеп бағдарламасы күрделілігінің жоғары деңгейдегі ақпарат пен оқу материалын қабылдау қабілетіне ие.
Орташа	Оқушылардың қабілеттерін жалпы білім беретін мектептердің 9-сыныбының 25% ең үздік оқушыларының тобына енбеген жас шамасымен салыстыруға болады. Ақпаратты және оқу материалын өз құрбылары деңгейінде қабылдау қабілетіне ие. Оқу процесін дұрыс ұйымдастырған кезде, мектепте үздік үлгерімді болуына қабілетті.
Жеткілікті	«Орташа» деңгейдің сипаттамасына сәйкес келеді, алайда кеңістіктік ойлаудағы қабілеті анағұрлым төмен болады. Оқу процесін дұрыс ұйымдастырған кезде, үздік үлгерімді болу қабілеті бар, алайда химия пәнінде сияқты абстрактік-логикалық ойлауды қажет ететін тапсырмаларды орындаған кезде қиыншылыққа тап бола алады.

Қабілеті жеткілікті және орташа деңгейдегі оқушылар тәуекел тобын құрайды.

2014 жылы Грантқа түскен оқушылар қабілет топтары бойынша төмендегідей бөлінді:

- Қабілетінің ең жоғары деңгейі - 23% оқушы;
- жоғары -47%;
- орташа-27%;
- жеткілікті-3%.

Оқушылар қабілеті деңгейінің ең жоғары үлесін - 59% Астана қаласының оқушылары құрды, ал Шымкент қаласының ХББ мектебінде не бары 10%. Қабілет деңгейі жеткілікті оқушылардың ең жоғары үлесі Қызылорда және Тараз қалаларында (8%).

7-сыныпқа оқушыларды пән білімдерін, дағдылары мен қабілеттерін бағалау негізінде конкурстық іріктеу жүйесі өзінің жоғары тиімділігін көрсетті, бұл 2013-2014 оқу жылының аяғында өткізілген әлеуметтік зерттеу нәтижелерімен расталады.

Қабілеттерін бағалау негізінде іріктелген оқушыларды, пән білімдерін бағалау негізінде ғана іріктелген оқушылармен салыстырғанда, барлық пәндер бойынша сапа көрсеткіштері анағұрлым жоғары болған.

Педагогтар арасында әлеуметтік сауал жүргізген кезде, қабілеттерін бағалау негізінде Зияткерлік мектептерге түскен балалар төлдаралық, стандартқа сай емес ойлаумен ерекшеленетін, өте белсенді, жаңа білімге құштар, өзіндік жұмысты жақсы көретінін көрсетті. Осындай оқушылармен жұмыс жасайтын мұғалімдерге сабақтың тәсілін, құрылымын, мазмұнын ауыстыруға тура келеді, себебі балалардың ақпаратты меңгеру жылдамдығы жоғары, олардың практикалық тапсырмалардан теориялық ережелерді өз бетімен шығаруға қабілеттері бар.

Есепті кезең ішінде:

- оқушының функционалдық сауаттылығын тексеруге, оқушыларда сандық сипаттамалармен пайдалану қабілеттерін анықтауға бағытталған, конкурстық іріктеудің тапсырмалары әзірленген;
- әзірленген конкурстық іріктеу тапсырмаларына апробация және сараптама жүргізілді;
- Зияткерлік мектептердің 1-10-сынып оқушыларының 9 конкурстық іріктелуі жүргізілді;
- 7-сынып үміткерлерінің 11 847 жұмысына статистикалық өңдеу және 8, 9, 10-сынып үміткерлерінің 1-турдағы 3 609 жұмысына статистикалық өңдеу жүргізілді;
- Конкурстық іріктеу нәтижелері бойынша талдамалық қорытындылар әзірленді;
- 7-сынып оқушыларының жаратылыстану-математикалық ғылымдарды оқуға деген қабілеттерін конкурстық іріктеу жүйесі барлық мектептерде қолданылады;
- Конкурстық іріктеуді жүргізуді реттейтін нормативтік-құқықтық құжаттар (Ережелер, Нұсқаулықтар) жетілдірілген.

2015 жылға арналған жоспар:

- Тапсырмалар банкісі жыл сайын 20% жаңару үшін пәндік тест пен қабілеттілік тестін әзірлеу;
- Қайтадан әзірленген конкурстық іріктеу тапсырмаларын апробациялау;
- Конкурстық іріктеу үшін тестің нұсқалары мен дизайн дайындау, материалдарды басып шығару;
- 20 Зияткерлік мектептерде конкурстық іріктеуді жүргізу;
- Тестілеу қорытындыларына статистикалық өңдеу жасау;
- Іріктеу нәтижелерін талдау;
- Грантты тағайындауға республикалық комиссия үшін материалдарды дайындау.

1.2.2 Виртуалдық және каникулярлық мектептер

Жаратылыстану-математикалық ғылымдарды оқуға қабілетті балаларды анықтау, дайындау және іріктеу мақсатында 2014 жылы Виртуалдық және Каникулярлық мектептердің жұмысы жалғасын тапты.

<http://vs.nis.edu.kz>

ВИРТУАЛДЫҚ МЕКТЕП

Есептік кезеңде Виртуалдық мектептің жұмысында еліміздің орта білім беру мектептерінің 2 750 оқушысы қатысты, бұл 2013 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 1 301 адамға артық.

Кесте. 2014 жылғы Виртуалдық мектеп қатысушыларының саны

№	Зияткерлік мектеп	ВМ қатысушылары (5-сынып)	ВМ қатысушылары (6-сынып)	Барлығы
1	Астана қ. ФМБ	140	369	509
2	Көкшетау қ. ФМБ	94	133	227
3	Өскемен қ. ХББ	74	81	155
4	Семей қ. ФМБ	45	66	111
5	Талдықорған қ. ФМБ	16	152	168
6	Орал қ. ФМБ	43	101	144
7	Ақтөбе қ. ФМБ	106	106	212
8	Қарағанды қ. ХББ	28	52	80
9	Шымкент қ. ФМБ	220	141	361
10	Шымкент қ. ХББ	48	72	120
11	Павлодар қ. ХББ	29	68	97
12	Қызылорда қ. ХББ	111	84	195
13	Тараз қ. ФМБ	68	155	223
14	Атырау қ. ХББ	69	79	148
БАРЛЫҒЫ		1 091	1 659	2 750

КАНИКУЛЯРЛЫҚ МЕКТЕП


Виртуалдық мектептің тапсырмаларын сәтті орындаған оқушылар өңірлік Зияткерлік мектепке математика, қазақ, орыс, ағылшын тілдері пәні бойынша Каникулярлық мектептің күндізгі оқу сабақтарына шақырылады.

Каникулярлық мектепке 5-сыныптың 606 оқушысы және 6-сыныптың 2 604 оқушысы қатысты, бұл 2013 жылдың көрсеткішінен 2 460 адамға артық.

Кесте. Каникулярлық мектеп қатысушыларының саны, адам.

№ р/р	Зияткерлік мектеп	Барлығы		
		барлығы	5-сынып	6-сынып
1	Астана қ. ФМБ	320	113	207
2	Ақтөбе қ. ФМБ	267	67	200
3	Атырау қ. ХББ	244	43	201
4	Қарағанды қ. ХББ	265	12	253
5	Көкшетау қ. ФМБ	173	66	107
6	Қызылорда қ. ХББ	144	30	114
7	Павлодар қ. ХББ	216	8	208
8	Семей қ. ФМБ	224	24	200
9	Талдықорған қ. ФМБ	88	8	80
10	Тараз қ. ФМБ	316	46	270
11	Орал қ. ФМБ	291	41	250
12	Өскемен қ. ХББ	279	47	232
13	Шымкент қ. ФМБ	254	88	166
14	Шымкент қ. ХББ	129	13	116
БАРЛЫҒЫ		3 210	606	2 604

Диаграмма. 2013, 2014 жылдардағы Виртуалдық және Каникулярлық мектептердің саны



Атқарылған жұмыс нәтижесінде:

- Виртуалдық мектеппен балаларды қамту – 2 750 бала;
- «Виртуалдық мектептің» 339 қатысушысы Зияткерлік мектептерге түсті;
- «Каникулярлық мектептердің» 321 қатысушысы Зияткерлік мектептерге түсті.

2015 жылға арналған жоспар:

- «Виртуалдық мектеп», «Каникулярлық мектеп» жобаларын іске асыруда облыстық және қалалық білім беру басқармаларымен, орта білім беру мектептерімен ынтымақтастықты жалғастыру.

1.3 Педагог кадрлары

2015 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Зияткерлік мектептерде 2 367 мұғалім қызмет атқарады: қазақстандық – 1 959, шетел мұғалімдері – 351, қосымша жұмыс істейтіндер – 57.

1.3.1 Мұғалімдерді конкурстық іріктеу

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ педагогтарды іріктеген кезде, үміткерлердің академиялық жетістіктеріне, пәндік, педагогикалық, әдістемелік және жалпы мәдени құзыреттіктерінің, коммуникативтік білім мен дағдыларының бар болуына ерекше көңіл бөледі.

Конкурстық іріктеу ДББҰ нормативтік-құқықтық құжаттарымен реттеледі.

Үміткерлер пән бойынша тестілеуден, шығармашылық турдан (эссе), әңгімелесуден өтеді.

<http://www.nis.edu.kz/kz/teachers/teachers-select-rules/>

2014 жылы конкурстық іріктеуге **6648** үміткер қатысты, олардың ішінен **899** үміткер Зияткерлік мектептерде жұмыс істеуге ұсынылды. Оның ішінде 126 – ағылшын тілінің мұғалімдері, 93 - математика, 43 – информатика, 47 - физика, химия, 44 – биология, 27 – тарих және жаһандық перспективалар мен жобалық жұмыстар, 14 – экономика және т.б. пәндердің мұғалімдері.

Жаңадан қабылданған мұғалімдер арасында 147 деңгейлік бағдарламалар бойынша оқыту сертификаттары бар.

Бос лауазымдарды уақытылы алмастыру мақсатында 101 педагог қызметкері көлемінде резерв қалыптастырылды.

Конкурстық іріктеудің қорытындылары:

- әрбір 2-үміткер пәндік тест бойынша табалдырық деңгейден өтпейтінің;
- нашар тілдік құзыреттіктерін;
- ақпараттық-коммуникациялық технологияларды төмен дәрежеде игеруін;
- баланың психологиясы мен жас ерекшелігі мәселелері бойынша ел мектептері педагогтарының нашар дайындалғандығын ;
- оқушыларды бағалау тәсілдерін жеткілікті дәрежеде білмеуін көрсетті.

Осыған байланысты, Зияткерлік мектептерде жұмыс жасау үшін мұғалімдерді озыңқы дайындауға ерекше назар аударылады: 3-базалық деңгей бағдарламасы бойынша оқыту. Өңірлерде педагогика жоғары оқу орындарының түлектерімен жүйелі жұмыс жүргізіледі.

1.3.2 Шетелдік педагогтарды жалдау

Шетелдік педагогтарды жалдау физика, математика, химия, биология, жаһандық перспективалар, экономика, ағылшын тіліндегі информатика, өнер, таным теориясы, тарих сияқты бейінді пәндерді оқыту және ағылшын тілді жасанды ортаны жасау, ең үздік тәжірибемен алмасу мақсатында жүзеге асырылады.

Шетел педагогтарын іздеу жалдау бойынша стратегиялық әріптеспен ынтымақтастық жасау арқылы іске асырылады (Teach Away Inc.(Канада), Teachanywhere – Ranstad Education Ltd. (Ұлыбритания), Search Associates (David Cope Limited) (Ұлыбритания), Teacher International Consultancy Ltd. (Ұлыбритания), Edvectus Ltd. (Ұлыбритания).


Халықаралық университеттердің ресми сайттарында (онлайн) Зияткерлік мектептердің бейіндері құрылды. Әлеуметтік желілер мен педагогикалық ассоциацияларда хабарламалар орналастырылған. Педагогтар сол мектептердің шетел қызметкерлері көмегімен тартылады.

2014 жылы бос лауазымдарға үміттенетін 2 мыңнан астам шетел педагогтарының анкетасы қарастырылды. Құжаттарға егжей-тегжей тексеру өткізілді, соның ішінде бұрынғы жұмыс орындарынан үш ұсыныс хаты, үміткердің сотталмағанын растау, жұмысқа жарамдылығы туралы медициналық куәландыру қажет болды. Сонымен қатар, әрбір үміткермен скайп арқылы әңгімелесу өткізілді. Шетелдік мұғалімдер сынақ мерзімімен жұмысқа қабылданады, сынақ мерзімінен өтпеген мұғалімдер өз еліне қайтады. Стратегиялық әріптес мұғалімді алмастыруды қамтамасыз етеді.

2014 жылы Зияткерлік мектептерге 351 шетел педагогы қабылданды, олардың ішінде Ұлыбритания, АҚШ, Канада, Жаңа Зеландия, Ирландия, ОАР, Австралия және т.б. елдерінің педагогтары. Соның ішінде 9 PhD докторы, 129 – магистр, 116 – PGCE бағдарламасын тәмамдаған, 121 – оқытудың халықаралық сертификаттарының иелері (CELTA, IBDP, TESOL, ESL, TEFL).

Шетел педагогтарының сапалы құрамы жыл сайын артып келеді, солай ғылым докторлары, магистранттар, сондай-ақ PGCE тәмамдаған, және оқытудың халықаралық сертификаттары бар мұғалімдердің саны өсті.

Диаграмма. Шетел педагогтарының сапалық құрамы



Әрбір Зияткерлік мектептерге шетел мұғалімдерінің тобы жіберіледі, олар пәнді ғана оқытудан басқа, командалық оқыту, педагогикалық көшбасшы, сыни тұрғыдан ойлауды дамыту, оқытудың белсенді нысандары, PASCO құрал-жабдығымен жұмыс жасау, сабақ барысында PHYWE және SPARK приборларын қолдану әдіснамасы бойынша оқыту семинарларын өткізеді, оқушылар үшін элективті курстар мен үйірмелерді ұйымдастырады:

- - тілдік құзыреттікті дамыту үшін - Chat Cafe, «Ағылшын тілінің зертханасы», «Әртіс», шешендік өнер клубы;
- - зерттеу дағдыларын қалыптастыру үшін – жас натуралист клубы, экологиялық клуб, ғылыми басқатырғыштар клубы;
- - АКТ құзыреттікті дамыту үшін – QR-кодтау, Lego-модельдеу, робот техникасы, зеңбірек құрылысы;
- - денсаулықты жинақтау жөніндегі шараларды қамтамасыз ету үшін – шахмат клуб, салт атпен жүру, садақпен ату.

APTIS, IELTS/TOEFL, SAT, SET халықаралық емтихандарға дайындықты жүргізеді.

Сонымен қатар, мұғалімдер үшін де, балалар үшін де тілдік курстарды ұйымдастырады.

Прагасен Найду шетел мұғалімінің белсенді жұмысы арқасында «Назарбаев Зияткерлік мектептер» ДББҰ мұғалімдері робот техникасы бойынша конкурсты ұлттық ұйымдастырушысы сертификатын Қазақстан үшін алды (RoboFest).

Зияткерлік мектептердің тәжірибесін тарату аясында шетел мамандары қалалық және облыстық деңгейлерде мастер-кластар сериясын өткізеді.

Шетел қызметкерлерін қазақстандық мамандармен алмастыру бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр.

IELTS 5.0 және одан да жоғары деңгейдегі пән мұғалімдерінің кадрлық резерві дайындалды және 93 пән мұғалімін құрайды.

1.3.3 Педагог қызметкерлерінің кәсіби дамуы

ПЕДАГОГТАРДЫ ОЗЫҢҚЫ ЖӘНЕ МАҚСАТТЫ ДАЙЫНДАУ

Соңғы уақытта 3-деңгей (базалық) бағдарламасы бойынша үміткерлерді оқытуды қамтамасыз ету үшін мұғалімдерді конкурстық іріктеу мектеп ашылғанға дейін едәуір бұрын жүргізіледі.

Жалпы есепті кезеңде 3-деңгей (базалық) бағдарламасы бойынша Зияткерлік мектептердің 539 мұғалімі оқытылды.

Мұғалімдердің кадрлық резервін дайындау үшін төмендегі орындарда оқыту ұйымдастырылады:

- «Болашақ» Президенттің халықаралық бағдарламасы бойынша;
- Назарбаев Университетінде.

«Болашақ» бағдарламасы бойынша «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ үміткер тағылымдамадан өтетін, шетелдің жоғары оқу орындарымен бірлесе оқыту бағдарламасын әзірлейді және бекітеді. Оқытылатындармен Зияткерлік мектептер жүйесінде жұмыс жасау туралы үш жақты шартқа қол қойылады. (ПШО, ДББҰ, үміткер).

Төмендегілер әзірленді:

- мектеп директорлары үшін Кембридж Университетінің білім беру факультеттерімен бірлесе тағылымдама бағдарламасы.
- пән мұғалімдері үшін Хаамелина қ. және Юваскула қ., Финляндия Қолданбалы ғылымдар Университеттерінің базасындағы бағдарлама (НАМК, JAMK Universities of Applied sciences).
- Сассекс, Ұлыбритания Университетінің базасында пән мұғалімдері үшін тағылымдама бағдарламасы.

13 мұғалім Финляндияда бағдарламадан өтті, 10 мұғалім Сассекс Университеті бағдарламасы бойынша оқытылып жатыр.

Назарбаев университет базасында ДББҰ қызметкерлері мен Зияткерлік мектептердің мұғалімдері үш жоба аясында оқытылады.

2013 жылдың тамыз айынан бастап 24 қызметкер «Білім саласында басқару» бағыты бойынша өндірістен үзбей 2 жылдық магистратурада оқытылып жатыр.

2014-2015 оқу жылында «Мектеп көшбасшылығы» мамандығы бойынша ДББҰ 24 қызметкері оқуға түсті, олар 2016 жылғы тамыз айында оқуларын тәмамдайды.

БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ ЖҮЙЕСІ (БАЖ)

www.nis.edu.kz

Зияткерлік мектептерде біліктілікті артыру жүйесі қазақстандық және әлемдік білім беру жүйесінің озық тәжірибесі мен дәстүріне негізделеді.

БАЖ келесі білім беру модульдері бойынша оқыту арқылы педагогтар дамуының жеке траекториясы бойынша үздіксіз білім алуды білдіреді:

- Мектепте білім берудің міндетті модульдері бойынша оқыту (қазақ тілі, ағылшын тілі, АКТ, Педагогикалық білім), «тең-теңге» тәсілі бойынша - әріптестерімен оқыту.
- Мемлекет ішінде республикалық және халықаралық сарапшыларды тарту арқылы;
- Шетелде халықаралық деңгейдегі сарапшыларды тартып, ең үздік білім беру ұйымдарының базасында оқыту.

Біліктілікті арттыру курстарының негізгі тақырыптық блоктары:

- Білім беру бағдарламасын және бағалаудың критериалды моделін іске асыру үшін бейінді пән мұғалімдерінің пәндік құзыреттігін дамыту;
- Білім берудегі көшбасшылық және менеджмент;
- Тәрбие жұмысы;
- Тіл құзыреттігін дамыту;
- Оқытудағы ақпараттық коммуникациялық технологиялар;
- Балалардың дарындылығын дамыту;
- Оқу процесін психологиялық сүйемелдеу.

Есепті кезеңде 4 модуль бойынша мектепішілік курста оқытудан 4185 адам өтті, мемлекет ішінде – 31 курста 6 549 адам оқытылды, шетелде – 5 біліктілікті арттыру курсына 124 педагог оқытылды.

Диаграмма. Біліктілікті арттыру курсынан өткен педагогтар саны



Сонымен қатар, білім беру бағдарламасын және критериалды бағалау жүйесін әзірлеу және ендіру бойынша 1500 адам оқуын жалғастырды.

2014 жыл ішінде БАЖ аясында 12 358 адам оқытылды. Біліктілікті арттыру курстарынан өткен мұғалімдер, өздерінің әріптестері үшін мастер-кластар, семинарлар өткізеді, білім беру, оқу бағдарламаларын, емтихан материалдарын, оқу материалдарын, әдістемелік ұсыныстарды әзірлеуде атсалысады, сарапшы ретінде шығады.

Біліктілікті арттыру нәтижесінде 367 сертификатталған тренерлер бар. Олардың ішінде 30 – балалардың дарындылығын дамыту бағдарламасы бойынша, 17 - балалардың дарындылығын дамыту бағдарламасын бағалау жөніндегі сарапшылар, 78 – деңгейлік бағдарлама бойынша, 22 – бағалау жөніндегі сарапшылар, 6 – робот техникасы негіздерінің курсы бойынша, 48 – «сыни тұрғыдан ойлау» курсы бойынша, 20 – ТКТ тренерлері, 8 – көшбасшылықты бөлу курсы бойынша, 45 – тестерді әзірлеу бойынша, 17 – PISA және т.б. дайындау бойынша тренерлер.


2014 жылы **Action Research** жобасы аясында жұмыс жалғасты.

Осы оқу жылында практиканы іс-әрекетте зерттеуге 545 мұғалім мен қызметкер тартылды, бұл өткен оқу жылының көрсеткішімен салыстырғанда 364 адамға артық. Сонымен қатар жүргізілетін зерттеулердің де саны 31-ден 151-ге өсті.

БАЖ қорытындысы бойынша қазақ тілі білімінің жалпы деңгейі айтарлықтай арта түскенін статистика көрсетеді, атап айтқанда, «Қарапайым деңгей» білімі мен дағдысы деңгейі оқытушыларының саны қысқартылды, және де «Жоғары деңгейдегі» қазақ тілін меңгерудің жоғары деңгей оқытушыларының саны өсті.

Қазтест қорытындыларына салыстырмалы талдау жасалғанда, қазақ тілін білудің жоғары деңгейіне жеткен мұғалімдерінің пайызы 2011 жылмен салыстырғанда 20 %-дан 45%-ға артқанын көрсетті.

Диagramма. Мектептер бөлінісіндегі Қазтест қорытындылары



Ағылшын тілін меңгеру деңгейін анықтауға арналған, Британдық Кеңеспен әзірленген, Artis тестінің қорытындысы бойынша Зияткерлік мектептер мұғалімдерінің тілдік құзыреттігі деңгейінің сапалы түрде арта түсуі байқалып отыр.

Ағылшын тілінің орта және жоғары деңгейдегі оқытушылардың үлесі тестке қатысушылардың жалпы санынан 26,2% құрайды. Ағылшын тілін білу деңгейі бастапқы және қарапайым көрсеткіштегі мұғалімдер саны жаңадан ашылған мектептердің еншісінде. Олар үшін English Discovery online қашықтан оқыту курстары ұйымдастырылған.

Кесте. Ағылшын тілін меңгеру деңгейі (APTIS)

Қала	Адам саны	Ағылшын тілін меңгеру деңгейі (APTIS)					
		A0	A1	A2	B1	B2	C
Семей	128	31	46	26	5	3	17
Павлодар	117	51	33	12	11	6	4
Ақтөбе	136	44	41	20	8	6	17
Талдықорған	96	17	47	24	5	2	1
Шымкент ФМБ	127	32	23	17	19	12	24
Көкшетау	121	35	58	21	5	2	
Қарағанды	126	33	54	13	3	7	16
Өскемен	77	25	14	16	9	5	8
Астана ФМБ	126	23	48	11	15	14	15
Тараз	114	50	34	8	5	8	9
Қызылорда	86	28	30	9	8	8	3
Орал	123	13	40	18	29	14	9
Шымкент ХББ	107	14	26	19	23	15	10
Атырау	115	5	26	39	35	5	5
Астана ХБ	118	19	32	16	16	11	24

Тілдік модульдер мониторингінің деректері Зияткерлік мектептер мұғалімдерінің құзыреттігі өсуде оң динамикасын растайды. Ағымдағы жағдай бойынша Зияткерлік мектептерде үш мәдениет мәнмәтінінде ойлай алатын және оқушыларға ойлаудың жаңа бейнесін жеткізе алатын 168 үш тілді мұғалімдер қызмет атқарады. Үш тілді білім беру аясында оқушылар әр түрлі сөздер мен сөйлемшелердің лексикалық қорымен пайдаланып қана қоймай, «native speaker» – тіл иегері көзімен әлімді қабылдауға үйренеді.

Зияткерлік мектептерде 212 мұғалім «Жаһандық перспективалар мен жобалау жұмысы», «Экономика», «Физика», «Химия», «Биология», «Информатика» пәндері бойынша сабақты ағылшын тілінде жүргізеді.

IELTS 5.0 және одан да жоғары шәкіл бойынша ағылшын тілімен игеру деңгейі 93 пән мұғалімдеріне ие.

Жаңадан ашылған мектептерге әдістемелік бірлестіктер жұмысы арқылы ser-forum.nis.edu.kz педагогтар форумында педагогтардың желісі арқылы өзара қарым-қатынас жасау жолымен әдістемелік көмек көрсету мақсатында педагогтардың желілік қоғамдастығы құрылды.

Біліктілік арттыру курсына оқудың нәтижесі ретінде оқу-тәрбиелік қызметтің қорытындылары, жалпы Назарбаев Зияткерлік мектептер желісі және түлектер бойынша білім сапасының көрсеткіштері, «Оқушылардың нәтижелері» тарауында көрсетілген, оқушылардың пәндер бөлінісіндегі оқу жетістіктері, сондай-ақ педагогтардың сарапшылар мен жаттықтырушылар ретінде еліміздің орта білім беру жүйесіне тәжірибені беруде қатысуы.

2015 жылға арналған жоспар:

- ДББҰ біліктілікті арттыру жүйесін пысықтау, келесі бағыттар бойынша кешенді бағдарламаны әзірлеу:
 1. Зияткерлік мектептер мұғалімдері үшін сертификатталған жаттықтырушыларды тарту жолымен, ақысыз негізде «тең теңге» біліктілікті арттырудың мектепішілік курстарын ұйымдастыру жолымен біліммен алмасу.
 2. Action Research & Lesson Study, «Сыни тұрғыдан ойлау» сияқты курстары бойынша оқудан өткен, педагогтардың әлеуетін пайдалана отырып, «Назарбаев Зияткерлік мектептер» ДББҰ оқытылған педагогтарын ғылыми-зерттеу қызметінде дамыту, ғылым кандидаты білім атағы бар Зияткерлік мектептер педагогтарының әлеуетін пайдалану.
 3. «Тең теңге» біліктілікті арттырудың мектепішілік бір жақты бағыттағы курстарын өткізу: ассистент-мұғалім, ұйымдастырушы-педагог куратор, кәсіби бағдар жұмысы жөніндегі инспекторлар, Зияткерлік мектептердің психологтары және т.б. үшін курстарды ұйымдастыру.
- Мектеп педагогтарын конкурстық іріктеуді ұйымдастыру бойынша жұмысты жалғастыру.
- Шетелдегі жоғары оқу орындарында және «Назарбаев университетте» оқытуды ұйымдастыру арқылы Зияткерлік мектептер педагог қызметкерлерін дайындауды жалғастыру және дамыту және «Болашақ» бағдарламасы аясында тағылымдама өткізу.
- Шетел педагогтарын жергілікті мұғалімдермен алмастыру саясатын іске асыру, сондай-ақ шетел мектептерімен желілік қызметтің ауқымды спектрін дамыту мақсатында педагог қызметкерлердің тағылымдамаларын жалғастыру.
- Зияткерлік мектептер басшыларының кадрлық резервін қалыптастыру бойынша жұмысты күшейту.

1.3.4 Педагогтарды аттестациялау

Педагогтарды қызметтік бағалау жүйесі 2012 жылы шет елдердің тәжірибесін есепке алып, құрылды және педагог қызметкерлердің біліктілік деңгейін мақсатқа сай, үздіксіз арттыруға, олардың әдіснамалық мәдениетін, жеке басының кәсіби өсуін, олармен заманауи педагогикалық технологияларды пайдалануды дамытуды ынталандырады.

Мұғалімдер құзыреттіктің үш өрісі аясында педагогикалық шеберліктің 6 деңгейлік моделі бойынша аттестацияланады: «Кәсіби білім», «Кәсіби тәжірибе», «Кәсіби даму».

<http://www.nis.edu.kz/ru/teachers/profes-develo/validation/>



Зияткерлік мектептің әрбір педагогы сынақ мерзімінен өтуші-мұғалімнен шебер-мұғалімге дейін кәсіби өсуінің «өз жеке маршрутын» құрастыра алады. Кәсіби қызметі мен кәсіби құзыреттік деңгейінің өзгеруі, жұмыс нәтижелілігі бағаланады.

Есепті кезеңде 118 мұғалім аттестациялаудан өтті. Олардың ішінде педагогикалық шеберліктің мәлімделген деңгейін 112 педагог қызметкері растады, бұл мәлімделгендердің жалпы санынан 95% құрайды, соның ішінде деңгейлер бойынша: «мұғалім» - 22 адам (19,6%), «модератор» - 73 адам (65,2%), «сарапшы» - 17 адам (15,2%). Плагиат үшін аттестациялаудан өтпеген - 6 (5,1%) педагог қызметкері.

Барлық өткізілген аттестациялауларды есепке алып, Зияткерлік мектептерде 107 (5,2%) сарапшы-мұғалім, 267 (13%) мұғалім-модератор, 1270 (61,7%) мұғалім, 416 (20,1%) сынақ мерзімінен өтуші-мұғалім қызмет етеді.

Жыл сайын мұғалімдердің шеберлік деңгейлері артатынын атап өту қажет, бұл өткізілген біліктілікті арттыру курстарының нәтижесі. 2013 жылмен салыстырғанда «мұғалім-модератор» педагогика шеберлігі деңгейіндегі педагогтардың саны 52 адамға өсті, ал «сарапшы-мұғалім» - 23-ке артты.

Әрбір мұғалімнің педагогикалық шеберлігі күнделікті мектеп өміріндегі тәжірибеде расталатынын сеніммен айтуға болады.

Сонымен қатар, ДББҰ педагогтардың кәсіби қоғамдастығы қызмет ететінін атап өту қажет, онда 17 Зияткерлік мектептің мұғалімдері бір-бірімен өзара қарым-қатынас жасап, өздерінің тәжірибелерімен алмасады.

<http://www.cpm.kz>

Аттестациялау рәсімін жетілдіру мақсатында есепті кезеңде Педагог қызметкерлерді және оларға теңестірілген адамдарды аттестаттаудың жаңа ережелері әзірленді. Осы Ережелерге жаңа нормалар мен түсініктер енгізілді; педагогикалық қызметті бағалау критерийлері, педагогикалық шеберлік деңгейлеріне сәйкес келуді анықтау балының шәкілі жаңартылды. Педагог қызметкерлерді және оларға теңестірілген адамдардың топтары үшін шеберліктің екі деңгейі қарастырылған. Деңгейлерді анықтау кезінде көрсетілген критерийлерді әзірлеу процесіне 2014 жылы Зияткерлік мектептердің мұғалімдері тікелей қатысты.

2015 жылға арналған жоспар:


- Педагог қызметкерлерді және оларға теңестірілген адамдарды аттестаттаудың жаңа ережелерін жетілдіру.
- Педагог қызметкерлердің аттестациясын жүргізу.

1.3.5 Педагог кадрларының сапалық құрамы

Педагогтардың жалпы санынан жоғары білімі бар мұғалімдердің саны 1 956 (99,8%). 351 (17,9%) мұғалімнің магистр дәрежесі бар, бұл 2013 жылмен салыстырғанда 4% жоғары, 15 (0,8%) адам ғылым кандидаты атағын алған, 35 (1,8%) мұғалім – «Болашақ» бағдарламасының түлектері.

Жұмыс өтілі бойынша мұғалімдер келесідей бөлінген: «жұмыс өтілі жоқ» – 117 (6%), «10 жылға дейін» жұмыс өтілі бар – 807 (41,2%), «11 жылдан 20 жылға дейін» жұмыс өтілі бар – 525 (26,8%), «20 жылдан 30 жылға дейін» жұмыс өтілі бар – 373 (19%), «31 жылдан 40 жылға дейін» жұмыс өтілі бар – 127 (6,5%), «41 жылдан және одан да көп» жұмыс өтілі бар – 10 (0,5%). Былтырғы жылмен салыстырғанда көрсеткіштер өзгерген жоқ.


Диаграмма. Жұмыс өтілі бойынша көрсеткіш



Бұл ретте, мұғалімдердің басым үлесі жұмыс өтілі 20 жыл шамасындағы мұғалімдер Көкшетау қ. - 31 %, Шымкент қ. ФМБ - 30%, Астана қ. ФМБ – 28% қалаларының еншісінде.

Педагогтар құрамының жас шамасы бойынша жасалған талдау келесіні көрсетті: 30 жасқа дейін педагогтардың үлесі – 38,7%, 31-ден 40 жасқа дейін - 26,1%, 41-ден 50 жасқа дейін - 23,1%, 51-ден 58 жасқа дейін – 11,1%, 59 және одан да жоғары – 1%.

Диаграмма. Жас шамасы бойынша көрсеткіш



Есепті кезең қорытындылары бойынша Назарбаев зияткерлік мектептердің педагог қызметкерлерінің көбі оқу, тәрбиелік және ғылыми сала қызметінде сапалы нәтижеге қол жеткізді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің наградаларымен Зияткерлік мектептердің 15 педагогы марапатталды. Соның ішінде марапатталғандар:

- «Ы. Алтынсарин» төс белгісі - 4 педагог;
- «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төс белгісі - 1 адам;
- «Еңбек ардагері» медалі - 3 адам;
- ҚР Білім және ғылым министрінің Құрмет грамотасы - 7 адам.

Ақтөбе, Семей, Астана, Талдықорған, Орал, Өскемен, Көкшетау қалаларындағы Зияткерлік мектептердің 11 мұғалімі 2014 жылғы Мұғалімдер күніне орай «Назарбаев Зияткерлік мектептер» ДББҰ алғыс грамоталарымен марапатталды.

Бірнеше мектеп педагогы физика, биология, ағылшын тілі пәндері бойынша Республикалық байқаулардың жеңімпаздары атанды. Педагог қызметкерлері зерттеу қызметінде де жоғары нәтижеге қол жеткізді, сөйтіп, Талдықорған қ. мектеп директоры Г.К. Байжикенова Ресей жаратылыстану академиясының профессоры атағын алды.

Кесте. Зияткерлік мектептер педагогтарының жетістіктері

Конкурс, конференция	Педагогтың Т.А.Ә., Зияткерлік мектеп	Өткізу орны
Физика мұғалімдерінің республикалық конкурсы	Бижанов Е.К. – Талдықорған қ. Зияткерлік мектебінің мұғалімі (3-орын)	Алматы қ. (Қазақстан)
«Биология пәнінің үздік мұғалімі» конкурсының жеңімпазы	Асабаева А. К. – Ақтөбе қ. Зияткерлік мектебінің мұғалімі (III дәрежелі диплом)	Қашықтықтан қатысудың нысаны, Мәскеу қ. (Ресей)
«Үздік заманауи сабақ»	Успанова Г.Б – Ақтөбе қ. Зияткерлік мектебінің мұғалімі (III дәрежелі диплом)	Қашықтықтан қатысудың нысаны, Тула қ. (Ресей)
«Инновациялық соқпақ жол» білімдегі жетістіктер халықаралық конкурс	Базаева Г.Ж. - Ақтөбе қ. Зияткерлік мектебінің мұғалімі (1-орын)	Таганрог қ. (Ресей)
Еуразияда педагогика ғылымдарын дамыту мәселелері жөніндегі екінші Халықаралық конференция	Омарова Б. И. – Қарағанды қаласы Зияткерлік мектебінің мұғалімі	Вена қ. (Австрия)
“The 2nd International Conference on “Innovation Challenges in Multidisciplinary Research & Practice” (ICMRP -2014) халықаралық ғылыми конференция	Ни В.В - Қарағанды қаласы Зияткерлік мектебінің мұғалімі, ең үздік презентация үшін сертификат	Куала-Лумпур қ. (Малайзия)
Физика мұғалімдері арасында шығармашылық тур	Бисеков К.Х. – Орал қаласы Зияткерлік мектебінің мұғалімі (3-орын)	Мәскеу (Ресей)

1.4 Тәрбие жұмысы

Зияткерлік мектептердегі педагогикалық ұжымның қызметі оқушы мен түлектердің бойында келесі тұлғалық қасиеттерді, атап айтқанда:

- белсенді патриоттық ұстаным;
- жауапкершілік, шыншылдық және адалдық;
- еңбек сүйгіштік және өмір бойы білім алу;
- сын тұрғысынан және шығармашылық ойлау;
- әртүрлі мәдениет, пікірлерге құрмет таныту, коммуникативтік;
- жаңалықты қабылдауға ашық болу;
- іскерлігі және абыройы жоғары еліміздің азаматын қалыптастыруға бағытталған.

Тәрбие саясатын жүзеге асыру мақсатында халықаралық кеңесшілердің қатысуымен 214 куратор және өзге де педагог қызметкерлерге арналған 9 оқыту семинары өткізілді. Семинар тақырыптары:

- «Зияткерлік мектептерде білім беру процесін жоспарлаудың кейбір тәсілдері туралы»;
- Йорк университетінің (Канада) халықаралық сарапшысы Джейн Делузионың қатысуымен «Оқушылар арасында құндылық қатынастарды дамытудағы драманың орны»;
- Оңтүстік Корея халықаралық сарапшылары: О Чжон Тхэк, Сон Вон Соп, Син Енг Сок қатысуымен «Қазіргі заманғы мектепте кәсіби бағдар беру жұмысының бағыттары»;
- Оңтүстік Корея халықаралық сарапшылары: Ом Чхаль Енг, Го Квансам қатысуымен «Мектепте кураторлық қызметті ұйымдастыру»;
- «Командалық спорт түрлері бойынша Спартакиаданы өткізудің бірыңғай саясатын қалыптастыру»;
- «Өнер» пәні бағдарламасы аясында үйірме жұмыстарының бірыңғай бағытын қалыптастыру»;
- «Зияткерлік мектеп оқушыларын тәрбиелеу саясатын түсіндіру»;
- «Бонус KZ» бағдарламасын енгізуді талқылау»;
- «Зияткерлік мектептердің тәрбие жұмысының тәжірибесін тарату» және т.б. деп аталды.

Тәрбие жұмысына қатысты кейбір ережелер жетілдірілді және жаңа құжаттар әзірленді. Атап айтқанда,

- Назарбаев Зияткерлік мектептеріндегі кураторлар қызметі туралы Ереже;
- «Қазақәндері» жобасы аясында Назарбаев Зияткерлік мектептерінің оқушыларына орындауға ұсынылатын әндер тізімі;
- Назарбаев Зияткерлік мектептеріндегі «Дебат клубы» туралы типтік ережесі;
- Инновациялық идеялардың желілік конкурсы туралы Ереже;
- Назарбаев Зияткерлік мектептерінде кәсіптік бағдар жұмысы туралы Ереже;
- Назарбаев Зияткерлік мектептерінде кәсіптік бағдар жұмысының даму бағдарламасы.

«Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясын жүзеге асыру мақсатында Назарбаев Зияткерлік мектептерінің миссиясына өзгерістер енгізілді.

Сәйкесінше, Зияткерлік мектептердегі білім мен тәрбиенің бірыңғай мақсатын танытатын құндылықтар айқындалды.

Назарбаев Зияткерлік мектептерінде жүзеге асырылатын тәрбие жұмысының мазмұны оқушылардың шығармашылығын, әлеуетін дамытуға бағытталған әлеуметтік жобалар мен тәжірибелер арқылы жүзеге асырылады.



Оқушылардың өзін-өзі басқаруы мектеп парламенті және «Шаңырақ» оқушылар қоғамдастығы негізінде ұйымдастырылған. 3 075 оқушы – мектеп парламентінде, 11 324 оқушы – «Шаңырақ» оқушылар қоғамдастығының жұмысына белсенді араласады.

«Шаңырақ» ұғымының қазақ халқының мәдениетіндегі орны ерекше. Сондықтан оқу-тәрбие жұмысының мазмұнына ұлттық мәдениетіміздегі негізгі компоненттерді кіріктіру арқылы тәрбие жүйесін ұйымдастырудың тиімді әдістері қолданылады. Оқу тілі қазақ жоғары сынып және оқу тілі орыс төменгі сынып бір Шаңыраққа бірігеді. Бірге академиялық қиындықтарды шешеді, бір-біріне қамқорлық танытып, ынтымақтастық, ауызбіршілік құндылықтарын сіңіреді, тіл үйретеді. «Шаңырақ» оқушылар қауымдастығының

басты мақсаты – оқу тілі әртүрлі, жоғары және төменгі сынып оқушыларын біріктіретін қауымдастық арқылы оқушыларды ынтымақтастық, мектеп өмірінде туындайтын мәселелерді ортақ шешуге, олардың арасында бауырмалдық, қамқорлық қарым-қатынасын қалыптастыруға, әлеуметтік белсенділік, зерттеу дағдыларын дамытуға бағытталған.

Оқу жылының аяғында ең үздік деп танылған «Шаңырақ» оқушылар қоғамдастығынан 872 оқушы және 201 мұғалім «Туған елге тағзым» өлкетанулық-зерттеу экспедициясына қатысты.

2014 жылы «Туған елге тағзым» экспедициясы ғылыми-зерттеу және танымдық бағытта жүзеге асырылды.

nis.edu.kz/ru/projects/tugan-elge-tagzym/



Оқушылар экспедиция барысында Қазақстанның 322 тарихи, географиялық, индустриялық, мәдени нысандарымен танысып, тақырыптық зерттеулер жүргізді. Оның ішінде: 50 объекті – мемлекеттік мұражайлар, 153 объекті – мемлекеттік маңызы бар тарихи нысандар, 15 объекті – “Мәдени Мұра” бағдарламасының аясындағы Қазақстанның тарихи және мәдени ескерткіштері, 3 объекті – ЮНЕСКО тізіміндегі Қазақстанның мәдени және табиғи мұраларының ескерткіштері, 10 жоғары оқу орындары, 28 зертхана, 20 Индустриалды объектілер, 15 кітапхана, 10 мұрағат.

«Назарбаев Зияткерлік мектептерінің оқушыларына оқуға ұсынылған 100 кітап» жобасы аясында оқушылар өздері оқыған шығармаларын әл-

<https://www.youtube.com/watch?v=Yawy140f9CU>

Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің радиостудиясында дыбыстап, аудиохрестоматия әзірленді. Бүгінгі таңда аталған аудиохрестоматиялардың 200 данасы Алматы және Қостанай қалаларындағы жалпы білім беретін мектептерге берілді. Сонымен қатар оқушылар «iBooks Author» бағдарламасы



негізінде оқыған шығармаларынан суреттер мен иллюстрациялар дайындап, электронды кітаптар жасады. Бүгінде Күнделікті 20 минут кітап оқу Зияткерлік мектептердің дәстүріне айналған.

Биылғы жылы ұлттық мәдениет пен салт-дәстүрлерді танып, ауылдың тұрмыс-тіршілігін білуге бағытталған «Ауылдағы 2 апта», «Ата-ана жұмысындағы 10 күн» әлеуметтік тәжірибелері өз жалғасын тапты. Аталған жобаларға 5000 астам бала қатысты.

Wikipedia клубының жұмысы аясында оқушылар Wikipedia сайтына қазақ тілінде мақала жазумен, сайттағы мақалаларды өңдеумен айналысады.

https://www.google.com/?gws_rd=ssl#q

Оқушылар Wikipediaға 16 231 мақала, оның ішінде 15 960 мақала – қазақ тілінде, 241 мақала – орыс тілінде, 30 мақала – ағылшын тілінде жазылды. Wikipedia тағайындаған «АЛТЫН ҚАЛАМ» марапатына жалпы Қазақстаннан 8 азамат ие болса, оның екеуі Зияткерлік мектептің оқушысы.

200 күрделі сөз пайдаланып, 100-ден аса мақала жазып, модерациядан өткен Зияткерлік мектептердің 18 оқушысы мен 4 педагогы Лондон қаласында ұйымдастырылған «Wikimania-2014» халықаралық конференциясына қатысты.

https://www.google.com/?gws_rd=ssl#q

«TEDx NIS» клубтарының саны 10-нан 15-ке дейін өсіп, бүгінгі таңда аталған клубтарда 450 оқушы белсенділік танытуда.

Оқушылардың пікірін негізге алсақ, «Wikipedia» және «TEDx NIS» клубтары, олардың белсенді азаматтық ұстанымын танытуға ықпал етеді.

Зияткерлік мектептер арасында спартакиада өткізу дәстүрге айналды, биылғы жылы аталған спартакиадаға 435 адам қатысты.

<https://www.youtube.com/watch?v=YjUSfwQqorM>



Жыл бойы ұйымдастырылған тәрбие жұмысының тиімділігін анықтау мақсатында жүргізілген сауалнама, сұхбат, бақылаулар нәтижесінде оқушылар бойында патриоттық, Отаны және Зияткерлік мектебіне деген мақтаныш, бірнеше тілдерді білуге талпыныс, сондай-ақ білімді болуға құштарлық сезімдері жыл сайын артып жатқандығы айқындалуда.

2014 жылы келесі жаңа әлеуметтік жобалар және тәжірибелер жүзеге асырылды.

7-8-сынып оқушыларына арналған «Ата-ана жұмысымен танысу» бір күндік тәжірибе - әлеуметтік жобасы енгізілді. Жобаға 3 000 астам оқушы қатысты.

<https://www.youtube.com/watch?v=BZfG5KOB5Hw>

Оқушыларды қоғамдағы үздік белсенді азаматтар өнегесімен тәрбиелеу мақсатында «Көшбасшылық сабақтары» жобасы жүзеге асырылды. Бүгінде Зияткерлік мектептердің оқушыларына арнап Қазақстан Республикасы Парламент депутаттары, жас бизнесмендер, көрнекті қазақстандық спортшылар, журналист және өзге де қоғам қайраткерлері Көшбасшылық сабақтарын өткізді. Жобаға 1 950 оқушы қатысты.

https://www.youtube.com/results?search_query

Оқушылар арасында қазақ тілінің тілдік ортасын жетілдіру, ұлттық салт-дәстүр және ұлттық музыка арқылы патриоттылықты дамыту, мәдени құндылықтарымызды сақтауға өз үлестерін қосуға дайын болуға тәрбиелеу, оқушының музыкалық талғамын және рухани мәдениетін дамыту мақсатында «Қазақ әндері» жобасы жүзеге асырылды.

https://www.youtube.com/results?search_query

Балалар әр түрлі жобалар мен шетелде өтетін элективті курстарда халқымыздың шығармашылығы мен ұлттық салт-дәстүрін мақтанышпен насихаттауда. Атап айтар болсақ, Зияткерлік мектеп оқушыларының өзін-өзі басқаруы және мектеп парламентінің көшбасшылары West Nottingham Akademyсына (АҚШ) элективті курс оқуға барған сапарларында Қазақстан туралы ағылшын тілінде жан-жақты танымдық презентация өткізіп, еліміз туралы танымдық шаралар ұйымдастырды.

Сонымен қатар, «Дебат клубтарын құру» және «Әлеуметтік жобаларда блогингті тиімді пайдалану. Блогер-клубтарын құру» тақырыптарына арналған семинарлар ұйымдастырылды. Семинар нәтижесінде көшбасшылық қабілеттерін дамытып, шешен сөйлеуге ықпал ететін қазақ, орыс және ағылшын лигаларын біріктіретін пікір-сайыс клубтары құрылды.

9-12-сынып оқушылары арасында жыл сайын ағылшын тілінде креативті жазуды дамытуға бағытталған «Discover Kazakhstan» конкурсы өткізіледі. Биылғы жылы аталған шара «Expo 2017: болашақ энергия және жасыл экономиканың Қазақстанға берер мүмкіндіктері» тақырыбына арналды.

Конкурсқа Зияткерлік мектептер мен еліміздің жалпы білім беретін мектептерінің 700-тен астам оқушысы қатысты.

Оқушылар өз эсселерінде Қазақстан мәдениеті, салт-дәстүрінің ерекшелігі, табиғи ландшафтының бірегейлігі, экономикасының қарқынды дамуы және әл-ауқаты туралы зерделеді. Конкурс жеңімпаздары диплом және естелік сыйлықтармен марапатталды. Үздік эсселер «Discover Kazakhstan» жинағында жарық көрді.

2015 жылға арналған жоспар:

- Жалпы тәрбие жұмысында, әлеуметтік жобалар мен тәжірибелердің мазмұны арқылы «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясын және құндылықтарды жүзеге асыру;
- Білім беру процесінің барлық қатысушыларын біріктіріп тәрбие процесін дамыту;
- Зияткерлік мектептердегі тәрбие процесін ұйымдастыру ерекшеліктеріне арналған тәжірибені 30 пилоттық мектептерге тарату;
- Арт-фестиваль ұйымдастыру;
- Ұлы Отан соғысында қаза тапқан отандастардың жерленген жерлері және ерекше шайқас орындарын зерттеуге арналған элективті курстар маршрутын әзірлеу;
- Елімізде және әлемде «Жасыл энергетика», био және ресурс алуындылығын тиімді пайдалану, сақтау туралы оқушылардың жоба және зерттеу жұмыстарын дамыту;
- Нормативтік құжаттарды жетілдіру және толықтыру: «Мәңгілік ел» жалпы ұлттық идеясын жүзеге асыруға бағытталған тәрбие жұмысының Концепциясы, Оқушыларға арналған ішкі тәртіп ережесі, Жатақханада қауымдастықты дамытуға арналған бағдарламасы және т.б.;
- Зияткерлік мектептердің жатақхана мамандары үшін сарапшылардың көмегімен оқыту семинарларын өткізу;
- «Discover Kazakhstan» конкурсын өткізу форматын жетілдіру: қазақ тілінде эссе жазу, сонымен қатар конкурсқа шетелде тұратын қазақ диаспора оқушыларын тарту;
- 2015 жылы өткізілетін тәрбие жұмысының шаралары Қазақ Хандығының 550-жылдығы, Қазақстан Конституциясының 20 жылдығы, Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70-жылдығы, Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығы және еліміздің ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесіне дайындалуға арналады.

1.5 Элективті курстар және жазғы мектептер

Назарбаев Зияткерлік мектептерінде пән арқылы алған білімдерін тереңдету, оларды тәжірибеде қолдану, зерттеу дағдыларын дамыту мақсатында элективті курстар және жазғы мектептер жұмыс жасайды.

ЭЛЕКТИВТІ КУРСТАР

Элективті курстар ішкі және сыртқы болып екіге бөлінеді.

Әрбір мектеп элективті курстарды және олардың бағдарламаларын дербес анықтауға мүмкіндігі бар, дегенмен негізгі мектепте «Роботтық техника» элективті курсы және 11-12-сыныпта «Халықаралық емтихандарға дайындық» курстары міндетті болып табылады.



«Роботтық техника» курсы аясында оқушылар желілік олимпиадаларға дайындалады. Биылғы жылы Роботтық техниканың 1 республикалық олимпиадасы ұйымдастырылды.

Алғаш рет біздің оқушылар Роботтық техника бойынша халықаралық олимпиадаға қатысып, әлемнің 47 елі арасында 3 жүлделі орынды иеленді.



Халықаралық емтихандарға дайындау Элективті курсы нәтижесінде оқушылар SAT және IELTS-ты тапсыру барысында жоғары көрсеткішке қол жеткізеді.

Сыртқы элективті курстар білім мен ғылымның жетекші әрі танымал ұйымдарының базасында өткізіледі. Курстардың мазмұны балалардың тілдік және бейінді пәндер арқылы дағдыларын дамытумен байланысты.

Қазақстанда ұйымдастырылатын сыртқы элективті курстар Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, «Фитохимия» АҚ (Қарағанды қ.), В.Н. Челомей атындағы халықаралық ғарыш мектебі (Байқоңыр қ.) базаларында өткізіледі.

Кестеде 2014 жылы шетелде өткізілген сыртқы элективті курстар тізімі көрсетілген:

Кесте. Шетелде өткізілген сыртқы элективті курстар тізімі

№	Мектептен тыс курстар	Қатысушылар саны
1	South Kent School (АҚШ, Коннектикут штаты) мектептен тыс курсы	50
2	Джонс Хопкинс Университеті (СТУ) (АҚШ, Карлайл және Ланкастер қалалары) Дарынды жастар орталығының Жазғы лагері	31
3	Thornton Academy (АҚШ, Мейн штаты) мектептен тыс курсы	30
4	FIF Technologies LLP (Сингапур) мектептен тыс курсы	30
5	Сент-Олбанс қ. (St. Albans) мектептен тыс курсы	28
6	8-9-сынып оқушыларына арналған St Johnsberu Academy мектептен тыс курсы (АҚШ, Вермонт штаты)	20
7	Халықаралық бакалавриат бағдарламасы бойынша мектептен тыс курсы (Ұлыбритания, Бостон, Кембридж қалалары)	16
8	XXXIV Санкт-Петербург Жазғы математика мектебі	8

Сыртқы элективті курстарға оқушыларды оқыту үшін іріктеу келесі критерийлер бойынша жүргізіледі:

- оқушының пәндік академиялық немесе шығармашылық қабілеті;
- оқуда үздік динамикасы айқындалған оқушылар;
- олимпиада, ғылыми жоба жарыстарында жетістіктері бар оқушылар.

Оқушыларды мектептен тыс курстарға жолдау туралы шешімді мектептің педагогикалық кеңесі қабылдайды.

2014 жылы елімізде және шетелде ұйымдастырылған мектептен тыс курстарына Зияткерлік мектептердің 383 оқушысы қатысты.

Шағын бейінді элективті курстарда білім алу барысында оқушылар бойында жаңа ғылыми жобаларды зерттеуге алғышарттар қалыптасады.

Мысалы, Қарағанды қаласында өткізілген «Фитохимия» элективті курсына оқушылар өсімдіктердің эндемикалық және дәрілік түрлерін сақтаудың биотехнологиялық тәсілін экспериментті және клиникалық фармакология зертханаларында зерттеді, сонымен қатар «Фитостероидтер», «Өсімдіктердің алкалоидтары және оларды химия тұрғысынан зерттеу» және т.б. тақырыптарын кең салада зерттеп жүрген ғалымдардың дәрістерін тыңдады.

Нәтижесінде, жекелеген оқушылар өсімдік компонентін барынша сақтауға негіз болатын жуғыш заттарды және азық-түлік өнімдерін химиялық қосындысыз өндіру бойынша зерттеу жүргізді.

В.Н.Челомей атындағы Халықаралық ғарыш мектебінде (Байқоңыр қаласы) өткізілген мектептен тыс элективті курс барысында оқушылар ракеталардың модельдерін құрастырды.

Thornton Academy мектептен тыс курсында (АҚШ, Мейн штаты) оқушылар Күн жүйесінің кішірейтілген моделін әзірледі.

2015 жылға арналған жоспар:

- Елімізде және шетелдегі оқу орындарының үздік зертханалар базасында ғылыми жаратылыстану бағытында ұлттық мұражайлардың құнды материалдары негізінде оқушылардың терең зерттеулерді жүргізу үшін курстар ұйымдастыру.
- Элективті курстардың мазмұнын одан әрі жетілдіру.

ЖАЗҒЫ МЕКТЕПТЕР

Оқушылардың интеллектуалды, шығармашылық қабілетін қолдау мақсатында Зияткерлік мектептер базасында жыл сайын келесі бағыттар бойынша Жазғы мектептер ұйымдастырылады:

1. Оқушылардың бойында бейінді пәндер бойынша тілдік дағдылар және академиялық білімдерін дамыту;
2. Ақпаратты іздеу, өңдеу және ұсыну бойынша зерттеу дағдыларын дамыту;
3. Спорт, өнер, драма үйірмелері, әлеуметтік және мәдени іс-шаралары арқылы тілді дамыту.

5 245 оқушысы қатысты. Алғаш рет 2014 жылы жалпы білім беретін мектептердің 880 7-8-сынып оқушылары Зияткерлік мектептер ұйымдастырған Жазғы мектепке қатысты. Оларға тілдік және химия, физика, биология пәндерінен зерттеу дағдыларын дамытуға арналған сабақтар ұйымдастырылды.

2015 жылға арналған жоспар:

- Жазғы мектеп мазмұнын жетілдіру.
- Қазақ халқының 550 жылдығы, Қазақстан Конституциясының 20 жылдығы, Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдығы, еліміздің ЭКСПО-2017 халықаралық көрмеге дайындалуына арналған шараларды ұйымдастыру.

1.6 Оқу ресурстары

Зияткерлік мектептер компьютерлік жүйенің жаңа үлгісі, мультимедиялық кабинет, жылдамдығы жоғары интернет, инновациялық бағдарламалармен жабдықталған.

Кітапханалар

Кітапхана қорын жинақтау Кітапхана жұмысын ұйымдастыру ережесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстандық, ресейлік және шетел (Oxford University Press - Ұлыбритания, Cambridge University Press - Ұлыбритания, Pearson - Longman – Ұлыбритания, Barron’s – АҚШ, Kingfisher – АҚШ, Imperial College Press – Сингапур, АСТ – Ресей, ЭКСМО - Ресей, Penguin – Ұлыбритания, DK – АҚШ, Scholastic – АҚШ және басқалары) баспаларымен ынтымақтастық жалғасуда, себебі аталған ынтымақтастық баспалардың жаңа өнімдерімен дер кезінде танысуға мүмкіндік береді.

Оқулық және көркем әдебиет Білім беру бағдарламасына сәйкес терең білім алу, оқушылардың жоба және ғылыми-зерттеу дағдыларын қолдау, қазақ, орыс, ағылшын тілдерін оқыту, оқушылар арасында оқу мәдениетін дамыту мақсатында сатып алынады.

Қазақ, орыс, ағылшын, неміс және кәріс тілдерінде қағаз және электронды тасымал құралдарындағы жалпы кітап қоры 619 424 дана оқу, әдістемелік, көркем, ғылыми-танымдық әдебиетті құрады.

Кесте. Кітап қоры

Жалпы кітап қоры:	Саны:
Оқу қоры	326 843
ОӘК	169 987
Энциклопедия	4 067
Көркем әдебиет	50 733
Сөздік	1 798
Қосымша әдебиет	56 874
Электрондық басылым	5 225
Мерзімдік басылым	3 897

Зияткерлік мектептер арасында өзара оқулық алмасу қарастырылған.

Сонымен қатар, оқушылар мен мұғалімдер пән мазмұнын толықтыратын отандық және шетелдік «TWIG-BILIM», «EBSCOhost» ресурстарын қолданады.

Кітапханалар «Kazakh Soft» компаниясы әзірлеген «Қазақстандық автоматтандырылған кітапханалық ақпарат жүйесі» - ҚАКАЖ бағдарламалық қамтамасыз етуді қолданады. Аталған жүйе кітапхана процесін кешенді автоматтандыру, сондай-ақ электронды каталогтарды және толық мәтінді деректер базасын әзірлеуге бағытталған. Кітап қорын сақтау үшін электронды магниттік қорғау жүйесі орнатылған.

Кітапханашыларды оқыту жүзеге асырылуда. 2014 жылы кітапханашылар «Кітапхана, азамат, қоғам: білім жолындағы ынтымақтастық» тақырыбына арналған 80 ИФЛА Ассамблеясы-Бас Конференциясы, Мәскеудегі IASL-2014 жыл сайынғы халықаралық 43-конференциясының жұмысына және т.б. оқыту семинарларына қатысты.

Кітапханашылар конференция, семинар барысында алған білімдері мен ақпаратты кітапхана жұмысын жетілдіруге қолданады. 2014 жылы «Білімнің көзі кітапта» book-crossing әлеуметтік акциясы, «Барлығын тастап, кітап оқуға кіріс» Reading times – күнделікті кітап оқу уақыты, «Today a Reader – Tomorrow a Leader» секілді акциялар бойынша конкурстар мен клубтар ұйымдастырылды және «123» жобасын жүзеге асыру қолға алынды.

Әрбір Зияткерлік мектеп өз өңірінде жалпы білім беретін мектептердің кітапханашылары үшін оқыту семинарын өткізеді.

2015 жылға арналған жоспар:

- Жаңа ашылатын Зияткерлік мектептерді оқулық, ОӘК және қосымша ресурстармен қамтамасыз ету;
- Халықаралық мектеп кітапханаларымен ынтымақтастықты жалғастыру;
- Отандық және шетелдік баспадан жарық көрген кітаптармен танысып, сараптама жасау;
- Филиал кітапханаларын күнделікті әдістемелік қолдау;
- Жаңа ашылатын Зияткерлік мектептердің кітапханашылары үшін оқыту семинарларын ұйымдастыру;
- 30 пилоттық мектепке кітапхана жұмысын ұйымдастыру ерекшеліктерінің тәжірибесін тарату.

1.7 Зияткерлік мектептерді аккредиттеу

Ұсынылатын білім беру қызметтерінің сапасы халықаралық стандарттардың белгілі бір жиынтығына сәйкес келуіне ресми растауды алу мақсатында, Зияткерлік мектептер халықаралық аккредиттеуді алу кезеңдерінен өтеді.

Халықаралық аккредиттеудің негізгі артықшылықтары келесідей:

- Мектептермен білім беру қызметінің жоғары сапасына қол жеткізу;
- Балалар, ата-аналар және жұртшылық тарапынан мектепке деген сенімділігін арттыру;
- Мектептердің халықаралық деңгейдегі мектептер мәртебесін алу;
- Қамқоршылық Кеңеске Зияткерлік мектептерде ұсынылатын білім беру қызметінің жоғары сапасы туралы растауды ұсыну;
- Халықаралық тәсілдерге сәйкес әрі қарай дамудың артықшылықтарын анықтау мақсатында мектептердің ұсыныстарын алу.

2014 жылы сәуірде Қамқоршылық Кеңес отырысында Council of International Schools, Inc. (Халықаралық Мектептер Кеңесі - ХМК) халықаралық аккредиттелген агенттігі Зияткерлік мектептерді халықаралық аккредиттеу саласында «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ стратегиялық серіктестігі ретінде бекітілді. Халықаралық Мектептер Кеңесі аккредиттелген ұйымдардың тізімін басқарады, халықаралық атақты мәртебесі бар, сонымен қатар, мысалға, International Baccalaureate сияқты өзге де халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық жасайды.

ДББҰ және Халықаралық Мектептер Кеңесі арасында Зияткерлік мектептерді халықаралық аккредиттеу мәселесі бойынша өзара түсіністік туралы Меморандумға қол қойылған.

Білім беру мекемелерін халықаралық аккредиттеу саласында жұмыс істейтін ұйымдарда, халықаралық аккредиттеуден өту үшін үміткерлерге қойылатын стандарттар мен талаптары бар. Халықаралық Мектептер Кеңесінің негізгі талабы аккредиттеу басталғанға дейін ұйымда мүшелікті алу қажеттілігі.

Мүшелікті алған соң, Зияткерлік мектептер халықаралық аккредиттеуге өтінім беруге және белгіленген рәсімнен өтуге құқығы бар.

Аккредиттеуден өту орташа алғанда 2 жылға дейін созылуы мүмкін.

2014 жылы 7 Зияткерлік мектеп (Астана (2), Көкшетау, Өскемен, Семей, Талдықорған, Орал қалалары) Халықаралық Мектептер Кеңесінің мүшелігіне өтінімдерді берді.

Астана қаласының Зияткерлік мектебі Халықаралық Мектептер Кеңесінің мүшелігін алды.

Аккредиттеуге дайындалу аясында 8 мектеп (Ақтөбе, Қарағанды, Тараз, Қызылорда, Павлодар, Шымкент (2) және Атырау) өз мектептерінің қызметтерін өздігінен бағалау процесін жүргізді және КХЕК талаптарына сәйкес ПӨО сарапшыларымен қарастырылған, есептерді ұсынды. Олардың өздігінен бағалау негізінде даму жоспарларын дайындау бойынша мектептер үшін ұсыныстар әзірленді.

2015 жылға арналған жоспар

- Астана, Көкшетау, Семей, Талдықорған, Өскемен және Орал қалаларының Зияткерлік мектептері Халықаралық Мектептер мүшелігіне түсуі;
- Астана (2), Көкшетау, Семей, Талдықорған, Өскемен және Орал қалаларының Зияткерлік мектептерінің Халықаралық Мектептер Кеңесінің мүшелігіне түсу үшін құжаттарды тапсыру;
- Шымкент (2), Қарағанды, Ақтөбе, Тараз, Қызылорда, Павлодар, Атырау қалаларының Зияткерлік мектептерінің мүшелікке түсу үшін өтінім беру және аккредиттеуді алу бойынша жұмысты жалғастыру.

1.8 Білім беру сапасын бағалау

ДББҰ-да әрбір оқушының оқу нәтижелері және Зияткерлік мектепке түскенінен бастап, түлек ретінде мектепті аяқтағанға дейінгі прогресі туралы объективті ақпаратты ұсынуды қамтамасыз ететін, білім беру сапасын бағалаудың кешенді жүйесі құрылды.

Білім беру сапасын бағалау жүйесі келесі рәсімдерді қамтиды: оқушылардың конкурстық іріктелуі – оқушылардың оқу жетістіктерінің мониторингтеу – оқу мақсатына жетуді критериалды бағалау – түлектердің қорытынды аттестациясы.

Алдыңғы тарауда оқушыларды конкурстық іріктеу жүйесін әзірлеу және ендіру жөніндегі атқарылған жұмыс сипатталған. Келесі тарауларда бағалаудың өткізілетін үш рәсімі туралы ақпарат ұсынылған:

- Оқушылардың оқу жетістіктерінің мониторингтеу;
- Оқу мақсатына жетудің критериалды бағалауы;
- Қорытынды аттестация.

1.8.1 Оқушылардың оқу жетістіктерін мониторингтеу

Оқушыларға уақытылы педагогикалық қолдау көрсетуді, олардың оқудағы ілгерілеуді қамтамасыз ету, оқу процесін ұйымдастыруды түзету мақсатында 2014 жылы мониторингтің 4 түрі жүргізілді:

1. Жаңадан ашылған Зияткерлік мектептер оқушыларының оқу жетістіктерін бастапқы мониторингтеу;
2. Математика пәні бойынша негізгі және жоғары мектеп оқушыларының жетістіктерін мониторингтеу;
3. Тіл пәндері бойынша негізгі және жоғары мектеп оқушыларының жетістіктерін мониторингтеу;
4. 6-сынып оқушыларының оқу жетістіктерін мониторингтеу.

ЖАҢАДАН АШЫЛҒАН ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕР ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН БАСТАПҚЫ МОНИТОРИНГТЕУ

Оқушылардың білімі мен дағдыларында кемшіліктерді анықтау, олардың Зияткерлік мектептерде оқуға дайындығының деңгейін белгілеу мақсатында Алматы қаласының физика-математика бағытында жаңадан ашылған Назарбаев Зияткерлік мектебі оқушыларының бастапқы мониторингісі жүргізілді.

Мониторинг келесі пәндер бойынша өткізілді:

- 7, 8, 9 және 11-сыныптарда ағылшын тілі;
- 8, 9 және 11-сыныптарда математика және физика;
- 9 және 11-сыныптарда химия.

Ағылшын тілі. Мониторинг тіл құзыреттілігінің төрт түрін бағалауға бағытталған: тыңдалым, оқылым, жазылым және айтылым. Нәтижелер бойынша барлық сыныптардың оқушыларында тілдік дағдыларының нашар дамығаны анықталды.

7-сыныпта тіл құзыреттілігінің төрт түрі бойынша барлық тапсырмаларды орындай алған оқушылардың үлесі 79% құрады, 8-сыныпта - 71%, 9 және 11-сыныптарда 70% төмен.

Математика. Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау 3 критерий бойынша 30 тапсырмадан тұратын тест түрінде өткізілді: «Білу және түсіну», «Білімді қолдану» және «Білім интеграциясы». Нәтижелер оқушылардың 60-75% тапсырмаларды дұрыс орындағанын көрсетті.

Сөйтіп, 7-сыныпта білім сапасының көрсеткіші 62,2%, 8-сыныпта - 71%, 9-сыныпта - 75%, 11-сыныпта - 71% құрды.

Физика. Тапсырманы дұрыс орындаған 8 және 9-сынып оқушыларының үлесі 54% және сәйкесінше 63% құрады. 11-сынып оқушыларының нәтижесі бұдан да төмен - 48%.

Химия. 9-сынып оқушыларының білім сапасы 53%, 11-сыныпта - 42% құрды.

Пән бойынша бастапқы мониторинг нәтижелері жалпы білім беретін мектептерден Зияткерлік мектепке түскен оқушылардың барлық пәндер бойынша кемшіліктері бар екенін көрсетті.

Бастапқы мониторинг нәтижелері оқушылар мен ата-аналарды хабарландыру, жеке сабақтарды ұйымдастыру және педагогикалық қолдау көрсету үшін қолданылады; оқушылардың кемшіліктерін еске алу, сабақты сауатты жоспарлау; нәтиже негізінде білім сапасын арттыру.

Оқушыларға педагогикалық қолдау көрсету мақсатында сабақта, жеке сабақпен кеңестер барысында кемшіліктерді есепке алып, жеке оқыту ұйымдастырылды.

Педагогтардың оқушылармен жүргізген жүйелі жұмысы, оқу бағдарламасының жеке тақырыптарын меңгерудегі кемшіліктерді жою нәтижесінде, оқушылардың білім сапасы екінші тоқсанның аяғында 100% өсті.

Кесте. 7-сынып оқушыларының нәтижелері

Пән	Зияткерлік мектепке түскенге дейінгі білім сапасы, %	Математика бойынша конкурстық іріктеудің орташа балы (максималды балл 400)	Бастапқы мониторинг қорытындысы бойынша білім сапасы, %	2014-2015 оқу жылының 2-тоқсан қорытындылары бойынша білім сапасы, %	Білім сапасы көрсеткіштеріндегі айырмашылық, %
Математика	97,2	184,5 (46%)	62,2	100	37,8
Ағылшын тілі	94,5	119,7 (59,9%)	61,5	100	38,5

МАТЕМАТИКА ПӘНІ БОЙЫНША НЕГІЗГІ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫ ЖЕТІСТІКТЕРІНІҢ МОНИТОРИНГІ

Оқушылардың жеке прогресін бағалау, математика пәні бойынша оқу мақсатына қол жеткізуде педагогикалық қолдау көрсету мақсатында, Cito стратегиялық әріптеспен бірлесе 15 Зияткерлік мектепте 7 және 11-сынып оқушыларының оқу жетістіктеріне 3 мониторинг ұйымдастырылды және өткізілді.


Мониторинг қорытындысы бойынша мұғалімдер мен әдістемелік бірлестіктер үшін, әрбір оқушыға арналған жеке есептер, сынып және параллель деңгейіндегі есептер дайындалды, онда оқушыларға қиындық туғызған тараулар, тақырыптар, оқу бағдарламасы мен тексерілетін дағдылар көрсетілді.

Мектептерге 7-сынып оқушылары үшін 1 595 жеке есептер және 11-сынып оқушылары үшін 2 093 есеп дайындалып жіберілді.

Өткізілген мониторингтер қорытындыларына сәйкес оқушылар жетістіктер деңгейлері (бастапқы, базалық, жақсы, жоғары) бойынша бөлінді, оларға талаптарды Зияткерлік мектептердің мұғалімдері мен Cito сарапшылары бірлесе әзірледі. Осы деңгейлердің жан-жақты сипаттамасы 2013 жылғы жылдық есепте ұсынылған.


2013-2014 оқу жылына өткізілген мониторингтер қорытындылары оқу жылының аяғына «Жақсы» және «Жоғары» деңгейлердің тапсырмаларын сәтті орындаған 7-сынып оқушыларының үлесі артқанын көрсетті (Сурет). Осыған сәйкес тапсырмаларды «Базалық» деңгейге орындаған оқушылардың үлесі азайды. Бұл ретте оқу жылының аяғына оқушылар топтар бойынша, шамалап айтқанда, бірдей бөлінді. Оқу жылында математика пәні бойынша қорытындылар динамикасы оқушыларда білім мақсатына қол жеткізуде прогрестін бар екенін куәландырады.

Диаграмма. Мониторингтер бойынша оқу жетістіктерінің деңгейлері бойынша 7-сынып оқушыларының үлесі.



Математика бойынша 11-сынып оқушыларыныңда мониторинг нәтижелерін талдаған кезде осындай тенденция байқалады.

Диаграмма. Мониторингтер бойынша оқу жетістіктерінің деңгейлері бойынша 11-сынып оқушыларының үлесі.



Мониторингтің ұсынылған нәтижелері бойынша мектептерде әдістемелік бірлестіктер отырыстары өткізілді, онда оқушылардың көбі қиындық тудырған тақырыптар мен оқу бағдарламасының бөлімдерін меңгерудегі кемшіліктерді жою жөніндегі жоспарлар әзірленді.

Оқушылармен жеке жұмыс жүргізу жоспарлары, сонымен қатар жеке сабақтардың уақыты мен күні белгіленген, «ата-аналарды хабарландыру карталары» әзірленді.

Есепті кезең барысында мониторинг жүйесін жетілдіру және тест тапсырмалары базасын кеңейту мақсатында Cito сарапшыларының қатысуымен тест тапсырмаларын әзірлеу технологиясы бойынша 3 оқу семинары өткізілді:

1. 7, 8 11 және 12-сыныптарда мониторинг жүргізу үшін математика бойынша тест тапсырмаларын әзірлеуші 28 мұғалімге арналған семинар (Астана, Көкшетау, Семей, Өскемен, Талдықорған, Қарағанды, Шымкент, Орал, Ақтөбе қалалары ДББҰ филиалдарынан). Аталмыш семинар барысында 8 және 12-сынып мониторингі бойынша тест тапсырмаларын сараптау және апробациялау нәтижелері қарастырылды, бағалау міндеттеріне сәйкес тест тапсырмалары жетілдірілді.
2. Мониторинг жүргізу үшін математика бойынша тест тапсырмаларын әзірлеуші 29 мұғалімге арналған семинар, онда 7 және 11-сыныптарда өткізілген 3 мониторинг (сәуір) нәтижелері қаралды, статистикалық талдау нәтижелерін есепке алып, тест тапсырмалары жетілдірілді, бағалау нормалары белгіленді.
3. Тест тапсырмаларын әзірлеуші 28 мұғалімге арналған семинар, онда 7 және 11-сыныптарда өткізілген бірінші мониторинг нәтижелерінің статистикалық талдау нәтижелері, екінші мониторингте (қаңтар) әзірленген тест тапсырмаларының сараптамасы қаралды, бағалау міндеттеріне сәйкес тесттердің матрицалары қайта қаралды.

Тест тапсырмаларының сапасын анықтау және оқушылардың оқу жетістіктерінің мониторинг процесін жетілдіру мақсатында Астана, Көкшетау, Семей, Өскемен, Талдықорған қалаларының Зияткерлік мектептерінде құрастырылған тест тапсырмаларына апробация жүргізілді. Апробацияға 8-сыныптың 616 оқушысы, 12-сыныптың 404 оқушысы қатысты.

Апробация қорытындысы бойынша ПӨО қызметкерлерінің қатысуымен Cito статистикалық талдау жүргізілді, тест тапсырмаларына өзгерістер енгізілді және мониторинг жүйесіне деген жалпы әдістер нақтыланды:

- оқушының оқу барысында прогрестің өзгеру шкаласы;
- оқушының академиялық табыстылығының сипаттамалары;
- барлық мүдделі тұлғалар үшін есептің үлгісі.

Апробация қорытындысы бойынша әзірлеуші-мұғалімдермен семинар өткізілді, семинар барысында тестердің соңғы нұсқасы мен балдардың бастапқы деңгейлері белгіленді.

Жүргізілген жұмыс қорытындысы бойынша «Тест тапсырмаларының банкісінде» математика бойынша оқушылардың оқудағы жетістіктеріне мониторинг жасау үшін 9000 астам тапсырмалар сақталған.

ТІЛ ПӘНДЕР БОЙЫНША НЕГІЗГІ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЖЕТІСТІКТЕР МОНИТОРИНГІСІ

Тіл пәндері бойынша оқу мақсатына жетуде оқушылардың жеке мониторинг жүйесін әзірлеу жұмысы басталды.

Есептік кезеңде Сито сарапшыларымен бірлесіп:

- әзірленген тапсырмаларды әзірлеу және сараптамадан өткізу, ауызша тіл дағдыларын бағалау, апробация қорытындыларын талдау жөнінде 15 Зияткерлік мектептердің ұстаздары және ДББҰ қызметкерлеріне арналған 4 оқыту семинары өткізілді;
- 7-сыныпқа арналған әзірленген тест тапсырмалары сараптамадан және апробациядан өткізілді;
- 8-сыныпқа арналған тапсырмалар әзірленіп, олардың сараптамасы өткізілді.

15 Зияткерлік мектептерде қазақ, орыс және ағылшын тілдері бойынша тест тапсырмаларының апробациясына 1800-ден астам оқушы қатысты, 500-ден астам тест тапсырмалары апробациядан өтті (Кесте).

Кесте. Апробациядан өткен тест тапсырмаларының саны

Дағдылар	Екінші тіл - орыс тілі	Екінші тіл - қазақ тілі	Ағылшын тілі	Жиыны
Оқылым	75	75	90	240
Тыңдалым	75	75	90	240
Сөйлесім	9	7	10	26
Жазылым	9	7	9	25
Барлығы	168	164	199	531

«Оқылым» және «Тыңдалым» дағдыларын бағалау үшін тест тапсырмаларының қосымша апробациясы өткізілді, 15 Зияткерлік мектептердің 1800-ден астам оқушысы қатысып, 900-ден астам тапсырмалар апробацияланды.

Кесте. Қосымша апробациядан өткен тест тапсырмаларының саны

Дағдылар	Екінші тіл - орыс тілі	Екінші тіл – қазақ тілі	Ағылшын тілі	Жиыны
Оқылым	150	150	180	480
Тыңдалым	150	150	180	480
Барлығы	300	300	360	960

2014 жылғы маусым - шілде айларында 8-сыныпқа арналған тест тапсырмаларын әзірлеу жөнінде Зияткерлік мектептердің мұғалімдері үшін жаттықтыратын семинар өткізілді. Қазақ, орыс және ағылшын тілдері бойынша 487 тапсырма әзірленді (6-кесте).

2015 жылы 8-сыныптың тест тапсырмаларын апробациядан өткізу үшін тест нұсқалары қалыптастырылды.

Кесте. 8-сыныпқа арналған әзірленген тапсырмалар саны

Дағдылар	Қазақ тілі	Орыс тілі	Ағылшын тілі	Барлығы
Тыңдалым	60	78	70	208
Оқылым	66	100	63	229
Жазылым	10	10	9	29
Сөйлесім	8	4	9	21
Жиыны	144	192	151	487

6-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІ БОЙЫНША МОНИТОРИНГІСІ

Астана, Көкшетау, Талдықорған, Семей және Өскемен қалаларындағы бес Зияткерлік мектептерде математика, қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі пәндері бойынша 6 сынып оқушыларының Президенттің Грантына конкурстық іріктеуге дайындығын бағалау мақсатында және оларға педагогикалық қолдау көрсету үшін оқу жетістіктерінің мониторингісі өткізілді.

Математика. Оқушылардың білім сапасы 76% құрады. Ең көп қиындық келтірген анализ бен синтез тапсырмалары, оны 68% оқушы орындады.

Қазақ тілі. Оқушылардың білім сапасы 42% құрады. Олар «Тыңдалым» мен «Оқылым және мәтінмен жұмыс» дағдыларын тексеру тапсырмаларын сәтті орындады (70%). «Жазылым» дағдысы бойынша көрсеткіш төмен - 67%.

Орыс тілі. Оқушылардың білім сапасы 73% құрады. Оқылым, сөйлеу қызметінің реті түрінде ең қиынырақ болды, орташа алғанда тапсырмалардың орындалу пайызы 68%.

Ағылшын тілі. Тапсырмаларды дұрыс орындаған оқушылар үлесі орташа есеппен 73% құрады. Оқушылардың басым көпшілігі (98%) тыңдалым (Listening) бойынша тапсырмаларды сәтті орындады, олар жазылым бойынша тапсырмаларды (Writing) нашар орындады - 69%.

Мониторинг нәтижесінде оқушылар қосымша оқуды қажет ететін оқу бағдарламаларының бөлімдері мен тақырыптары көрсетілген жеке есептер алды. Есеп негізінде мектеп педагогтарымен пәндер бойынша оқу бағдарламаларын меңгеруде оқушылардың кемшіліктерін жою мақсатында жеке оқулар мен кеңестердің кестесі даярланды.

Есептік кезеңде орындалған істердің қорытындысы бойынша апробация өткізу және оқушылардың жеке ілгерілеуінің мониторинг жүйесін жетілдіру жөнінде ДББҰ Даму стратегиясының көрсеткішіне қол жеткізілді.

2015 жылға арналған жоспарлар

- Жеке педагогикалық қолдауды ұйымдастыру мақсатында Біріктірілген білім беру бағдарламасының болжамды нәтижелеріне сәйкес оқушылардың білім мен дағдыларындағы кемшіліктерді анықтау үшін жаңадан ашылған Зияткерлік мектептердегі оқушылардың оқу жетістіктерінің бастапқы мониторингісін өткізу.
- Бастауыш мектепті аяқтағанда пәндер бойынша оқушылардың білім және оқу дағдыларын қалыптасу деңгейін анықтау мақсатында 4-сынып оқушыларының оқудағы жетістіктерінің мониторингісі өткізіледі.
- Оқу бағдарламасының тақырыптары және төмен меңгерген бөлімдер бойынша оқушылардың жеке сабақтары мен оқу үдерісін ұйымдастыру мақсатында 6-сынып оқушыларының оқудағы жетістіктерінің мониторингісі өткізіледі.
- Әрбір оқушының жеке даму траекториясын түзету мақсатында математика бойынша 7, 8, 11 и 12-сынып оқушыларының оқу жетістіктерін бағалау үшін мониторинг өткізіледі.
- 9 және 10-сыныптарда математика пәні бойынша оқушылардың оқудағы жетістіктерінің мониторингісі үшін тест тапсырмаларын әзірлеу.
- 9-сыныптарда математика пәні бойынша оқушылардың оқудағы жетістіктері мониторингісінің тапсырмаларын апробациясын өткізу.
- 7-сыныптарда тіл пәндері бойынша оқушылардың оқу жетістіктеріне мониторинг өткізу.
- 8-сыныптарда тіл пәндері бойынша оқушылардың оқу жетістіктерін мониторингтеуде тапсырмалар апробациясын өткізу.
- 9-сыныптарда тіл пәндері бойынша оқушылардың оқу жетістіктерінің мониторингі үшін тест тапсырмаларын әзірлеу.

1.8.2 Критериалды бағалау жүйесі

Жұмыс жасайтын 15 Зияткерлік мектептерде «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ әзірленген оқушылардың оқудағы жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі енгізіліп, жұмыс жасауда.

Бұл мәселе бойынша ДББҰ Даму Стратегиясының көрсеткішіне қол жеткізілді.

2014 жылы ПӨО қызметкерлері мен КХЕК сарапшылары бірлесіп Зияткерлік мектептердегі ұстаздардың қалыптастырушы бағалауын стандарттау және қолдану, біртұтас түсіну мақсатында 1, 2, 7, 8, 9, 11, 12-сыныптарға арналған «Бағалау жөнінде ұсыныстар» әзірленді. Ұсынысқа іріктелген оқу мақсаттары, мұғалімдерге арналған әрекет, бағалау тәсілдері, оқудағы мақсатқа қол жеткізгені туралы шешім қабылдау барысында ұстаздың әрекеттері, топ жұмысын бағалау әдістері, жобаларды және оқудағы мақсатқа қол жеткізудің қадамдық алгоритмі бар жетістік критерийлерін бағалау кіреді.

Бағалау бойынша 160 ұсыныс дайындалды. Оның ішінде қазақ тілінде - 68, орыс тілінде - 65, ағылшын тілінде - 27.

Ішкі жиынтық бағалауды өткізу үшін барлық тапсырмалардың сипаттамасы бар қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде 124 тестік спецификациялар әзірленді. Тест спецификациясы сыртқы жиынтық бағалау шамасы негізінде әзірленген ішкі жиынтық бағалау тапсырмаларын құрастыру үшін тиімді құрал. Осы оқу жылында тест спецификациясының форматы жетілдіріліп, оның құрамына тапсырмалармен сәйкестенген балл қою кестесі, оқу жоспарлары, тапсырма үлгілері бойынша дағдылар, кіреді.

Критериалды бағалауды қолдану барысында кадр әлеуетін арттыру мақсатында жаттықтыратын семинарлар өткізілді:

- 1) критериалды бағалауды қолдануда тәжірибемен тиімді алмасу мақсатында Ұстаздардың кәсіби қауымдастығы үшін - 30 мұғалім мен ПӨО қызметкерлері оқытылды. Аталмыш семинардың мақсаты мұғалімдерге тест спецификациясының үлгісін және ішкі жиынтық бағалау үшін тапсырмаларды құрастыруды үйрету;
- 2) тақырып, пән, сынып тұрғысында оқыту мақсаттарына қол жеткізудегі жетістік критерийлерін әзірлеу жөнінде Зияткерлік мектептердің мұғалімдері үшін - 172 адам жетістік критерийлерін құрастыру дағдыларына үйретілді. Аталмыш семинар қалыптастырушы бағалауды өткізу үшін жетістік критерийлерін құрастыруда үлкен көмегін тигізді;
- 3) қалыптастырушы Зияткерлік мектеп мұғалімдері үшін бағалау нәтижелерінің модерациясын өткізу бойынша - 172 мұғалім қатысты. Аталмыш семинардың мақсаты модерацияны өткізудің негізгі қағидаларын түсіндіру. Семинардан кейін мұғалімдер өздерінің әріптестерімен қалыптастырушы бағалау модерациясын өткізудегі ұйымдастыру тәжірибесімен бөлісті;
- 4) критериалды бағалауды қолдану тәжірибесімен бөлісу мақсатында Зияткерлік мектептер мұғалімдері үшін - 135 мұғалім қатысты. Семинар кезінде мұғалімдер тәжірибесімен бөлісе отырып, әріптестерін бағалаудың жаңа жолдарына үйретті. Ашық сабақтарды өткізу ілгерілеуді ұғынудың және критериалды бағалауды қолданудағы қиыншылықтарды анықтаудың тиімді тәсілі болды;
- 5) әдістемелік қолдау көрсету мақсатында Алматы қ. жаңадан ашылған Зияткерлік мектептебі үшін – 116 мұғалім қатысты. Зияткерлік мектептердің мұғалімдері қалыптастырушы бағалаудың қолдануын іс - жүзінде көрсету үшін ашық сабақтар ұйымдастырды. Сондай-ақ мектеп мұғалімдері қалыптастырушы бағалауды қолдануымен, сабаққа әріптестермен бірлесіп дайындалуға мүмкіндік алды. Зияткерлік мектептер үшін әдістемелік көмек болатын қалыптастырушы бағалау қолданылған пәндер бойынша мұғалімдердің бейне сабақтары семинардың нәтижесіне айналды. Критериалды бағалауды қолдану мәселелері және семинар бойынша кері байланысты талқылаудың скайп-конференциялары ұйымдастырылды.
- 6) Зияткерлік мектептердің мұғалімдері үшін БББО ұйымдастырған КБББ семинарлары аясында критериалды бағалау бойынша кеңестік қолдау көрсету семинары . Бұл семинарда сессиялардың бірі бағалауға арналып өткізілді. Мұнда жетістік критерийлерін түзетуге көп көңіл бөлінді.

2015 жылға арналған жоспар

- 3 және 10-сыныптарға арналған «Бағалау жөнінде ұсыныстар» және тест спецификацияларын әзірлеу;
- 1,2,7,8,9,11,12-сыныптарға арналған «Бағалау жөнінде ұсыныстарды жетілдіру»;
- Пәндер мен сыныптар бойынша «Қалыптастырушы бағалаудың тапсырмалар жинағын» әзірлеу;
- Модерация үдерісін тиімді өткізу үшін «Ішкі жиынтық бағалаудың қалыптастырушы бағалау мен стандарттау модерациясы бойынша ұсынысты» әзірлеу;
- Жетістік критерийлерін және қалыптастырушы бағалау модерациясын қолдануды жетілдіру мақсатында Зияткерлік мектептердің педагог қызметкерлерін оқыту;
- Ашылып жатқан мектептерге, Қостанай, Алматы қалаларындағы Зияткерлік мектептерге әдістемелік қолдау көрсету мақсатында жаттықтыратын семинарларды ұйымдастыру;
- Зияткерлік мектептер арасында критериалды бағалауды пайдалану бойынша тәжірибе алмасу үшін семинарларды ұйымдастыру.

1.8.3 Қорытынды аттестаттау

2014 жылы 11-12 сынып оқушыларының қорытынды аттестаттауы 12 Зияткерлік мектепте өткізілді.

Орал қаласындағы ФМБ жоғары мектебінің түлектерін қорытынды аттестаттау күтілетін нәтижеге – 2010 жылғы Білім беру бағдарламаларына сәйкес стратегиялық серіктестерсіз өткізілді;

Астана қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебіндегі жоғары мектеп түлектерінің қорытынды аттестаттауы ХБ бағдарламасының болжалды нәтижесіне сәйкес өткізілді;

Астана (ФМБ), Көкшетау, Семей, Талдықорған, Өскемен, Ақтөбе, Қарағанды, Шымкент (ФМБ, ХББ), Орал қалаларының Зияткерлік мектептерінің 11 және 12-сынып оқушыларын сыртқы жиынтық бағалануы КХЕК қатысуымен КБББ күтілетін нәтижесіне сәйкес өткізілді.

ОРАЛ ҚАЛАСЫ ФМБ ЖОҒАРЫ МЕКТЕБІ ТҮЛЕКТЕРІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУЫ

2013-2014 оқу жылында Орал қаласындағы ФМБ Назарбаев Зияткерлік мектебінің 12-ші сыныбын 46 оқушы бітірді, оның 32 оқушысы қазақ тілінде, ал 14 оқушысы орыс тілінде оқытылды.

Қорытынды аттестаттау қысқа және толық жауаптарды талап ететін тапсырмалар мен тест түрінде келесі пәндер бойынша ана тілі, екінші тіл, Қазақстан тарихы, математика, физика, химия, биология өткізілді.

Мектеп түлектері жоғары білімнің жоғары деңгейін көрсетті. Барлық пәндер бойынша білім сапасы 100% құрады.

Кесте. Орал қаласы Зияткерлік мектебі түлектерінің пәндер бойынша қорытынды аттестаттау нәтижесі

№	Пән	Барлық оқушы	Бағасы бар оқушылар саны:									
			Барлығы									
			5	%	4	%	Білім сапасы, %	3	%	2	%	
1	Ана тілі	46	46	100	0	0,0	100	0	0	0	0	
2	Екінші тіл	46	44	95,7	2	4,3	100	0	0	0	0	
3	Қазақстан тарихы	46	46	100	0	0	100	0	0	0	0	
4	Математика	46	40	87	6	13	100	0	0	0	0	
5	Физика	46	28	60,9	18	39,1	100	0	0	0	0	

АСТАНА ҚАЛАСЫ НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕБІНІҢ ЖОҒАРҒЫ МЕКТЕБІ ТҮЛЕКТЕРІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУЫ

2013-2014 оқу жылдары Астана қаласының Назарбаев Зияткерлік мектебінде 12-ші сыныпты 44 адам аяқтады.

Қорытынды аттестаттау келесі міндетті пәндер бойынша: ана тілі, екінші тіл, Қазақстан тарихы, математика, сонымен қатар келесі пәндердің бірін таңдау бойынша өтті: физика, химия, биология пәні. Мектептің 23 оқушысы биологияны, 15 – физиканы және 6 оқушысы – химия пәнін таңдады.

Астана қаласының Назарбаев Зияткерлік мектебінің түлектері жоғары білім сапасын көрсетті – 95,9%.

Кесте. Астана қаласы Назарбаев Зияткерлік мектебінің жоғарғы мектеп түлектерінің қорытынды аттестаттау нәтижелері

№	Пән	Барлық оқушы	Баға алған оқушылар саны:									
			Барлығы									
			5	%	4	%	Білім сапасы, %	3	%	2	%	
1	Ана тілі	44	30	68,2	14	31,8	100	0	0	0	0	
2	Екінші тіл	44	44	100	0	0	100	0	0	0	0	
3	Қазақстан тарихы	44	44	100	0	0	100	0	0	0	0	
4	Математика	44	19	43	17	38,6	81,8	8	18,2	0	0	
5	Физика	15	10	66,7	5	33,3	100	0	0	0	0	
6	Химия	6	4	66,7	2	33,3	100	0	0	0	0	
7	Биология	23	22	95,7	0	0	95,7	1	4,3	0	0	

Астана (ФМБ), Көкшетау, Семей, Талдықорған, Өскемен, Ақтөбе, Қарағанды, Шымкент (ФМБ, ХББ), Орал қалаларының Зияткерлік мектептерінің 11 сынып оқушыларын және Астана (ФМБ), Көкшетау, Семей, Талдықорған, Өскемен қалаларының Зияткерлік мектептерінің 12 сынып оқушыларын СЫРТҚЫ ҚОРЫТЫНДЫ БАҒАЛАУ.

2013-2014 оқу жылы алғаш рет ПӨО КХЕК бірлесіп Зияткерлік мектептерде оқитын 11 және 12 сыныптарының оқушыларына сыртқы қорытынды бағалау өткізді.

Түлектер емтихандарды жоғарғы мектепте меңгеруге арналған 9 пәнді таңдау бойынша тапсырды. ҰБТ-мен салыстырғанда сыртқы қорытынды бағалау емтихандары жауап нұсқалары бар сұрақтарды, қысқаша немесе толық жауапты талап ететін сұрақтарды, курстық жұмыстар мен эсселерді, презентацияларды, эксперименттік тапсырмаларды қамтиды. Бірінші және екінші тіл бойынша тілдік қызметтің төрт түрі (оқылым, тыңдалым, жазылым және сөйлесім) бағаланды.

Емтихандық материалдың және бағалау нысанының осындай құрылымы оқушылардың функционалдық сауаттылығын, сыни ойлануын, білімдерін шығармашылық қолдануын, тілдік және коммуникациялық дағдыларын, өзіндік жұмысты ұйымдастыру дағдыларын тексеруге бағытталған.


11 сыныптар

Сыртқы қорытынды бағалауға 11 сыныптардың 1 159 оқушысы қатысты.

Барлық оқушылар тереңдетілген деңгейде – «Жаһандық перспективалар және жобалық жұмыс» (ЖПЖЖ) пәні бойынша бір міндетті пәнді - ағылшын тілінде тапсырды, сонымен қатар стандартты деңгейде таңдау бойынша пәннен: «Қазақ тілі бірінші тіл ретінде» - 287 оқушы, «Қазақ тілі екінші тіл ретінде» - 195 оқушы, «Орыс тілі бірінші тіл ретінде» - 172 оқушы, «Орыс тілі екінші тіл ретінде» - 179 оқушы тапсырды.

Емтихандардың қорытындысы бойынша білім сапасы 74,8%-ды құрады.


Диаграмма. Барлық емтихандардың қорытындысы бойынша 11 сыныптардың білім сапасы, %



ЖПЖЖ пәні бойынша емтихан нәтижелері 11-сынып оқушыларының өз көзқарасы тұрғысынан түсіндіру және дәлелдеу дағдылары жақсы дамығандығын, бірақ функционалды оқу, салыстыру және талдау дағдыларын әлі де дамыту қажеттігін көрсетті.

Қазақ және орыс тілдері бойынша оқушылар тілдік қызметтің барлық 4 түрі бойынша жоғары нәтижелер көрсетті.

Диаграмма. 11 сыныптардың пәндер бойынша білім сапасы, %



12 сыныптар

12-сыныптарда сыртқы қорытынды бағалау бойынша барлығы 393 оқушы қатысты.

Оқушылар келесі пәндер бойынша емтихандар тапсырды:

- ортадан жоғары деңгейде меңгерілетін 2 міндетті пән (Математика және Жаһандық келешектер мен жобалық жұмыс);
- стандартты деңгейде меңгерілетін 2 міндетті пән (Әдебиет және Қазіргі заманғы әлемдегі Қазақстан);
- ортадан жоғары деңгейде меңгерілетін 4 пәннің ішінен таңдалатын 2 таңдау бойынша пән (Физика – 318 оқушы, Химия – 136 оқушы, Биология – 115 оқушы, Ақпараттану – 217 оқушы);
- стандартты деңгейде меңгерілетін 2 таңдау бойынша пән (Экономика – 312 оқушы, География – 140 оқушы).

Математика, физика, химия, биология, жаһандық перспективалар және экономика пәндері бойынша емтихандарды барлық оқушылар – ағылшын тілінде, география, қазіргі заманғы әлемдегі Қазақстан бойынша – қазақ тілінде, әдебиет бойынша – емтихан компонентіне байланысты қазақ және орыс тілдерінде тапсырды.

Зияткерлік мектептердің барлық түлектері ағылшын тілін меңгеру деңгейін бағалауға халықаралық IELTS емтиханын тапсырды.

Математика бойынша емтихан нәтижелерінде оқушылар бәрінен бұрын негізгі математикалық ұғымдарды, формулалар мен тәсілдерді білуі мен түсінуін, математикалық тапсырмалар мәнмәтінінде оқу бағдарламасының әр түрлі білімдерін талдай білетіндігін үздік көрсетті.

Әдебиет бойынша емтиханда оқушылар әдеби мәтіндерді жақсы білетіндігін және түсінетіндігін, сыни талдау дағдыларын, мәтіндерді түсіндіру үшін тиісті терминологияны пайдалана білетіндігін және өз ойлары мен идеяларын тиімді білдіре алатындығын көрсетті.

«Қазіргі әлемдегі Қазақстан» пәні бойынша емтихан тапсырушылардың көпшілігі сұрақтың мәнін түсіну, материалды аша және талдай білу бойынша жақсы білімдерін көрсетті.

«Жаһандық перспективалар және жобалық жұмыс» пәні бойынша жобалық жұмысты орындау кезінде оқушылар зерттеулер жүргізу, өз көзқарасын білдіре білу, нақты өмірде болып жатқан оқиғаларды бағалай білу бойынша жеткілікті дамыған білімдерін көрсетті.

Оқушылардың міндетті пәндер бойынша білім сапасы суретте көрсетілген.

Диаграмма. 12 сыныптардың міндетті пәндер бойынша білім сапасы, %



География бойынша емтихан нәтижелері оқушылар әр түрлі ақпарат көздерінен мысалдар келтіре отырып, өз пікірін білдіре алатындығын, қорытындылар жасай алатындығын көрсетті. Емтиханның тәжірибелік бөлігінде оқушылар эксперимент жүргізу үшін аспаптармен жұмыс істеуде жақсы дағдыларын көрсетті.

«Физика», «Химия», «Биология» пәндері бойынша емтихан нәтижелері оқушылардың жаңа жағдайларда өз білімдерін қолдана білетіндігін, жүйелендіру және әр түрлі ақпарат көздерін таныстыру дағдыларын көрсетті.


Экспериментті тапсырмаларды орындау барысында оқушылар қауіпсіздік техникасын сақтай біледі.

Экономика бойынша емтихан нәтижелері оқушылардың мәтіндік, сандық және графикалық ақпаратты түсіндіре алатындығын көрсетті.

Информатика бойынша емтихан нәтижелері оқушылардың жобалау және дизайн бойынша, сонымен қатар «Қоғамдағы ақпараттық технологиялар» бөлімі бойынша тапсырмаларды жақсы атқарғандығын көрсетті.

Оқушылардың таңдау бойынша пәндердегі білім сапасы суретте көрсетілген.

Диаграмма. 12 сыныптардың таңдау бойынша пәндердегі білім сапасы, %



Емтихан өткізуге қойылатын КХЕК халықаралық талаптарына сәйкес келген мектеп оқушылары емтихан нәтижелері бойынша КХЕК сертификаттарын алғандығын айта кеткен жөн.

Кембридж логотипімен сертификат беру үшін, КХЕК аккредиттеу бойынша рәсім жүргізді. Процедура емтихан материалдарын әзірлеу сапасы мен емтиханды басқаруды бағалауды қамтыды. Емтихандар өткізу мен балдар қою кезеңінде КХЕК сарапшылары емтихан өткізуді тексеру мақсатында Зияткерлік мектептерді аралады және оқушылар дерекқорымен жұмыс істеу барысында аудит жүргізді. Кембридж логотипі бар сертификаттар А және AS халықаралық емтихандар деңгейлеріне сай және әлемнің барлық университеттерінде мойындалады.

2015 жылға арналған жоспар

- ХЭСК бірлесіп 10 Зияткерлік мектептердің (Астана, Көкшетау, Семей, Талдықорған, Өскемен, Ақтөбе, Қарағанды, Шымкент (ФМБ, ХББ), Орал қалаларының) 12-сынып оқушыларының оқу жетістіктерін сыртқы тәуелсіз қорытынды бағалауды ұйымдастыру және өткізу;
- КХЕК бірлесіп 14 Зияткерлік мектептердің (Астана, Көкшетау, Семей, Талдықорған, Өскемен, Қарағанды, Шымкент (ФМБ, ХББ), Орал, Ақтөбе, Атырау, Павлодар, Қызылорда, Тараз қалаларының) 11-сынып оқушыларының оқу жетістіктерін сыртқы тәуелсіз қорытынды бағалауды ұйымдастыру және өткізу;
- 2015-2016 оқу жылы 11 және 12-сынып оқушыларын сыртқы тәуелсіз қорытынды бағалауға арналған емтихан материалдарын әзірлеу.
- 2016-2017 оқу жылы 11 және 12-сынып оқушыларын сыртқы тәуелсіз қорытынды бағалауға арналған емтихан материалдарын әзірлеуді бастау.
- 2015-2016 оқу жылы 10-сынып оқушыларын сыртқы тәуелсіз қорытынды бағалауға арналған емтихан материалдарын әзірлеуді аяқтау.
- 10-сынып оқушылары үшін әзірлеушілерге арналған нұсқауды әзірлеу.
- Зияткерлік мектептердің барлық түлектерінің IELTS емтихан сертификатын алуы.

1.9 Оқушылардың оқу жетістіктерінің нәтижелері

1.9.1 Оқушылардың үлгерімі мен білім сапасы

2013-2014 жылдың соңында 15 Зияткерлік мектептерде 9 877 оқушы оқыды.

Оқу жылын мына бағалармен аяқтаған оқушылар саны:


- «өте жақсы» - 1 357 (13,74%);
- «жақсы» - 6 016 (60,91%);
- «қанағаттанарлық» - 2 504 (25,35%).

Оқу жылын келесі бағалармен аяқтаған оқушылардың ең саны көп:

- «өте жақсы» - Астана (31,7%), Көкшетау (27,8%), Өскемен (22,2%) қалаларындағы ФМБ мектептерінде;
- «жақсы» - Ақтөбе (73,6%), Шымкент ХББ (67,8%) және Астана қалаларындағы ХБ (67,1%) мектептерінде.

Оқу жылының қорытындысы бойынша білім сапасы **74,7%**-ды құрады, ең жоғарғы көрсеткішті Астана қаласының ФМБ мектебінің (94,7%) оқушылары көрсетті.

Диаграмма. 2013-2014 оқу жылының қорытындысы бойынша
Зияткерлік мектептер оқушыларының білім сапасы және үлгерімі, %



2013-2014 оқу жылында 22 түлек үздік аттестатқа үміткер болды. Олардың барлығы өз білімдерін дәлелдеді. Үздік аттестат иелерінің үлесі Зияткерлік мектептерді аяқтаған оқушылардың жалпы санының 4,6%-ын құрады. Астана қаласының ФМБ мектеп оқушылары (11,6%) ең жоғары көрсеткіш көрсетті.

77 оқушы үздік аттестатқа және «Алтын белгі» белгісіне үміткер болды, олардың ішіндегі 69 түлек немесе 90% өз білімдерін дәлелдеді. Республикада бұл көрсеткіш 30%-ды құрайды.

«Алтын белгі» иелерінің үлесі Зияткерлік мектептерді аяқтаған оқушылардың жалпы санынан 14,3%-ын құрады. Жоғары көрсеткіштерді Астана (20,9%), Орал (19,6%) және Көкшетау (19,2%) қалаларының ФМБ мектептері көрсетті.

Кесте. 2013-2014 оқу жылының қорытындысы бойынша үздік және «Алтын белгімен» жалпы және орта білім беру туралы аттестат алған түлектердің үлесі

№	Зияткерлік мектеп	Барлық оқушы	Үздік аттестат иелерінің саны	«Алтын белгі» иелері саны	Оқушылардың жалпы санынан үздік аттестат иелерінің үлесі	Оқушылардың жалпы санынан «Алтын белгі» иелерінің үлесі
1	Астана ФМБ	86	10	18	11,6	20,9
2	Орал ФМБ	46	2	9	4,3	19,6
3	Көкшетау ФМБ	78	3	15	3,8	19,2
4	Өскемен ХББ	90	1	13	1,1	14,4
5	Астана қ.	44	3	4	6,8	9,1
6	Семей ФМБ	64	2	5	3,1	7,8
7	Талдықорған ФМБ	75	1	5	1,3	6,7
Барлығы		483	22	69	4,6	14,3

1.9.2 Оқушылардың халықаралық және республикалық олимпиадаларға, ғылыми байқауларға, конференцияларға қатысу нәтижелері

2014 жылдың ішінде Зияткерлік мектептердің 1600-дан астам оқушы 40-тан астам республикалық және халықаралық олимпиадаларға, ғылыми жобалар байқауларына қатысты. 854 оқушы жүлдегер атанды.

Кесте. Республикалық және халықаралық олимпиадалар, ғылыми жобалар байқаулары жүлдегерлерінің саны

№	Зияткерлік мектептері	Халықаралық олимпиадалар және байқаулар	Республикалық олимпиадалар және байқаулар	Барлығы
1	Астана ФМБ	2	8	10
2	Астана НЗМ	8	5	13
3	Алматы ФМБ	1	1	2
4	Ақтөбе ФМБ	4	18	22
5	Көкшетау ФМБ	3	18	21
6	Қарағанды ХББ	78	18	96
7	Қызылорда ХББ	134	6	140
8	Павлодар ХББ	5	115	120
9	Семей ФМБ	6	6	12
10	Талдықорған ФМБ	7	13	20
11	Тараз ФМБ	10	9	19
12	Орал ФМБ	11	43	54
13	Өскемен ХББ	221	28	249
14	Шымкент ФМБ	20	30	50
15	Шымкент ХББ	22	4	26
Барлығы		532	322	854

Олардың ішінде республикалық пәндік олимпиадалар, президент олимпиадасы, халықаралық олимпиадалар, ғылыми жобалар байқауларының іріктеу және қорытынды кезеңдері.

Халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалардың байқауларында биология, физика, техника, ақпараттану, электроника пәндері бойынша бірінші жүлделі орындарға – Талдықорған - Югай Янис, Семей - Тулегенов Нурислам, Көкшетау – Сейілбекова Айгерім, Өскемен - Алимханов Жарас, Астана - Керимбаев Ильяс қалаларындағы Зияткерлік мектептердің оқушылары ие болды.

Зияткерлік мектептердің тағы бір жетістігі WRO (<http://www.wroboto.org>) Дүниежүзілік робот техникасы олимпиадасының ережелері бойынша бірінші «2014 Робот техникасы бойынша республикалық олимпиадасын» өткізу болды. Олимпиаданың жарыс дисциплиналарында бірінші орындарға Орал қаласы Зияткерлік мектебінің оқушылары Булганбаев Муратбек, Граница Дмитрий, Сагинов Жандос, Бекетов Адилет, Закарина Райхан, Тналиев Шымболат, Жумагулова Камила, Баймурат Қуаныш иеленді.



Олимпиада қорытындысы бойынша республикалық олимпиада жеңімпаздарынан құралған Қазақстан Республикасының командасы құрылды. Сочи қаласында өткен WRO-2014 олимпиадасында команда жұптарға бөлініп, әр түрлі жарыс дисциплиналарына қатысты. Талдықорған қаласы Зияткерлік мектебінің оқушылары Талғат Бек пен Сартбаев Ратмир ашық санатта 3-орынға ие болды.

ДББҰДаму стратегиясының Зияткерлік мектептер оқушылардың жаратылыстау-математикалық, гуманитарлық бағыттағы пәндер бойынша халықаралық байқаулар мен олимпиадаларға қатысуы және олардың сандық деректерде жоғары нәтижелерге жетуі туралы күтілетін нәтижесі сандық көрсеткіште қол жеткізілді.

1.9.3 Халықаралық емтихандар нәтижелері

Зияткерлік мектептердің түлектері жыл сайын IELTS халықаралық емтиханын тапсырады, олардың нәтижелерін бүкіл әлем бойынша жетекші жоғары оқу орындары мойындайды.

Есептік кезеңде жеті Зияткерлік мектептің 483 оқушысы емтихан тапсырды. Максималды 9,0 баллдан орташа балл 5,9 құрады, бұл көрсеткіш 2012-2013 оқу жылымен салыстырғанда 0,3 балға жоғары.


Кесте. 2013-2014 оқу жылындағы IELTS емтиханының нәтижелері

№	Мектеп	Оқушылар саны	Тыңдалым (орташа балл)	Оқлым (орташа балл)	Жазылым (орташа балл)	Айтылым (орташа балл)	Қорытынды (орташа балл)
1	Астана НЗМ	44	6,1	5,7	5,3	5,7	5,8
2	Астана ФМБ	86	7,2	6,7	5,7	6,1	6,5
3	Көкшетау ФМБ	78	6,3	5,9	5,5	5,6	5,9
4	Семей ФМБ	64	6	5,9	5,6	6	5,8
5	Талдықорған ФМБ	75	6,2	5,9	5,5	6	5,9
6	Өскемен ХББ	90	6,4	5,9	5,4	5,5	5,9
7	Орал ФМБ	46	5,8	5,7	5,3	5,3	5,6
Барлығы		483	6,2	5,9	5,4	5,7	5,9

Астана қаласы ФМБ Назарбаев Зияткерлік мектебі түлектерінің орташа балы – 6,5-ті құрағанын атап өткен жөн, бұл ең жоғарғы нәтижені көрсетеді.

Екі жыл ішіндегі нәтижелерді салыстыру дағдылар бойынша балдар және жалпы орташа баллы 2013-2014 оқу жылында жоғары болғандығын көрсетті.

Диаграмма. IELTS орташа баллы



Түлектердің 11%-ы 7,0 және одан жоғары балға ие болды. Барлық оқушылар контингентінен жоғары баллды Астана қаласындағы физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектебінің 1 оқушысы – 8,5 балл, 2 оқушысы - 8 балл, 16 оқушысы -7,5 балл және 30 оқушысы - 7 балл алды.

Кейбір оқушылар **SAT-1 және SAT-2 халықаралық емтихандарын** тапсырды. **SAT-1** математика, сыни ойлану және жазылым, SAT-2 – екі профильдік (математика және физика немесе математика және химия) пәндерін **қамтиды**.

Америка Құрама Штаттарының жоғары оқу орындарына түсу үшін SAT-1, SAT-2 емтихандары бойынша максималды 2400 баллдан әрбір пән бойынша кемінде 500 балл алу жеткілікті.

2013-2014 оқу жылында **SAT-1 емтиханын** ФМБ Астана және Семей қалаларындағы Зияткерлік мектептердің 43 түлегі тапсырды. Олардың нәтижелері сәйкесінше 1582 және 1125 баллды құрады, екі мектеп бойынша орташа балл – 1354.

SAT-2 емтиханын Зияткерлік мектептердің (Астана және Семей қалаларындағы ФМБ) 14 түлегі тапсырды. Астана қаласындағы ФМБ Зияткерлік мектеп оқушыларының орташа балы – 2110, Семей қаласындағы ФМБ Зияткерлік мектеп оқушыларының орташа балы – 1210, орташа балл – 1660-ты құрады.

SAT-2 халықаралық емтиханында математика бойынша жоғары 800 ықтимал балдан 800, 760 және 710 балл алып, үздік жас математиктер атағына ие болған Семей қаласындағы ФМБ Зияткерлік мектеп үш оқушысының нәтижелерін ерекше атап өткен жөн.

Кесте. SAT-1, 2 халықаралық емтихандарының нәтижелері

Емтихан	Қатысушылар саны	Ең көп балл	Зияткерлік мектептер нәтижесі
SAT-1	Астана-27 ФМБ	2400	1 582
	Семей-16 ФМБ		1 125
SAT-2	Астана-1 ФМБ	2400	2 110
	Семей-13 ФМБ		1 210

Емтихан нәтижелері бойынша «2011-2014 оқу жылындағы Назарбаев Зияткерлік мектептері оқушыларының халықаралық емтихандар нәтижелерінің талдауы» дайындалды.

1.9.4 Жоғары оқу орындарына түсу

2013 – 2014 оқу жылында Назарбаев Зияткерлік мектептерін 483 оқушы аяқтады, олардың барлығы жоғары оқу орындарына түсті.

431 немесе 89,2% түлек Қазақстан Республикасының жетекші жоғары оқу орындарына түсті, олардың ішінде 152 түлек (31,5%) – Назарбаев Университетіне түсті.

Назарбаев Университетіне түскен түлектердің басым көпшілігі Астана қаласының физикалық-математикалық бағыттағы Зияткерлік мектебінің түлектері (42 түлек) және Өскемен қаласының химия-биологиялық бағыттағы Зияткерлік мектебінің түлектері (36 түлек).

18 түлек (3,7%) ТМД елдерінің жоғары оқу орындарында оқиды.

Алыс шет елдердің беделді университеттеріне 34 немесе 7% түлек түсті. Олардың ішінде 14 түлек Астана қаласының ФМБ Зияткерлік мектебінің түлектері және 10 түлек – Астана Зияткерлік мектебінің түлектері.

Барлық түлектердің 94% (454) грантқа түсті.

Түлектердің жалпы санынан 238 немесе 49,3% техникалық мамандықтарда, 39 адам немесе 8,1% - медициналық, 15 адам немесе 3% педагогикалық мамандықтарда (математика, химия, биология, физика) оқиды, 234 адам немесе 48,4% жаратылыстану - ғылыми мамандықтарда.

Осылайша, есептік кезеңде Назарбаев Зияткерлік мектептері желісінің білім беру жүйесінің тиімділігі келесі көрсеткіштерге қол жеткізді:

- Оқушылардың білім спасы 74,7%, жоғарғы мектеп оқушыларының көрсеткіші **-94,8%**-ды құрады.
- **100%** үміткер **үздік аттестатты** дәлелдеді.
- **90%** үміткер **«Алтын белгі» белгісін** дәлелдеді.
- **100%** түлек жоғары оқу орындарына түсті.



2. ТӘЖІРИБЕ ТАРАТУ

ДББҰ қызметінің басымды стратегиялық бағыттарының бірі еліміздің білім беру жүйесіне Зияткерлік мектептердің жинақталған тәжірибесін енгізу.

Зияткерлік мектептердің тәжірибесін тарату еліміздің педагогикалық қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды, педагогикалық жоғары оқу орындарының студенттерін оқытуды ұйымдастыру, жалпы білім беру мектептерінің оқушылары мен мұғалімдері үшін онлайн сабақтар жүргізу, жыл сайынғы халықаралық конференция, инновациялық тәсілдер мен халықаралық практикаларды меңгеру және енгізу бойынша оқу семинарларын, сабақта интерактивті және белсенді әдістер мен тәсілдерді қолдану бойынша шеберлік сыныптарын ұйымдастыру және өткізу арқылы жүзеге асырылады. Үлкен дайындық жұмысы жаңартылған орта білім беру мазмұнын және ББ МЖС жаңа жобасын сынақтық енгізу бойынша 30 жалпы білім беру мектептерінде жүргізілді.

Жалпы жұмыс үш бағыт бойынша жүргізіледі:

- 1) мұғалімдердің біліктілігін арттыру және оқыту;
- 2) озық педагогикалық тәжірибемен алмасу;
- 3) орта білім беру мазмұнын жаңарту.

2.1 Біліктілікті арттыру

Мектептің білім беру мазмұнын жаңартуда мұғалім ролінің маңызды екенін түсіне отырып, есептік кезеңде еліміздің педагогикалық қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілді.

Біліктілікті арттыру:

- 1) Кембридж университетінің Білім беру Факультетімен бірлесіп әзірленген Қазақстан Республикасы педагог кадрларының біліктілігін арттырудың деңгейлік бағдарламалары (*бұдан әрі – деңгейлік бағдарламалар*);
- 2) Кембридж университетінің Білім беру Факультетімен бірлесіп әзірленген Қазақстан Республикасының жалпы білім беру ұйымдары басшыларының біліктілігін арттыру бағдарламасы (*бұдан әрі – басшылар бағдарламасы*);
- 3) Орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында Білім және ғылым министрлігінің және оның ведомстволық бағыныстағы ұйымдары қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы;
- 4) PISA Халықаралық зерттеу жүргізу аясында мектеп оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы;
- 5) Жоғары оқу орындарының педагогикалық мамандықтарының соңғы курс студенттеріне және профессор-оқытушылар құрамына арналған қосымша кәсіби білім беру бағдарламасы;
- 6) «Мектептің педагогикалық үдерісі жағдайындағы шиеленістері мен күйзелістерді басқару» тақырыбында Назарбаев Зияткерлік мектептерінің педагогикалық кадрларының біліктілігін арттыру бағдарламасы бойынша өткізілді.

Бұған қоса, педагогикалық қызметкерлерді курстан кейінгі қолдау жүзеге асырылды, тренерлерге арналған тәлімгерлік және бағдарламаларды іске асыру сапасына мониторинг ұйымдастырылды.

2.1.1 Деңгейлі бағдарламалар бойынша мұғалімдердің біліктілігін арттырудың деңгейлік курстары

2014 жылы деңгейлі бағдарламалар бойынша жалпы білім беру мектептерінің **5 104** мұғалімі оқудан өтті.

Үшінші (базалық), екінші (ілгері) және бірінші (терең) деңгей бағдарламалары бойынша О. Жәутіков атындағы Республикалық мамандандырылған физика-математикалық орта мектеп-интернатының **40** мұғалімі оқиды.

Кесте. Деңгейлі курстар тыңдаушыларының сандық құрамы

Курстардың атауы	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.	2012-2014 жж. аралығында, барлығы
Үшінші (базалық) деңгей	1 053	1 147	1 004	3 204
Екінші (негізгі) деңгей	-	997	999	1 996
Бірінші (ілгері) деңгей	-	3 093	3 101	6 194
Барлығы:	1 053	5 237	5 104	11 394

Сонымен қатар, Кембридж университетінің Білім беру факультетімен бірлесіп қосымша **400** жаттықтырушы (үшінші (базалық) деңгей – 180, екінші (негізгі) деңгей – 149, бірінші (ілгері) деңгей – 71) дайындалды.

Деңгейлі бағдарламалар мен басшыларға арналған бағдарлама үшін оқу-әдістемелік материалдары жетілдіріліп дайындалды.

Жетілдіріліп дайындалған материалдардың электронды нұсқалары курс тыңдаушыларының еркін қол жетімділігі үшін ПШО сайтының білім беру порталында жарияланды.

<http://www.cpm.kz/kz/>

2.1.2 Қазақстан Республикасының жалпы білім беру ұйымдары басшыларының біліктілігін арттыру курстары

Осы бағдарлама бойынша есепік кезеңде жалпы білім беру ұйымдарының **583** басшысы оқыды. 665 адам оқуды жалғастыруда.

Жыл	2013 ж.	2014 ж.				2013 - 2014 жж. аралығында барлығы
	1 лек	2 лек	3 лек	4 лек	2014 ж., барлығы	
Тыңдаушылар саны	250	333	334*	331*	998	1 248

Ескертпе: * - оқуды жалғастыруда.

Басшыларға арналған бағдарламаның және оқу-әдістемелік кешеннің мазмұнын жетілдіру бойынша тұрақты жұмыс өткізілуде.

Осы оқу курсына іске асыру үшін қосымша **20 тренер** оқудан өтті.

2.1.3 Орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі және оның ведомстволық бағыныстағы ұйымдары қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстары

Орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі және оның ведомстволық бағыныстағы ұйымдары қызметкерлерінің біліктілігін арттыру үшін бағдарламалар мен оқу материалдарын әзірлеу қажеттілігі туындады. Өзірленген бағдарлама білім беру басқармаларының орталық органдары басшыларын әлемдегі заманауи білім беруді дамыту беталыстарымен, олардың Қазақстандағы орта білім беру мазмұнын жаңарту мәселелері бойынша тиімді басқарушылық шешімдер қабылдауға ықпал ету үшін үздік тәжірибе және практикамен таныстыруға бағытталған.

Осы бағдарлама аясында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі және оның ведомстволық бағынысты ұйымдарының **302** қызметкері оқыды.

2.1.4 PISA халықаралық зерттеу жүргізу аясында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша мұғалімдердің біліктілігін арттыру үш бағдарламасы бойынша тренерлерді оқыту курстары

Pearson Education Limited (Ұлыбритания) компаниясымен бірлесіп қазақ және орыс тілдерінде PISA Халықаралық зерттеу жүргізу аясында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша тренерлерді оқыту және мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламалары әзірленді.

ПШО-да АБҰ, ПШО, «Өрлеу» Ұлттық біліктілікті арттыру орталығы» АҚ («Өрлеу» ҰБАО» АҚ) қызметкерлері ішінен барлығы **115** тренер оқытылды. PISA-2015 Халықаралық зерттеуіне қатысуға дайындық жасау мақсатында еліміздің жалпы білім беру мектептерінің мұғалімдерін оқыту «Өрлеу» ҰБАО» АҚ тренерлері жүзеге асырады.

2.1.5 Жоғары оқу орындарының педагогикалық мамандықтарының соңғы курс студенттерін қосымша кәсіби білім беру бағдарламасы бойынша оқыту курстары

Педагогикалық кадрларды дайындауды жүзеге асыратын ҚР жоғары оқу орындарына әдістемелік және консультациялық көмек көрсету аясында келесі бағдарламалар әзірленді:

1. Педагогикалық кадрларды дайындауды жүзеге асыратын ҚР жоғары оқу орындарының түлектері үшін қосымша кәсіби білім беру бағдарламасы.

2. Жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылар құрамына арналған деңгейлі бағдарламалар негізінде дайындалған біліктілікті арттыру бағдарламасы (арнайы курс).
3. Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламаларының негізінде әзірленген педагог кадрларды даярлайтын жоғары оқу орындарының бітіруші курс студенттеріне қосымша кәсіби білім беру курсы бағдарламасы.

Есептік кезең ішінде Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің педагогикалық мамандықтары түлектерінің ішінен **25 тыңдаушыға** арналған 160 академиялық сағат көлемінде (аудиторлық оқу) оқу өткізілді.

2.1.6 Қазақстан Республикасы педагог кадрларын «Мектептің педагогикалық үдерісі жағдайындағы шиеленістер мен күйзелістерді басқару» тақырыбы бойынша оқыту

Қазақстан Республикасы педагогикалық кадрларының біліктілігін арттыру бағдарламасы бойынша «Мектептің педагогикалық үдерісі жағдайындағы шиеленістер мен күйзелістерді басқару» тақырыбындағы курстың аясында **32 педагогикалық қызметкер** оқытылды.

2.1.7 Қазақстан Республикасының орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламалары

Орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру бағдарламаларын әзірлеу басталды:

1. Орта білім беру мазмұнын жаңарту жағдайларында қазақ және орыс тілдеріндегі бастауыш сынып мұғалімдерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы;
2. Бастауыш сыныптардың пән (Сурет өнері) мұғалімдерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы;
3. Бастауыш сыныптардың пән (Музыка) мұғалімдерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы;
4. Мектептерде сыни бағалау бойынша бастауыш сынып мұғалімдерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы;
5. «Қазақ тілі» бойынша (L1): 5-11 сыныптар, «Орыс тілі» (L1) бойынша: 5-11 сыныптар мұғалімдерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы;
6. «Қазақ тілі» пәні бойынша (L2): 1-11 сыныптар, «Орыс тілі» (L2): 1-11 сыныптар мұғалімдерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы;
7. «Ағылшын тілі» пәні бойынша: 1-11 сыныптар мұғалімдерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы;
8. Мектептерде сыни бағалау енгізу бойынша тілдік пәндер мұғалімдерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы;
9. Қазақстан Республикасының орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында информатика мұғалімдерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы;
10. «Информатика» және «АКТ» пәндері бойынша сыни бағалау енізу бойынша мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы;

11. Жаратылыстану-математикалық цикл бойынша оқушылардың жобалық қызметін ұйымдастыруда (6-9 сыныптар) мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы;
12. Жаратылыстану-математикалық цикл бойынша оқушылардың «Жобалық қызмет» пәні бойынша сыни бағалау енгізуде (6-9 сыныптар) мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы;
13. «Жаһандық перспективалар мен жобалық қызмет» пәні бойынша (10-11 сыныптар) мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы;
14. «Жаһандық перспективалар мен жобалық қызмет» пәні бойынша сыни бағалау енгізу бойынша (10-11 сыныптар) мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы.
15. Қазақстан Республикасы орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында тәрбие жұмысы жөніндегі директор орынбасарларының біліктілігін арттыру бағдарламасы.

2.1.8 Педагогикалық қызметкерлерді курстан кейінгі қолдау

Біліктілікті арттыру үдерісінде келесілерге бағытталған педагогикалық қызметкерлерді курстан кейінгі қолдау үлкен роль атқарады:

- мұғалімдер мен білім беру ұйымдары ұжымдарының желілік өзара әрекеттесуінің бірыңғай ақпараттық кеңістігін құру;
- мұғалімдердің білімдері мен машықтарын одан әрі жетілдіру және олардың мектеп тәжірибесін жақсарту бойынша қызметтерін белсендендіру;
- мұғалімдердің проблемаларына және қазақстан мектептерінің жаңа туындаған қажеттіліктеріне икемді әрекет ету;
- оқу табыстылығына және қазақстан мектеп оқушыларының бәсекеге қабілеттілігіне қол жеткізу мақсатында бағдарламалардың басты идеяларын мектеп тәжірибесіне енгізу нәтижелелігіне курстан кейінгі мониторинг ұйымдастыру және жүргізу.

Есептік кезеңде сертификатталған педагогикалық кадрларды курстан кейінгі қолдау және тәжірибесіне педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламалары мен Қазақстан Республикасы жалпы білім беру ұйымдары басшыларының біліктілігін арттыру бағдарламасын енгізу тиімділігіне мониторинг жасау туралы Ереже әзірленген.

Курстан кейінгі қолдаумен жаңа формат бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өткен барлық педагогикалық қызметкерлер қамтылған.

Осы мақсатта ПШО әдістемелік кітапханасы, білім беру порталы және ПШО электронды әдістемелік жинағы, желілік қоғамдастық, блогтар, форумдар, вебинарлар, семинарлар, дөңгелек үстелдер және конференциялар пайдаланылады.

Курстан кейінгі қолдау аясында деңгейлі бағдарламалар бойынша оқыған мұғалімдер үшін 157 тақырыптық семинарлар, мектеп басшыларына арналған 77 оқу семинарлары өткізілді. 804 мектеп араланды, 2 210 мұғалімнің 1001 сабағына қатысылды.

Деңгейлі бағдарламалар бойынша курстарды аяқтаған мұғалімдерге курстан кейінгі қолдау көрсету үшін еліміздің барлық өңірлеріне ПШО тренерлерінің шығуы ұйымдастырылды және өткізілді. Олар мұғалімдерге әдістемелік көмек көрсетті және мектеп басшыларын оқу курстарын аяқтағаннан кейінгі формативті бағалау рәсімін жүзеге асырды.

Құрстан кейінгі қолдауды жүзеге асыру бойынша тәжірибе алмасу мақсатында Қарағанды қаласында ПШО қызметкерлері мен оның өңірлердегі филиалдары директорларының қатысуымен «Кәсіби желілік қоғамдастықты басқаруға арналған бағдарламалық-мақсатты тәсіл» атты семинар-практикумы ұйымдастырылды.

2.1.9 Тәлімгерлік

2014 жылдың қаңтарында Қазақстан Республикасының жалпы білім беру ұйымдары басшыларының біліктілігін арттыру курстарының тренерлері үшін шолу семинары өткізілді.

2014 жылдың ақпанынан қазанына дейінгі кезеңде деңгейлі бағдарламалар бойынша біліктілікті арттыру курстары аясында тәлімгерлердің 13 жұбы халықаралық стратегиялық серіктестік тарапынан Астана, Алматы, Ақтау, Ақтөбе, Атырау, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Павлодар, Семей, Өскемен, Шымкент қалаларының ПШО филиалдарына тәлімгерлік қызметтерін көрсетті.

2014 жылы тәлімгерлік қызметі алғаш рет «Өрлеу» ҰБАК» АҚ-ның еліміздің 10 қаласындағы филиалдарының тренерлеріне көрсетілді. Барлығы деңгейлі бағдарламалар аясында ПШО және «Өрлеу» ҰБАК» АҚ жаттықтырушыларына 132 тәлімгерлік қызметтер көрсетілді.

Сонымен қатар, басшыларға арналған бағдарлама бойынша біліктілікті арттыру курстарының аясында тәлімгерлердің 6 жұбы Астана, Алматы қалаларындағы ПШО 16 тренерлерге тәлімгерлік қызмет көрсетті.

Бір жыл ішінде тренерлер үшін екі республикалық «Қазақстан жаттықтырушысы: тәжірибе, ынтымақтастық және келешектер» атты семинар өткізілді. Онда тыңдаушылар үшін ПШО тренерлерінің және Кембридж университетінің Білім беру факультеті сарапшыларының командалық сабақ беру (Team-Teaching) шеберлік сабағы өткізілді.

2.1.10 Бағдарламаларды іске асыру сапасына мониторинг жасау

Біліктілікті арттыру бағдарламаларының сапасы мен нәтижелілігін бағалау бойынша жүйелі негізде мониторингтік зерттеулер жүргізіледі.

Деңгейлі курстарды аяқтаған мұғалімдердің тәжірибесін жинақтау және нәтижесін талдау жасалады. 2014 жылы осы зерттеулердің нәтижелері бойынша 7 кітап, 2 брошюра және 5 эссе шығарылды. Олар алдағы уақытта өткізілетін курстардың сапасын және сертификатталған мұғалімдердің жұмыс нәтижелерін жақсарту үшін пайдаланылады.

2014 жылы мониторингтік зерттеулер **3 956** сертификатталған мұғалімді, жұмыс орны бойынша сертификатталған мұғалімдердің **2 689** әріптесін, **665** мектеп директорын, **11 015** оқушыны, **8 726** ата-ананы, **2 231** жас мамандарды, жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылар құрамының **29** өкілін, сонымен қатар Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің білім беру факультетінің **25** түлегін қамтыды.

Жүргізілген зерттеулер келесі қорытындыларды жасауға мүмкіндік берді:

1. Деңгейлі бағдарламалардың және басшылардың біліктілігін арттыру бағдарламасының **мазмұны** өзекті, практикалық маңызды және педагогтардың біліктілігін арттырудың дәстүрлі бағдарламалары мазмұнынан сапалық түрде ерекшеленеді.
2. Курстық оқытудың **мазмұны** мен форматы мұғалімнің әдістемелік құралының диапазонын кеңейтуге ғана емес, сонымен қатар кәсіби қағидаларды өзгертуге, өз педагогикалық қызметінің тұтас көрінісін қайта құруға ықпал етеді.
3. **Курстардың форматы** максималды **практикаға бағытталған оқу** түрімен, теориялық курстарды тренингтермен үйлестіруімен, бірлескен талқылауларымен, пікірсайыстарымен, рольдік ойнауларымен, үздік мектептер базасында шеберлік сыныптарын өткізуімен, практикалық бағыттағы әдістемелік ұсынымдарымен және басқа белсенді нысандарымен **ерекшеленеді**.
4. **Деңгейлі бағдарламалардың модульдері өзекті**, әсіресе оларды кешенді пайдалану тиімді және оқушылардың материалды сәтті меңгеруіне, оларда ақпараттық ағынды сыни пайымдауды қалыптастыруға, оны талдауға және дәлелді қорытындылар қалыптастыруға ықпалын тигізеді.
5. Жаңа теориялық материалдардың үлкен көлемі игеріледі, **тыңдаушылар «игеру - қабылдау – есте сақтау» иерархиялық жүйесі бойынша білімді құрылымды түрде алады.**

2014 жылы ПШО біліктілікті арттыру бағдарламаларын іске асыруға мониторинг жасау және бағалау үшін КХЕК бірлескен зерттеулер жүргізу жұмысы басталды.

2014 жылдың жұмыс нәтижелері бойынша:

Басшыларға арналған бағдарлама аясында **20 сертификатталған тренерлер** дайындалды;

Деңгейлі бағдарламалар аясында **400 тренерлер** оқытылды;

Еліміздің жалпы білім беру мектептерінің **583 басшысы оқыды және 665-і оқуды жалғастыруда;**

Деңгейлі бағдарламалар бойынша **5 104** мектеп мұғалімі оқыды.

Біліктілікті арттыру курстарының тиімділігін деңгейлі бағдарламалар бойынша оқудан өткен мұғалімдердің оқушыларының білім сапасының нәтижелері және олардың өз әріптестерін оқытуға белсене қатысуы дәлелдейді.

Кесте. 2012-2013 жж. деңгейлі бағдарламалар бойынша оқытылған мұғалімдердің қызмет тиімділігінің статистикалық көрсеткіштері

№	Өңірлер	Мұғалімдер саны	Оқушылардың білім сапасы		Сапа өсімі (%)
			Курсты өткенге дейін (%)	Курсты өткеннен кейін (%)	
1	Ақмола облысы	1456	60,7	68,9	8,2
2	Ақтөбе облысы	1376	66,9	76,8	9,9
3	Алматы облысы	2090	59,5	67,7	8,2
4	Атырау облысы	889	52,3	60,2	7,9
5	Шығыс-Қазақстан обл.	1747	63,7	73,0	9,3
6	Жамбыл облысы	1656	57,5	70,0	12,5
7	Батыс-Қазақстан обл.	1201	64,6	72,9	8,3
8	Қарағанды облысы	1471	59,3	65,7	6,4
9	Қостанай облысы	1226	52,4	54,7	2,4
10	Қызылорда облысы	1379	65,5	75,9	10,4
11	Маңғыстау облысы	829	53,5	67,9	12,5
12	Павлодар облысы	1202	62,9	73,5	10,6
13	Солтүстік-Қазақстан обл.	1141	62,8	72,6	9,8
14	Оңтүстік-Қазақстан обл.	2556	42,0	48,8	6,8
15	Алматы қаласы	1233	63,5	73,5	10,0
16	Астана қаласы	1181	63,6	70,4	6,8
ҚОРЫТЫНДЫ		22 633	59,4	68,3	8,8

Пәндер бойынша сабақ беру сапасының артуы:
Бастауыш мектеп – 9,2 %-ға
жаратылыстану-математикалық цикл – 7,8%-ға;
Гуманитарлық цикл – 9,3%-ға.


Кесте. 2012-2013 жж. деңгейлі бағдарламалар бойынша оқытылған мұғалімдердің қызметі

№	Өңір	БАҒЫТТАР				
		Ашық сабақтар жүргізу		Семинарлар мен конференциялар жүргізу және қатысу		Байқауларға қатысу
		2012	2013	2012	2013	2012-2013
1	Ақмола облысы	293	830	36	203	97
2	Ақтөбе облысы	274	652	60	154	101
3	Алматы облысы	900	1140	93	30	24
4	Атырау облысы	296	486	22	35	51
5	Шығыс-Қазақстан обл.	163	599	20	244	92
6	Жамбыл облысы	216	651	79	303	213
7	Батыс-Қазақстан обл.	170	601	140	531	84
8	Қарағанды облысы	284	1402	184	430	227
9	Қостанай облысы	356	615	127	323	630
10	Қызылорда облысы	645	941	113	774	931
11	Маңғыстау облысы	156	244	18	88	65
12	Павлодар облысы	369	505	40	139	111
13	Солтүстік-Қазақстан обл.	330	664	74	175	82
14	Оңтүстік-Қазақстан обл.	1249	3 514	196	321	225
15	Алматы қаласы	210	636	60	185	61
16	Астана қаласы	84	240	8	52	20
Қорытынды		5 995	13 720	1 270	3 987	3014
Барлығы		19 715		5 257		3 014

Басшылардың біліктілігін арттыру бағдарламасы бойынша оқудан өткен барлық директорлар білім беру қызметкерлерінің Республикалық Тамыздық жиналысының секциялық отырыстарында өз тәжірибелерімен бөлісті.

Зерттелген мектептердің **88%-ы** (жұмыс жүргізілу көлемі - 674 мектеп) **ҰБТ** бойынша жоғары көрсеткіштер көрсетті.

Диаграмма. Директорлары жалпы білім беру ұйымдары басшыларының біліктілігін арттыру бағдарламасы бойынша оқудан өткен мектептердің ҰБТ көрсеткіштері (2013-2014 жж.)



2015 жылы барлық жоғарыда көрсетілген бағыттар бойынша жұмысты жалғастыру және «ҚР БҒМ 2014-2016 жылдарға арналған білім және ғылымды дамытудың басымды бағыттарын іске асыру бойынша іс-шаралар жоспарын» іске асыру **алда тұр.**

2.2 Озық педагогикалық тәжірибемен алмасу

Есептік кезеңде озық педагогикалық тәжірибені тарату мақсатында келесі бағыттар бойынша жұмыстар жүргізілді:

- «Педагогикалық диалог» ақпараттық-әдістемелік журналының басылымы;
- Әдістемелік әдебиет басылымы;
- Шеберлік сабақтары;
- Электронды әдістемелік жинақ;
- Біліктілікті арттыру бағдарламаларын іске асыру барысы туралы бейнефильмер;
- Бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара әрекеттесу;
- Желілік қоғамдастықты қолдау;
- Онлайн сабақтар мен семинарлар;
- Халықаралық конференция.

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДИАЛОГ» АҚПАРАТТЫҚ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛЫНЫҢ БАСЫЛЫМЫ

Кембридж университетінің Білім беру факультетімен ынтымақтастықта қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде 2013 жылдың 28 маусымында ISSN (ЮНЕСКО, Париж қаласы, Франция) Халықаралық сериялық басылымдарды тіркеу орталығында (ISSN 2308 – 7668) тіркелген «Педагогикалық диалог» ақпараттық-әдістемелік журналы шығарылады.


2014 жылы орта білім мазмұнын жаңарту, сабақ беру әдістері және жалпы педагогиканың өзекті мәселелеріне арналған барлығы **4 журнал нөмірі басылды:**

№1. Тақырып: «Сын тұрғысынан ойлауды дамыту»;

№2. Тақырып: «Оқу үшін бағалау және оқуды бағалау»;

№3. Тақырып: «Көшбасшылық және білім берудегі басқару»;

№4. АБҰ-ның «Білім беру саясаты, тәжірибе және зерттеу» атты VI Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жұмысының қорытындыларына арналған.



Жыл	Нөмірлер саны	Даналар саны
2012	2	4 000
2013	4	8 000
2014	4	8 000
Барлығы:	10	20 000

Журналда жариялау үшін қазақстандық және шетелдік білім беру ұйымдарының үздік мұғалімдері мен ғалымдары, ДДБҰ қызметкерлері мен басшылары тартылды. 2014 жылы Ұлыбритания, АҚШ, Ямайка, ОАР, Нидерланд, Жаңа Зеландия, Жапония және Ресей зерттеушілерінің мақалалары жарияланды. Журналдың барлық нөмірлері ПШО сайтында жарияланған.

<http://www.cpm.kz>

«Педагогикалық шеберлік орталығының Әдістемелік кітапханасы» аясында әдістемелік-ресурстық қолдау ретінде келесі бағыттар бойынша **54 әдістемелік құралдар** шығарылған:

1. Халықаралық тәжірибе;
2. Деңгейлі бағдарламалардың модульдерін іске асырудың теориялық-әдістемелік негіздері;
3. Біліктілікті арттырудың деңгейлі бағдарламаларын іске асыру үшін практикалық нұсқаулар;
4. Республиканың жалпы білім беру ұйымдары басшыларының біліктілігін арттыру бағдарламасын іске асыруға арналған практикалық нұсқаулар;
5. Шеберлік сабақтар;
6. Мониторингтік зерттеулер;
7. Курс тыңдаушыларының эссе жинақтары;
8. Біліктілікті арттыру курстарының материалдары.

ӘДІСТЕМЕЛІК ӘДЕБИЕТ БАСЫЛЫМЫ

Рет №	Атауы	2012	2013	2014	Барлығы
1	Әдістемелік құралдар	2	6	37	45
2	Мониторингтік зерттеулер	4	7	9	20
3	Эссе жинақтары	2	1	5	8
4	ҚР БҒМ қызметкерлерінің біліктілікті арттыру курстарының материалдары			3 (үш лекке арналған апталық жинақ және тарату материалы)	3
Барлығы		8	14	54	76

ШЕБЕРЛІК САБАҚТАРЫ

ПШО филиалдары деңгейлі курстарды қолдауда шеберлік сабақтарын жиі өткізіп отырады. 2014 жылы «Сыни бағалау жүйесі», «Сын тұрғысынан ойлауды дамыту», «Дарынды оқушылармен жұмыс істеу», «Сабақ берудің жаңа әдістері», «АКТ-ны оқытуда қолдану» және басқа бағыттар бойынша 200-ден астам шеберлік сабақтары өткізілді.

ЭЛЕКТРОНДЫ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖИНАҚ

ПШО сайтында Зияткерлік мектептер мұғалімдерінің және деңгейлі курстар аясында оқудан өткен мұғалімдердің сабақтарының үздік әдістемелік әзірлемелерінен тұратын электронды әдістемелік жинақ жиі толықтырылып отырады.

<http://www.cpm.kz/kz/>

Әзірлемелер гуманитарлық цикл (тіл және әдебиет, тарих, психология, өнер, әлемді тану және басқалар), математика және жаратылыстану-ғылыми циклдарының (химия, физика, биология) оқу пәндерін қамтиды. Барлығы **194** әзірleme орналастырылды, олар ПШО сайтында пәндер бойынша құрылымдалған және еліміздің барлық мұғалімдері үшін қолжетімді.

<http://www.cpm.kz/kz/>

БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ІСКЕ АСЫРУ БАРЫСЫ ТУРАЛЫ БЕЙНЕФИЛЬМДЕР

2014 жылы Қазақстан Республикасының педагогикалық қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бағдарламаларын іске асыру аясында өткізілетін іс-шараларға арналған екі бейнефильм жасалған:

1. «Қазақстан тренері, тәжірибе, ынтымақтастық және келешектері» атты III Республикалық семинар-жиналысының (2 бейнеролик) бейнекүнделігі;
2. Орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі және оның ведомстволық бағыныстағы ұйымдары қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстары туралы бейнероликтер (3 бейнеролик).

БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТЕСУ

Еліміздің педагогикалық қоғамдастық арасында біліктілікті арттыру жүйесін жаңғырту үдерісін ақпараттандыру мақсатында ПШО қызметінің оң имиджін құру үшін өңірлік және республикалық бұқаралық ақпарат құралдарында қазақ және орыс тілдерінде бірқатар мақалалар жарияланған.

Өткізілген медиа-статистикалық талдау нәтижелері бойынша **341** мақала, оның ішінде 7-уі республикалық бұқаралық ақпарат құралдарында және 334-і өңірлік БАҚ-да жарияланғандығы анықталды.

ЖЕЛІЛІК ҚОҒАМДАСТЫҚТЫ ҚОЛДАУ

Біліктілікті арттыру курстарының тыңдаушыларының желілік қоғамдастығын қолдау және біліктілікті арттыру курстарын тиімді іске асыру мақсатында сайтты жаңғырту және жаңарту бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілді.

2014 жылдың қыркүйегінде ПШО білім беру порталының жаңа нұсқасы іске қосылды. Онда сайттың құрылымы мен оның бөлімдері толық өзгертілген, дизайны мен оқу материалын беру жаңартылған.

<http://www.cpm.kz>

Сурет. ПШО порталының басты беті



Форум, Желілік қоғамдастық және Блогтар бөлімдері жетілдірілді. Бөлімдердің әр қайсысы танымал және жаңа тақырыптар, танымал желілік қоғамдастықтар тізімі туралы ақпараттардан тұрады.

Біліктілікті арттыру бағдарламасының құрылымы толық өзгертілген. 3, 2 және 1 деңгейлердің тренерлері мен мұғалімдеріне арналған бағдарламалардың материалдары және басшыларға арналған курстардың материалдары жаңартылған.

Бағдарламалардың әрқайсысының материалдары браузердің бір беті аясында орналастырылған, ол Курс бағдарламасының, Мұғалімге (тренерге/басшыға) арналған нұсқаудың, Курс алдындағы тапсырмалардың, Мектептегі практика кезінде орындауға арналған тапсырмалардың, бағалау материалдарының, сонымен қатар құрылымданған апталық тарату материалдарының pdf-нұсқаларынан тұрады.

Курс тыңдаушыларына қосымша көмек ретінде деңгейлі бағдарламалардың және басшыларға арналған бағдарламаның ұғымдары мен санаттарының **электрондық глоссарийі** жасалған. Глоссарийге қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде қол жетімді.

Порталды жаңарту аясында **ПШО тренерлер құрамы** мұғалімге курстық және курстан кейінгі қолдау көрсетуге арналған **қосымша мүмкіндіктерге** ие болды. Тренерлер өздігінен вебинарлар, байқаулар, сауалнамалар өткізе алады. Олар тыңдаушыға онлайн режимде кеңес беру мүмкіндігіне ие.

2014 жылдың қыркүйегінде ПШО Майкрософт Қазақстан компаниясымен бірлесіп тренерлер құрамының АКТ-сауатталығын арттыру мақсатында тренерлерге арналған алғашқы вебинарды өткізді. Олар Майкрософт компаниясының «Технологиялар көмегімен оқыту» атты ақысыз онлайн курсымен таныстырылды.

2014 жылы порталға тіркелген пайдаланушылардың жалпы саны – **39 000**, кірулер саны – 331 077-ні құрды.

Есептік жыл	Тіркелген пайдаланушылардың саны	Кірулер саны
2012	7600	112 821
2013	21 643	212 780
2014	39 000	331 077

Осылайша, озық педагогикалық тәжірибемен алмасу аясында: «Педагогикалық диалог» ақпараттық-әдістемелік журналының **4 нөмірі 8 000 данада** қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде басылып шығарылды. ПШО кітапханасын әдістемелік ресурстық қолдау ретінде **54 әдістемелік құрал** басылып шығарылды, Мұғалімдер үшін өткізілген **200-ден** астам **шеберлік сабақтары**, жасалған **194 әзірлемелер** электрондық әдістемелік жинақты толықтырды, **2 бейнефильм** (5 бейнеролик) жасалды, республикалық және өңірлік бұқаралық ақпарат құралдарында **341 мақала** жарияланды.

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ-МАТЕМАТИКА БАҒЫТЫНДАҒЫ ПӘНДЕРДЕН ОҚУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН ONLINE САБАҚТАР ЖӘНЕ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУ МЕКТЕПТЕРІНІҢ МҰҒАЛІМДЕРІНЕ АРНАЛҒАН ONLINE СЕМИНАРЛАР ЖОБАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

Онлайн сабақтардың мазмұны оқушылардың математика, физика, химия, биология, ағылшын тілі және негізгі, жоғары мектеп оқушыларына арналған ақпараттық-коммуникациялық технология пәндерінен білімдері мен дағдыларын кеңейтуге және тереңдетуге бағытталған.

2014 жылы білім мазмұнын жаңартуға байланысты математика, қазақ тілі және әдебиеті, орыс тілі және әдебиеті, ағылшын тілі пәндері бойынша бастауыш мектептерге арналған онлайн сабақтар өткізілді.

2013-2014 оқу жылында 480 онлайн сабақ жүргізілді. Онлайн сабақтар барысында Астана, Талдықорған, Семей, Көкшетау, Қарағанды, Павлодар, Орал, Атырау, Шымкент, Тараз, Ақтөбе, Өскемен, Қызылорда қалаларындағы 15 Назарбаев Зияткерлік мектептерінің білім беру тәжірибесі көрсетілді.

Онлайн сабақтарды ұйымдастыру ҚР БҒМ-нің ELP (elp.kz) порталының Eluminate Live бағдарламалық базасында жүзеге асырылады.

Сонымен қатар, онлайн сабақтар сайтта (1.sabak.kz) нақты уақыт режимінде көрсетіледі. Онлайн сабақтардың материалдары «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ сайтында жарияланған.

www.nis.edu.kz

Мұғалімдер жасаған оқыту бейнероликтері мен бейнефильмдер youtube.com порталының **NIS for You** арнасында жарияланды.

Онлайн семинарлардың мазмұны жалпы білім беретін мектептердің мұғалімдеріне критериялды бағалау жүйесін үйретуге бағытталған.

Онлайн семинарларды Зияткерлік мектептердің мұғалімдері математика, физика, ақпараттық-коммуникациялық технология, химия, биология, ғылымға кіріспе, қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі, жаһандық перспектива және жобалау жұмысы, өнер пәндері бойынша аптасына 1 рет өткізеді.

48онлайнсеминар өткізілді. Сабақтармен семинарлардың барлық материалдары (бейнефрагменттер, тәжірибелер, таныстырылымдар) порталда орналастырылған.

<http://moodle.nis.edu.kz>

Зияткерлік мектептердің мұғалімдері онлайн режимде жалпы білім беретін мектептердің мұғалімдеріне әдістемелік көмек көрсетеді.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯЛАР

2014 жылдың қазанында орта білім мазмұнын жаңарту, үш тілде білім беру тәжірибесін енгізу, мұғалімдердің ынтымақтастығы, 21 ғасырдың жаңа мүмкіндіктері, оқу материалдарын әзірлеу, мектептерді халықаралық аккредиттеу, PISA зерттеуі бойынша оқушылардың функционалды сауаттылығын бағалау мәселелерін кеңінен талқылау мақсатында «Білім беру саясаты, тәжірибе және зерттеу» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы ұйымдастырылды.

Конференция бағдарламасы үш бағытқа бөлінді: білім мазмұны, оқушылардың жетістіктерін бағалау, мұғалімдерді кәсіби дамыту.

Халықаралық конференция жұмысына Қазақстан, Франция, Армения, АҚШ, Ұлыбритания, Нидерланды, Жапония және Ресейден **500**-ден астам адам қатысты. Олардың қатарында Назарбаев Зияткерлік мектептерінің стратегиялық әріптестері - Назарбаев Университеті, Кембридж университеті, Кембридж Халықаралық Емтихандық Кеңесі, Cito Педагогикалық

<http://conference.nis.edu.kz/october2014ru>

өлшемдер институты, СТУ Джонс Хопкинс университетінің Талантты жастар орталығы, Халықаралық Бакалавриат.

Спикерлер ретінде, қазақстандықтардан басқа, Лондон білім беру институты (Ұлыбритания), Кембридж Университеті (Ұлыбритания), Сито Педагогикалық өлшемдер орталығы (Нидерланд), Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ), Lehigh Университеті (АҚШ), Кембридж Университетінің Баспасы (Ұлыбритания), «Pearson» жастарды оқыту және бағалау орталығы (АҚШ), Халықаралық мектептер кеңесі (CIS) (Нидерланд), «Білім берудегі көшбасшылық» орталығы (Жаңа Зеландия), Уэльс Университеті (Ұлыбритания), Білім беру және инновациялар институты (Оңтүстік Корея) сияқты және басқа ұйымдардың шетелдік өкілдері де қатынасты.

Конференцияға қатысушылар пленарлық отырыс, панельдік пікірсайыс, дөңгелек үстел жұмыстарына қатысып, сессиялар ұйымдастырды. Сонымен қатар, конференция сұрақ-жауап, еркін микрофон режимінде өтті.

Конференция аясында Кембридж университетінің білім беру факультетінің профессоры, доктор Дэвид Бриджестің редакциясымен «Білім беру реформасы және интернационалдандыру: Қазақстандағы мектеп реформасы» бірегей ұжымдық монографиясының тұсаукесері болды. Ол Қазақстандағы орта білім беруді зерттеуге арналған. Кітап «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, сондай-ақ Кембридж университеті және Назарбаев Университетінің сарапшылары мен мұғалімдерінің тікелей қатысумен шығарылған. Авторлар құрамына шетелдік және отандық мамандар кірген. Халықаралық команда тек қалалық мектептердің мұғалімдерімен және директорларымен, білім беру басқармаларының мамандарымен ғана емес, сонымен қатар еліміздің ең шалғай аудандарындағы шағын кешенді, ауыл мектептерінде де бірқатар зерттеулер жүргізген. «Білім беру реформасы және интернационалдандыру: Қазақстандағы мектеп реформасы» кітабы шетелдік ғылыми ортаның өкілдеріне қазақстандық білім беру жүйесінің қол жетімділігін ашады. Кітап ағылшын тілінде жарық көрген.

Конференция қорытындысы бойынша электронды мақалалар жинағы басылып, конференция сайтына жарияланды.

2015 жылға арналған жоспар

- VII Халықаралық конференцияны ұйымдастыру және өткізу.
- 48 онлайн семинар өткізу.
- Елдің жалпы білім беру мектептерінің оқушылары үшін 494 онлайн сабақ өткізу.

2.3 Орта білім мазмұнын жаңарту

2.3.1 Жаңа мазмұн

2014 жылы орта білім мазмұнын жаңарту аясында «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы мен Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрлігі бірлесіп, Зияткерлік мектептердің тәжірибесін тарату жөнінде кешенді шаралар ұйымдастырды.

Орта білім мазмұнын анықтау жөніндегі жұмысты бына ДББҰ Білім беру бағдарламалары орталығының, Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА қызметкерлері, Назарбаев Зияткерлік мектептерінің және Астана қаласының жалпы білім беретін мектептердің жетекші 100 мұғалімі кірді.

Орта білім мазмұнын жаңарту екі бағытта жүзеге асырылды:

- 1) қолданыстағы стандарт аясында негізгі және орта мектептің білім мазмұнын ішінара жаңарту;
- 2) бастауыш мектептің білім мазмұнын анықтау.

- Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт жобасы, бастауыш мектеп пәндерінің оқу бағдарламалары мен жоспарлары;
- Қолданыстағы стандарт бойынша ішінара жаңартылған мазмұндағы негізгі және орта мектептің оқу бағдарламалары мен жоспарлары әзірленді.

Оқу бағдарламалары мен жоспарлардың жобасы, өңделген оқу бағдарламалары мен жоспарлар Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрлігіне тапсырылды.

Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт жобасының негізгі ережелері мен қағидалары еліміздің барлық өңірлерінде талқыланды (педагогтар, ғалымдар, ата-аналар, БАҚ, ҰЕҰ, бизнес-құрылымдар және т.б.).

Талқылау нәтижесінде «Бірінші тіл және әдебиет», «Өнер» кіріктірілген пәндерінің оқу бағдарламалары 5 пәнге бөлінді.

Осыған байланысты бастауыш мектепке арналған **16 оқу бағдарламасы мен 65 оқу жоспары** қайта әзірленді.

Қолданыстағы стандарттың ішінара жаңартылған мазмұнындағы негізгі және орта мектепке арналған **32 оқу бағдарламасы мен 84 оқу жоспары** әзірленді.

Әзірленген оқу бағдарламалары мен жоспарлар Кэмбридж Халықаралық Емтихан Кеңесінің сараптамасынан өтті.

Пәндер бойынша оқу бағдарламалары мен жоспарлар Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министрлігінің ресми сайтында жарияланды.

Жалпы білім беретін мектептерге Зияткерлік мектептердің тәжірибесін тарату бойынша **72 шара** өткізілді, атап айтқанда:

- бейімделген оқу бағдарламалары мен жоспарларын әзірлеу және оларды өңдеу жөнінде **64 семинар**,
- 30 пилоттық мектептің директорларына арналған **1 семинар**, бейімделген оқу бағдарламалары жөнінде Педагогикалық шеберлік орталығының қызметкерлеріне арналған **1 семинар**,

- «Екінші және үшінші тілді меңгерудегі коммуникативті тәсіл – оқушыларды түсіну және сөйлеуге қалай үйретеміз» тақырыбына арналған **1 семинар**,
- Педагогикалық ортада МЖМБББС жобасын талқылау жөнінде **4 дөңгелек үстел**,
- 300-ден астам педагогтар қатысқан қазақ тілі мұғалімдері үшін **1 форум ұйымдастырылды**.

Бүгінгі таңда, негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт жобасын әзірлеу бойынша жұмыс жалғасуда.

2015 жылға арналған жоспар:

Назарбаев Зияткерлік мектептері және жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне, сондай-ақ Ұлттық Білім Академиясы қызметкерлеріне арналған еліміздің негізгі орта білімнің оқу бағдарламалары мен жоспарларын әзірлеу бойынша семинарлар өткізіледі.

2.3.2 2014 жылы жаңартылған білім мазмұнын енгізу жөнінде дербес білім беру ұйымының пилоттық мектептермен жұмысы

2014 жылдың қаңтар айынан бастап елімізде БМЖМС және қолданыстағы БМЖМС мазмұнын ішінара жаңартуды кең көлемде талқылау ұйымдастырылды. Педагог, ата-аналар қауымдастығы, бизнес-құрылымдар, мемлекеттік органдар, білім саласын зерттеуші ғалымдар, жалпы саны 14 000-ден астам адамды қамтитын 78 кездесу өткізілді.

Педагогикалық қауымдастық арасында жүргізілген сауалнама нәтижесі:

респонденттердің 98% 21-ғасырдың талабына сай мектептің білім беру жүйесі жаңаруы қажет деп санайды;

96% қазақстандық оқушылар үш тілді – қазақ, орыс, ағылшын тілдерін меңгеру керектігімен келіседі;

90% бастауыш мектепте оқу, бос уақытты тиімді өткізу және пікірлесуде ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдану дағдыларын қалыптастыруы қажет деп есептейді.

ҚР БҒМ бұйрығымен БМЖМС жобасын апробациядан өткізу үшін 30 пилоттық мектеп тізімі бекітілді.

<http://www.nis.edu.kz/ru/edurenew>

Аталған мектеп басшыларына ҚР БҒМ, ҰБА, ДББҰ өкілдерінің қатысуымен нұсқаулық семинар, «Білім мазмұнын жаңарту жағдайында білім беру бағдарламалары» атты 3 күндік семинар өткізілді. Семинар жайлы ақпарат ДББҰ-ның сайтында жарияланған.

Пилоттық мектептерге әдістемелік көмек көрсету үшін ДББҰ, НЗМ, Ұ. Алтынсарин атындағы ҰБА, «Өрлеу» БАҰО, БББО, ПШО, ПӨО, Облыстық білім басқармалары (үйлестірушілер), ОблББ әдістемелік кабинеттерінің (басшылар) қызметкерлері арасынан кеңесші топтар құрылды.

Ағымдағы жағдаймен танысу мақсатында пилоттық мектептермен танысу ұйымдастырылды.

Осыт уақыт аралығында:

- Білім және Ғылым Министрлігінің жаңартылған білім мазмұнына көшу жоспары;
- Білім мазмұнын жаңарту жөнінде жол картасы;
- Аprobациялау және жаңартылған білім мазмұнын пилоттық енгізу туралы ереже Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрықтарымен әзірленіп, бекітілді:

2015 жылға арналған жоспар:

- Пилоттық мектептердің мұғалімдері мен басшыларын оқытуды ұйымдастыру;
- 30 пилоттық мектепте білім беру бағдарламаларын енгізу мониторингін өткізу жөнінде семинарлар ұйымдастыру;
- 30 пилоттық мектепте жаңартылған білім мазмұнын енгізу;
- 30 пилоттық мектепте білім беру бағдарламаларын енгізу мониторингін өткізуді бастау.

2.3.3 Кітапханалар тәжірибесін тарату

Зияткерлік мектептердің кітапханалары жалпы білім беретін мектептерге үздік тәжірибе таратудың ресурс орталықтары болып табылады.

Ақтөбе, Қызылорда, Өскемен, Павлодар, Атырау қалаларындағы Зияткерлік мектептер облыстағы және қаладағы жалпы білім беретін мектептердің кітапханашылары үшін оқу семинарларын өткізді.

Атап айтқанда, Көкшетау қаласы физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектеп базасында **«Заманауи мектеп кітапханаларындағы инновациялық жұмыс бағыттары»** тақырыбына арналған семинар ұйымдастырылды.



Семинарлар жұмысына облыстық, қалалық кітапханалар мен жоғары оқу орындарының қызметкерлері қатысады.

Оқушылардың бойында зерттеу дағдыларын, оқу мәдениетін қалыптастыру, кітапханашының кәсіби дамуына арналған шеберлік сыныптары өткізіледі.

2015 жылға жоспар:

- Жалпы білім беретін мектептер үшін Зияткерлік мектеп кітапханаларының жұмыс тәжірибесін тарату;
- Көкшетау қаласындағы Зияткерлік мектеп базасында «Мектеп кітапханаларының қызметін ұйымдастыру: заманауи тәсілдер» және Астана, Алматы қалаларындағы Зияткерлік мектептер базасында «Білім беру үдерісін ақпараттық ресурстармен қолдау» тақырыбында О.Жәутіков атындағы Республикалық мамандандырылған физика-математикалық орта мектеп-интернатына семинарлар ұйымдастыру.

3. БАСҚАРУ ЖӘНЕ МЕНЕДЖМЕНТ

ДББҰ өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 19 қаңтардағы «Назарбаев Университеті», «Назарбаев Зияткерлік мектептері» және «Назарбаев Қоры» мәртебесі туралы заңын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілерін басқа да құқықтық-нормативтік актілерді, сонымен қатар, ДББҰ Жарғысын басшылыққа алады. Есепті кезеңде:

- Елбасы Н. Назарбаев Атырау қаласында орналасқан Зияткерлік мектепке барды.
- Өткізілген іс-шаралар:
 - Қамқоршылық кеңестің 8 отырысы;
 - «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ Қамқоршылық кеңесінің Төрайымы педагогтармен кездесіп, Зияткерлік мектептердің тәжірибесін тарату, олардың одан әрі дамыту, оқытудағы ақпараттық технологияларды қолдану мәселелерін талқылады;
 - ДББҰ Басқармасының 50 отырысы өткізіліп, 240 мәселе қарастырылды;
 - Зияткерлік мектептердің Директорлар кеңесінің 4 отырысында білім беру қызметінің мәселелері талқыланды.
- 16 Зияткерлік мектепте Қамқоршылық кеңестер құрылды.
- ДББҰ жаңартылған құрылымы бекітілді.
- Меморандумдарға қол қойылды: «Бөбек» «Ұлттық ғылыми-практикалық, білім беру және сауықтыру орталығы, О.А. Жәутіков атындағы Республикалық мамандандырылған физика-математикалық мектеп-интернаты, Microsoft corporation компаниясы.
- ДББҰ 30-дан астам құқықтық актілері бекітілді.
- Нормативті-құқықтық база жетілдірілді.
- «Өрлеу» БАҰО» АҚ лицензиялық келісімшарттар дайындалды, ПШӨ және ББРО-мен авторлық келісімшарттар келісілді.
- «Эрнст энд Янг» ЖШС шоғырландырылған қаржылық есептемесінің сыртқы аудиті өткізілді.

Дербес аудиторлардың есебіне сәйкес барлық аспектілердегі шоғырландырылған қаржылық есептеме Дербес білім беру ұйымы мен олардың еншілес ұйымдарының 2013 жылғы 31 желтоқсанға қарағандағы қаржылық жағдайын көрсетеді, сонымен қатар, Халықаралық қаржы есептемесінің стандарттарына сәйкес көрсетілген мерзімде аяқталған қаржы нәтижелері мен жыл бойғы қаржы қозғалысын көрсетеді.

4. «НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРІ» ДББҰ-НЫҢ ИМИДЖІН НЫҒАЙТУ

Жұмыс келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

1. ДББҰ-ның корпоративті сайты контенттік қолдау;
2. Оқушылар арасындағы іс-шаралар;
3. БАҚ-мен жұмыс.

4.1 ДББҰ корпоративті сайты контенттік қолдау

2014 жылы «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ өз жұмысын жалғастырды. Меншікті беттер ғаламторда әр бір Зияткерлік мектеп үшін жеке жұмыс істейді.

Ғаламтор ресурсы қоғамның ДББҰ қызметі туралы хабардарлығын арттыруды, сонымен қатар, бүкіл Қазақстанның оқушылары мен мұғалімдері үшін пайдалы онлайн ресурс болуды көздейді.

www.nis.edu.kz

Сайтта әр бір пайдаланушы Зияткерлік мектептерге құжаттарды қабылдаудың басталуы, оқушылар мен мұғалімдерді конкурстық іріктеу, оқушыларды тестілеу, қорытынды аттестаттау нәтижелері, жас мамандарды жұмысқа қабылдау туралы, сонымен қатар мектептерде болатын басқа да маңызды оқиғалар туралы біле алады.

Сайт «Виртуалды мектеп» және «Онлайн сабақтар мен семинарлар» жобаларына ыңғайлы ауысумен қамтамасыз етілген, математика, физика, химия, биология және ағылшын тілі пәндері бойынша «Мұғалімдерге» арнайы бөлім ашылған және сәтті қызмет атқаруда. Бұл негізінде педагогтың виртуалды зертханасы болып саналады. Зияткерлік мектептердің тәжірибелі мұғалімдері өз сабақ жоспарларымен, әдістемелік өзірлемелерімен бөліседі және тәжірибелік сабақтарды көрсетеді. Бұл жерде сыни бағалау, математикалық жарыстар, ғылыми жобалар, ойындар мен тапсырмалар туралы өзекті материалдарды табуға болады.

2014 жылы сайтқа «Білім беруді жаңарту» атты жаңа ірі бөлім енгізілді, ол келесі қосымша бөлімдерден тұрады:

- Тәжірибені тарату,
- Жалпы ақпарат,
- Білім берудің мазмұны,
- Мұғалімдердің кәсіби дамуы,
- Білім беру ресурстары.

Осы бөлімдер арқылы сайтқа кірушілер ДББҰ-ның Зияткерлік мектептерінің тәжірибесін және жаңартылған орта білім беру мазмұнын енгізуге қатысты жұмысымен толық шамада таныса алады.

Сайтқа iPhone, iPad, Android заманауи мобильді құрылғылары арқылы кіруге қол жетімділікпен қамтамасыз етілген.

2014 жылы барлығы сайтта 6 849 571 қараулар (67,3% – тұрақты пайдаланушылар және 32,7% - жаңа пайдаланушылар) болған, ал 2013 жылы веб-ресурсқа 1 146 394 адам кірген.

Назарбаев Зияткерлік мектептерінің (оқушылардың, мұғалімдердің, ата-аналардың, мүдделі тұлғалардың) аудиториясын біріктіру мақсатында Facebook-те ДББҰ-ның ресми беті ашылды. Бейресми платформа өзекті оқиғаларды талқылау, пікірлермен, суреттермен және әр түрлі ақпараттармен алмасу алаңына айналды.

Работа в социальной сети Facebook



Обратная связь:

Охват публикаций: 10 тысяч пользователей
Отметки «нравится»: более 2 тысяч
Обсуждающие: более 500 человек
Перепосты: более 200 человек

Facebook охватывает более взрослую (большая часть пользователей старше 25 лет), чаще деловую и интеллигентную аудиторию (родители учеников), проживающую как в РК, так за рубежом (учеба, работа, постоянное место жительства). Как правило, осведомленные/подготовленные «фейсбуковцы» имеют выраженную гражданскую позицию.

Виталий Фигуринский написал об опыте Назарбаев Интеллектуальных Школ. Как коллега видит свое дело, и какие достижения с ним связаны не только в образовательном плане, но и в области вне образовательных инструментов, опыта, успешной учебы на иностранных языках - все это должно быть хорошим примером для других. Спасибо, очень много будет пользы от статьи. Спасибо за статью в Назарбаев Интеллектуальных Школах.
Публикация · 21.08.2014

Михаил Шибанов отметил, понравился, когда на своем сайте будет опубликован список поступающих 7-классников в лицей г. Алматы. Спасибо.
Публикация · 21.08.2014

Темур Асылжанов А в том смысле только только отзывы по организации учебного процесса, когда на своем сайте не ставится за задачу часто отправлять для учеников время на подготовку дипломной работы, курсы в плане преподавания. Как только что не с 1-го класса набирать.
Публикация · 21.08.2014

Асель Аманжолова Добрый день! Как можно узнать, когда планируется открытие школ в Алматы и какой они будут направленности?
Публикация · 21.08.2014

Назарбаев Интеллектуальные школы. Добрый день, Асель! В г. Алматы открылись две интеллектуальные школы. Фото: интеллектуального и естественнонаучного направлений. О деталях открытия школ и о том, как будет проходить обучение, следите за нашими обновлениями!
Публикация · 21.08.2014

4.2 Оқушылар арасындағы іс-шаралар

Қазмедиа орталығы (ҚМО) базасында Зияткерлік мектептердің және Астана қаласының физика-математикалық бағыттағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің жас корреспонденттері үшін «**Энергия пера**» атты **I Астана медиа-форумы** өткізілді. Медиафорумға 16 оқушы қатысты.

Медиафорум мақсаты Зияткерлік мектеп оқушыларын жан-жақты дамыту, мақалалар, жариялы шығып сөйлеулер жазу, мектеп хабарларын түсіру және бейнероликтер жасау дағдыларын кеңейту болып табылды.

ҚМО-да оқушылар бірегей көп функциялы киноконцерттік кешенді, дыбыс жазбасы мен тираждау студиясын, теледидар бағдарламаларының аппараттық-студиялық кешенін және басқаларды аралады. Медиафорумға қатысушылар «Қазақстан» телерадиокорпорациясының «Алаң», «Таңшолпан», «Әйел бақыты», «Түнгі студия», «Көзқарас», «Біз», «Бетпе бет», «Балапан» бағдарламаларын көрді. Балалар телехабарлар қалай түсірілетіндігін, графика қалай жасалатындығын, «жасыл фон» не үшін керектігін, жүргізушілер эфир басталар алдында не істейтіндігін және осы бүкіл механизмді режиссер қалай ұйымдастыратындығын көру мүмкіндігіне ие болды. Сонымен қатар, оқушылар түсірілім павильондарында болды, онда заманауи қазақ телесериалдары туындайды.

Оқушылар жетекші медиатұлғалармен кездесті, танымал тележурналистерді көрді, олардың шеберханаларымен танысты, қызмет жолы және табысы туралы қызықты сұрақтар қойды.

Ақпараттық-талдамалық бағдарламалардың newsroom дирекциясында танымал журналистер балаларға «Бұқаралық ақпарат құралдарындағы рейтинг», «Жаһанданудағы бұқаралық ақпарат құралдары», «Эфирдегі коммуникациялар тұрғысындағы радиожурналистика», «PR және журналистика», «Теледидардағы авторлық бағдарламалар» тақырыптары бойынша тренингтер өткізді.

Балалар Астана радиосы және Қазақ радиосы студияларына барды, «Кеш жарық», бағдарламасына «Түнгі студия» бағдарламасының эфирін жазуға қатысты. Қазмедиа орталығын аралағаннан кейін, балалар 21-қабатқа көтерілді, онда 2 панорамалық теледидарлық Sky-студия орналасқан. Бұл жерде олардың алдында телехабарлар мен телекөпірлерді түсіру аясы қызметін атқаратын елорданың ұмытылмас келбеті ашылды.

Сонымен қатар, есептік кезеңде Астана қаласының физика-математикалық бағыттағы Назарбаев Зияткерлік мектебінде Назарбаев Зияткерлік мектептері оқушыларының арасында ЭКСПО-2017 дүниежүзілік көрмесіне ұштастырылған **I Ғылыми жобалар фестивалі** сәтті өтті.

16 Зияткерлік мектептің оқушылары өз ғылыми ізденістерін көрсетті, өнертабыстарымен, ғылыми жобаларымен таныстырды, табиғи ресурстарды оңтайлы пайдалану, жерде ең үздік жағдайлар жасау, экология мен табиғатты қорғау идеяларымен бөлісті.

Оқушылардың жұмыстарының ішінде «Қопа көлінің түпкі шөгінділерінің (сапропель) энергия көзі және тыңайтқыштар ретіндегі бірегей мүмкіндіктері», «Энергиямен жабдықтау мұқтаждықтары үшін әуе қозғалтқыштарын конверсиялау», «Жердің геотермалды энергиясын алу және оны қолдану», «Желкенді жел қозғалтқышы», «Балалар алаңынан энергия алу» және көптеген басқа да қызықты идеялар бар.

Жобаларды қарау нәтижелері бойынша байқаудың қазылар алқасы «Баламалы энергетика және экология», «Баламалы энергетика және экономика», «Баламалы энергетика және өнеркәсіп», «Баламалы энергетика және технологиялар» деп аталатын төрт номинация бойынша ұсынылған жұмыстарды бағалады.

Сондай-ақ негізгі номинациялар бойынша жеңімпаздар да құнды сыйлықтарға ие болды, барлық қатысушыларға фестиваль дипломы табыс етілді.

Әр бір ғылыми жұмысқа бейне-визиткалар дайындалды, олар «Казахстанская правда» республикалық басылымының kazpravda.kz ғаламтор сайтында жарияланды.

Бірінші фестивальдің дүниежүзілік ЭКСПО көрмесіне арналуы Қазақстан аумағында экспозицияларды ашу қарсаңындағы символға айналды. Осыған байланысты, «Астана ЭКСПО 2017» Ұлттық компаниясы» АҚ-мен тығыз жұмыс орныққан, ол Шымкент қаласының Зияткерлік мектебі оқушысының үздік жобасына өз меншікті сыйлығын табыс етті.

4.3 БАҚ-пен жұмыс

Есептік кезеңде ДББҰ-ның қызметіне адал БАҚ тізімін кеңейту бойынша жұмыс жалғасты. Бұған қоса, ғаламтор пайдаланушыларының түсініктеріне мониторинг жасау жалғасты.

2014 жылы БАҚ-да компанияның өзекті оқиғалары мен жобалары белсенді түрде жарыққа шығарылды. Негізгі тақырыптар – бастауыш сыныптың мемлекеттік жалпы білім беру стандарты жобасы, ДББҰ -ның тәрбие жұмысы бойынша жобалар, ДББҰ Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы, тамыз конференциясы, ЕХРО-2017 көрмесімен ұштастырылған «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ филиалдарының оқушылары арасындағы «Ғылыми жобалар фестивалі», оқушылардың жетістіктері және басқа да жыл сайынғы мектеп оқиғалары.

Есептік кезеңде **Зияткерлік мектептер туралы:**

- «Казахстанская правда», «Егемен Қазақстан», «Литер», «Айқын», «Время», «Алаш Айнасы», «Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт жастары», «Ұстаздар үні», «Зияткер», «Білімді ел», «Южный Казахстан», «Оңтүстік Рабат», «Айғақ» «Сарыарқа самалы», «Звезда Прииртышья», «Регион KZ», «Ұстаздар», «Ардагер», «Панорама Шымкента», «Шымкент келбеті», «Актюбинский Вестник», «Диапазон», «Ақтөбе» және т.б. **газет-журналдарында 800 астам жарияланымдар жарияланды.**
- «Хабар», «Астана», «24 kz», «1 канал Евразия», «Білім және мәдениет», «Қазақстан Ұлттық арнасы», «Қазақстан-Қызылорда», «Қоғам ТВ», «Отырар ТВ», «Медиа ТВ», ТВК, «Ирбис», Рика ТВ **арналарында 430 теледидар сюжеттері шықты.**
- «Kazpravda.kz», «Zakon.kz», «Tengrinews.kz», «bnews.kz», «kapital.kz», «NurKz», «El.kz», «Матрица.kz», «Kazvesti.kz», «KyzylordaNews». «Otyrar.kz», «Павлодарный», «mediatv», «e-shymkent.kz», «NWS.SU Новости СНГ», «Rambler news», «Новости MAIL.RU», «FORBES.KZ» **сайттарында 556 ғаламтор жарияланымдары жарық көрді.**

БАҚ-мен жұмыс ұйым имиджін нығайтудың маңызды құрамдас бөлігі. Барлық үш бағыт бойынша жұмыс 2015 жылы жалғасатын болады.



5. ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ ДАМУ

Есептік кезеңде **стратегиялық серіктестіктердің тізімі толықтырылған:**

1. Мектептерді халықаралық аккредиттеу бойынша серіктес - **Council of International Schools, Inc./Халықаралық Мектептер Кеңесі** (Нидерланд).
2. PISA халықаралық зерттеу жүргізу аясында жалпы білім беру мектептерінің мұғалімдерін оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту әдістеріне үйретуге арналған жаттықтырушыларды дайындау бойынша әріптес - **«Pearson»** (Ұлыбритания).
3. Мұғалімдермен және оқушылармен алмасу бойынша әріптестік бағдарламаларды ұйымдастыру бойынша әріптестер:
 - **SUPER серіктестік мектептері**, Кембридж университетінің білім беру факультетінің серіктес мектептері (Ұлыбритания);
 - **Америка Халықаралық білім беру жөніндегі Кеңестер** (АҚШ);
 - **Ұлттық патриоттық лицей** (Оңтүстік Корея);
 - **Жалпы ғылыми білім беру мектептері** (Super Science High School) (Жапония)
 - **Болашақ мектептері** (Future Schools) (Сингапур)
4. Шетелдік мұғалімдерді жалдау бойынша серіктестер:
 - **«Oasis Education Ltd»** (Жаңа Зеландия);
 - **«Edvectus Ltd»** (Ұлыбритания).

Бұған қоса, «Бөбек» Ұлттық ғылыми-тәжірибелік, білім беру және сауықтыру орталығы («Бөбек» ҰҒТБСО) және О.А. Жәутіков атындағы Республикалық мамандандырылған физика-математикалық мектеп-интернаты (РМФММИ), Microsoft corporation арасында **Өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.**

«Бөбек» ҰҒТБСО-мен жасалған Меморандум аясында жинақталған тәжірибемен және білімдермен алмасу, орта білім саласында нормативтік-құқықтық актілерге ұсыныстар жасау, республикамыздың педагогтарының біліктілігін арттыру бойынша ынтымақтастық көзделген.

РМФММИ Назарбаев Зияткерлік мектептері тәжірибесінің көрсетілімі бойынша базалық мектеп. Есептік кезеңде Кембриджбен бірлесіп әзірленген бағдарламалар бойынша, сонымен қатар ИБББ енгізу, сыни бағалау жүйелері, тәрбие жұмысы, кітапханаларды дамыту бойынша ПШО деңгейлік курстарында РМФММИ педагогикалық құрамы оқытылды.

Ынтымақтастық аясында **Microsoft corporation** DreamSpark бағдарламалық жасақтамасын (өзірлемелерге және дизайнға арналған құралдар пакеті), Windows Server, Visual Studio Professional бағдарламалық ресурстарына ақысыз қол жетімділік (серверлік жабдықты басқару және бағдарламалау мен әзірлеуде қолданылады) ұсынды.

Білім беру жоспарларының аясында лицензиялар бойынша шығыстарды анағұрлым азайтуға мүмкіндік берген Office 365 бұлтты технологияларына ауысу жүзеге асырылды, бұл сервисті Зияткерлік мектептердің барлық оқушылары мен мұғалімдері пайдаланады.

21 ғасырдағы АКТ-ға оқу ортасын құру үшін Зияткерлік мектептерінің ВЕТТ көрмелеріне қатысуы қамтамасыз етілген. Мектептер заманауи компьютерлік станциялармен, кинектермен, интерактивті едендермен, мобильді Мектеп планшеттерімен жасақталған.

Microsoft Partnerships бағдарламалары аясында Ақпараттық технологиялар кластерінде инновациялық бағыттағы оқыту қайта қаралды. Осы жобаны енгізу бойынша Қарағанды қаласының Зияткерлік мектебі эксперименттік алаңға айналды, оның аясында қалған мектептерді оқушылар арасында, сол сияқты педагогтар арасында ақпараттық-коммуникативті технологиялармен алмасу арқылы педагогтардың – әлем жаңашылдарының кәсіби желісіне қосу мүмкіндігі бар озық технологияларды пайдаланатын инновациялық мектептер ретінде тіркеу көзделген.

6. НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ

2014 жылдың қорытындысы бойынша 17 Зияткерлік мектеп қызмет атқарады.

2015 жылы Алматы, Ақтау, Петропавл қалаларында химия-биология бағытындағы 3 мектепті іске қосу қарастырылды.

Көкшетау, Талдықорған қалаларында Зияткерлік мектептердің 2 жатақханасының құрылысы жалғасуда.

Теруге 29.01.2015 берілді. Басуға __.02.2015 қол қойылды.
Пішімі 60x84/8. Қағаз 115 гр/м². Сандық басылым.
Шартты б. т. __. Таралымы __ дана. Тапсырыс № __
«Педагогикалық шеберлік орталығы» ЖМ типографиясында басылды.
010000, Астана қ., Түркістан көшесі, 2
e-mail: info@cpm.kz, тел.: +7 (7172)-79-71-61

Сдано в набор 29.01.2015. Подписано в печать __.02.2015.
Формат 60x84/8. Маттовая бумага 115 гр/м². Печать цифровая.
Усл. печ. л. __. Тираж __ экз. Заказ № __
Отпечатано в типографии ЧУ «Центр педагогического мастерства»
010000. г. Астана, ул. Туркестан 2,
e-mail: info@cpm.kz тел.: +7 (7172)-79-71-61